Нәтижелерді талқылау. Жүргізілген зерттеу жұмыстары көрсеткендей, Волгоград селекциясының «Приво-1» сорты ноқат дәні мен бұршақ тұқымын пайдалану қазақтың ақбас тұқымының ремонтты бұқашықтары үшін, сонымен қатар олардың амин қышқылдарымен, минералды элементтермен қамтамасыз етілуі есебінен рациондардың толықтығы мен теңгерімділігінің артуына ықпал етеді. Бұл азықтың сіңірілуіне оң әсер етіп, жануарлардың өнімділік сапасын арттырды. Тірі салмақ, орташа тәуліктік қосым динамикасы, салыстырмалы өсу жылдамдығы бойынша ең жақсы нәтижелер рационның құрамында ноқат дәнін алған бұқашықтарда тіркелді. Сондай-ақ, ғылыми-зерртеу жұмыстары көрсеткендей, ремонтты бұқашықтарды ноқатпен азықтандыру 5912 рубль мөлшерінде экономикалық тиімділік алуға мүмкіндік берді.

Қорытынды. Осылайша, дәнді-бұршақты азықтарды пайдалану, соның ішінде бұршақ пен ноқатты ремонтты бұқашықтардың рационның құрамында пайдалану олардың өсу қарқындылығын арттыруға ықпал етті. Мәселен, бұршақ немесе ноқат дәнімен қоректенген бұқашықтардың тірілей салмағы ғылыми-шаруашылық тәжірибенің соңында шаруашылық азықты пайдаланған жануарлармен салыстырғанда, сәйкесінше 3,39% - ға және 5,56% - ға, орташа тәуліктік өсім тиісінше 7,81% - ға және 10,76% - ға артты. Сонымен қатар, топ бойынша бұршақ пен ноқат дәнін қолданудан экономикалық тиімділігі 3452 руб. және 5912 руб. құрады. Жүргізілген зерттеулер негізінде бұқашықтарын өсіру кезінде Волгоград селекциясының «Приво-1» сорты ноқат және бұршақ дәнін пайдалану экономикалық тұрғыда тиімді деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Спивак М.Е., Ранделин Д.А., Жесткова М.О. Влияние новых биологически активных добавок на мясную продуктивность бычков // Известия Нижневолжского агроуниверситетского комплекса: наука и высшее профессиональное образование. - 2011. - № 2 (22). - С. 132-137.

2. Дикусаров В.Г., Шкаленко В.В., Акмалиев Т.А., Андреенко Л.В. Молочная продуктивность коров как фактор, позволяющий оценить сбалансирован-ность и полноценность кормов // Известия Нижневолжского агроуниверситетского комплекса: наука и высшее профессиональное образование. - 2015. - № 4 (40). - С. 97-103.

3. Карапетян А.К., Липова Е.А., Шерстюгина М.А., Шевченко О.С. Разработка и использование биологически активных добавок в кормлении сельскохозяйственной птицы // Известия Нижневолжского агроуниверситетского комплекса: наука и высшее профессиональное образование. - 2014. - № 2(34). - С. 123-126.

4. Чамурлиев Н.Г., Хабаров А.П. Молочная продуктивность и качество молока коров красно-пестрой, черно-пестрой и красной степной пород // Известия Нижневолжского агроуниверситетского комплекса: наука и высшее профессиональное образование. - 2008. - № 4. - С. 123-127.

10. Баймишев Х.Б. Рост и развитие телок голштинской породы // Фермер. Поволжье. - 2017. - № 2 (55). - С. 84-87.

5. Брюхно О.Ю. , Карапетян А.К., Агапова В.Н. Эффективность использования ноқата в кормлении телят // Известия Нижневолжского агроуниверситетского комплекса: наука и высшее профессиональное образование. - 2016. - № 2 (42). - С. 197-204.

8. Николаев С.И., Волколупов Г.В., Водянников В.И., Шкаленко В.В. Влияние биологически активных кормовых добавок «Лактумин», «Лактофит» и «Лактофлекс» на гематологические показатели молодняка свиней // Известия Нижневолжского агроуниверситетского комплекса: наука и высшее профессиональное образование. - 2016. - № 2 (42). - С. 147-152.

7. Москаленко С.П., Васильев А.А., Коробов А.П., Сивохина Л.А. Оптимизация полноценного кормления мясных пород крупного рогатого скота на основе использования местных кормовых ресурсов для юго-восточный микрозоны Саратовской области // Аграрная наука в XXI веке: проблемы и перспективы: матер. VIII Всеросс. научн.-практ. конф. - Саратов, 2014. - С. 250-253.

6. Christodoulou V., Bampidis V.A., Hucko B., Illidia C., Mudrik Z. Nutritional value of chickpeas in rations of broiler chickens // European Poultry Science. Arch.Geflugelk. – 2006. - № 70 (3). - P.- 112-118.

9. Wojcik M., Kosior -Korzecka U., Bobowiec R. Contribution of L+ and D- lactic acid to metabolic acidosis during neonatal calf diarrhea // Med.weter. - 2010. - Vol. 66. - № 8. - P. 547-550.

РЕЗЮМЕ

В настоящее время актуальной является проблема поиска альтернативных источников протеина, недостаток которого становится всё весомее. В связи с этим были проведены исследования по эффективности использования зерна ноқата сорта «Приво-1» волгоградской селекции в рационах ремонтных бычков казахской белоголовой породы в сравнении с зерном гороха в условиях СПК-племзавод «Красный Октябрь» Палласовского района Волгоградской области. По результатам химического, аминокислотного и минерального составов было выявлено, что зерно ноқата сорта «Приво-1» не уступает зерну гороха: по сухому веществу - на 1,03 %, сырому протеину - на 1,1 %, сырому жиру - на 1,15 %, по сумме аминокислот на 2,02 %. Замена гороха на зерно ноқата сорта «Приво-1» способствовала лучшей усвояемости питательных веществ рационов, что отразилось на динамике живой массы, среднесуточных приростах и относительной скорости роста. Начиная с 9-месячного возраста, бычки опытной группы превосходили по живой массе своих аналогов из контрольной на 1,44 кг или 0,59 %, а в конце опыта, в возрасте 18 месяцев, уже на 11,4 кг или 2,09 %. С увеличением живой массы происходило и повышение среднесуточных приростов. Так, этот показатель у бычков

контрольной группы в среднем за весь период опыта находился на уровне 1052,0 г, а у бычков опытной - 1083,5 г, что выше на 2,99 % по сравнению с контролем. По результатам расчета относительной скорости роста подопытных животных также лидировали бычки, получавшие с рационом зерно ноқата сорта «Приво-1». При расчете экономической эффективности было выявлено, что стоимость дополнительного прироста на одну голову в опытной группе составила 2460,00 рублей. На основании результатов проведенных исследований установлено, что использование зерна ноқата сорта «Приво-1» в кормлении ремонтных бычков казахской белоголовой породы положительно повлияло на интенсивность их роста и экономические показатели.

RESUME

Nowadays there is a certain lack of protein in the fodder rations of cattle. It was so necessary to carry out a search for new alternative protein sources. We have studied the use efficiency of the chickpea beans of the variety Privo 1, selected in Volgograd region, in the rations of the remount bull¬calves of Kazakh white-headed breed in comparison with the pease beans under conditions of the breeding farm Krasny Octyabr District Pallasovka Volgograd region. The results of the chemical, amino acid and mineral content analysises have shown that the chickpea beans of the variety Privo 1 do exceed the pease beans in regard to dry substance by1.03 %, to raw protein by 1.1 %, to raw fat by 1.15 %, to the sum of amino acids by 2.02 %. The exchange of the pease beans for the chickpea beans of the variety Privo 1 has assisted a better assimilability of rations nutrients and that fact has had effect on live weight dynamic, average day increases and comparative growth speed. Beginning from the age of 9 months the bull-calves of the test group have exceeded the bull-calves from the control group by 1.44 kg or by 0.59 per cent, and at the end of the test, at the age of 18 months, by 11.4 kg or 2.09 per cent. With the increase of the live weight have increased the average day increases too. So this index by the bull-calves of the control group amounted in the whole test pe¬riod to the level of 1,052.0 g, and by the bull-calves of the test one to 1,083.3 g, and that was by 2.99 per cent higher in comparison with the control one. According to estimation results of the average growth speed of the test animals the bull-calves which have got in the ration the chickpea beans of the variety «Privo 1» were also in the lead. By the efficiency estimation it has been established that the effect of the supplementary increase per head in the control group has amounted to 2,460.00 Roubles. On the ground of the carried out studies results we have established that the use of the chickpea beans of the variety Privo 1 in the feeding of the remount bull-calves has positive effected the intensity of their growth and economic indices.

ӘОЖ 636.32/38:637.5

Есенгалиев К.Г., ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы (РФ), доцент
Траисов Б.Б., ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор
Суханкулова Л.Б., магистрант
Джапарова А.К., Ph.D
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Қазақстан Республикасы

ӘРТҮРЛІ ГЕНОТИПТІ КРОССБРЕД ҚОЗЫЛАРЫНЫҢ ЕТ ӨНІМДІЛІГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Аннотация

Мақалада Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық аудыны, Алғабас ауылдық округі «Қуаныш» шаруа қожалығы жағдайында әртүрлі генотипті кроссбред қозылардың ет өнімділігі көрсеткіштері берілген. Тәжірибе жүргізу үшін кроссбредті қозылардың екі тобы алынды. Бірінші топ ақжайық етті – жүнді саулықтарымен ақжайық етті – жүнді қошқарларын шағылыстырған қозылар құраса, екінші топ ақжайық етті – жүнді саулықтармен куйбышев етті – жүнді қошқарларын будандастырылған қозылар болды. Салыстырмалы түрде қозылардың өсіп-өнуі мен дамуын анықтау үшін туылғанда, 4-4,5 және 7,5-8 айлық уақытындағы салмағын

өлшеу арқылы жүзеге асырылды. Ұшаның морфологиялық құрамын зерттеу үшін жұмсақ бұлшық еті, май және сүйекке айырылды. Алынған нәтижелерге сүйене отырып еттілік коэффициенті анықталды. Жасы үлкейген сайын сойыс шығымы, ұшадағы жұмсақ еттің шығымы және іш майының салмағы көбейетінін атап кету керек. 8 айға дейін сойыс шығымы бірнші топта – 4,9%, ал екінші топта 4,0% көбейді. Жұмсақ ет шығымы тиісінше 0,9% және 0,8% ұлғайды. Бұл жасының ұлғайған сайын бұлшық еттің қарқынды жиналуынан болады, соған тиісінше жасымен бірге еттілік коэффициенті көбейеді. Сонымен қатар еттің химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығы зерттелді. Бірінші және екінші топтағы кроссбредті қозылардың етінің энергетикалық құндылығы арасындағы айырмашылық P>0,999 кезінде 64,9 МДж немесе 2,2% құрады. Бұл жерде куйбышев етті-жүнді қошқарларынан алынған будандардың еті жоғары энергетикалық құндылыққа ие екенін атап өту қажет.

***Түйін сөздер**: кроссбредті қозылар, ақжайық етті – жүнді қой тұқымы, куйбышев етті – жүнді қойы, ет өнімділігі.*

Кіріспе. Етті – жүнді бағыттағы қойлардың жоғарғы бағалы генотиптерін көбейтудің жолдарын табу және оларды ғылыми және өндірістік тәжірибеге кеңінен енгізу қазіргі күннің өзекті мәселесі екені анық.

Етті – жүнді бағыттағы биязылау қойлар тез жетілгіштігімен, жоғары ет өнімділігімен ерекшеленеді және азық шығындарын жақсы өтеп, кроссбредті жүн мен тері шикізатының негізгі көзі болып табылады [1-3].

Өткізілген жұмыстың мақсаты кіріспе будандастыру арқылы ақжайық кроссбредті қойларының ет өнімділігін жақсарту.

Зерттеудің мақсатына «Қуаныш» шаруа қожалығы жағдайында әртүрлі генотипті еркек қозылардың ет өнімділігін анықтау кірді.

Тәжірибеде қолданылған аталық қошқарлар келесідей өнімділікпен сипатталды: ақжайық етті-жүнді тірілей салмағы – 102 кг, жүн қырқымы – 8,0 кг, жүн ұзындығы – 15 см және 48 сапада, ал куйбышев етті – жүнді – 110 кг, 7,5 кг, 13 см және 50 сапа тиісінше.

Тәжірибе жүргізу үшін ақжайық етті – жүнді тұқымының бірінші бонитировкалық кластағы саулықтарынан екі топ құрылды. Тірілей салмағы және жүн өнімділігі бойынша саулықтар өзара ұқсас болды, олардың орташа тірілей салмағы 55,5 кг, жуылмаған жүн қырқымы – 4,3 кг, ұзындығы – 12 см және жіңішкелігі 58 – 56 сапада. Зерттеудегі кроссбредті еркек қозылардың тірілей салмағының орташа тәуліктік салмақ қосуының көрсеткіштері 1−ші кестеде көрсетілген.

1 кесте - Қозылардың тірілей салмағы мен орташа тәуліктік салмақ қосуының динамикасы

Топтар	n	Салмағы, кг			Орташа тәуліктік салмақ қосуы, г	
		Туғанда	4−4,5 ай	7,5−8 ай	Туғаннан 4−4,5 айға дейін	4−4,5 айдан 7,5−8 айға дейін
I	94	4,42±0,11	30,58±0,23	36,10±0,51	218	55
II	96	4,65±0,13	32,26±0,22	37,35±0,54	230	51

Алынған нәтижелердің талдауы бойынша енесінен айырғанда және 7,5−8 айлығында жоғары тірілей салмақты куйбышев етті – жүнді қошқарларынан алынған қозылар тобында байқалды. 4−4,5 айлығында екінші топ қозылары өзінің қатарластарынан 1,28 кг немесе 4,42% артты (P>0,99) (2 кесте).

2 кесте - 4−4,5 айлық еркек қозылардың сойыс көрсеткіштері

Көрсеткіш	Топтар	
	I	II
Салмағы, кг		
сояр алдындағы	32,50±0,34	34,70±0,31
булы ұша	14,40±0,21	15,70±0,25
іш май	0,65±0,07	0,74±0,08
сойыс	15,00±0,12	16,40±0,18
Сойыс шығымы, %	46,10±0,27	47,30±0,31
Жұмсақ ет шығымы, %	77,10±1,13	79,3±1,26
Сүйек шығымы, %	22,9±0,28	20,7±0,29
Еттілік коэффициенті	3,36±0,12	3,84±0,17

Екінші топ еркек қозыларының тірілей салмағы бойынша артықшылығы жоғары өсу қарқынымен ерекшеленді. Оларда туғаннан 4−4,5 айға дейін аралығында орташа тірілей салмақ қосуы жоғары болды, 4−4,5 айдан 7,5−8 айға дейін де өсу қарқыны бірініші топқа қарағанда жоғары болды.

4−4,5 айлығында әрбір топтан 3 бас еркек қозыдан бақылау сойыс жүргізілді. Бақылау сойыс нәтижелері 2 кестеде көрсетілген.

Сойыстан кейін қозылардың булы ұша салмағы 14,4-15,7 кг, сойыс салмағы – 15,0 -16,4 кг құрады. Сойыс шығымы 46,1-тен 47,3% дейін құрады. Бір тәулік аш ұстағаннан кейін сояр алдындағы тірілей салмақ екінші топ еркек қозыларында жоғары болды – 34,7 кг, бірінші топқа қарағанда 2,2 кг артық.

Булы ұшаның жоғары салмағы екінші топта – 15,7 кг, бірінші топқа қарағанда 9,2% жоғары. Бұл топта сонымен қатар жоғары сойыс салмағы болды. Сойыс шығымы екінші топта 47,3% құрады, біріншімен салыстырғанда 2,6% жоғары.

Ұшадан етті сылап алғаннан кейін ұшадағы жұмсақ етпен сүйектің қатынасы анықталды. Жұмсақ еттің көп шығымы 79,3% екінші топта болды, сәйкесінше осы топта сүйектің үлесі төмен – 20,7%. Сүйектерінің ірілігімен екінші топ қозылары ерекшеленді. Ұшадағы сүйектердің үлесі екі топтада 22,9-20,7% аралығында ауытқыды, ал жұмсақ етінің үлесі 77,1-79,3% құрады. Тиісінше еттілік коэффициенті екінші топта – 3,84 болды. 4−4,5 айында енесінен айырғаннан кейін қозылар әртүрлі қырдың шөптерінен тұратын жақсы шөп жабыны бар күзгі жайылымдарда 7,5−8 айына дейін жайылды (кесте 3).

Топтардағы қозылардың тірілей салмағы 42,0 кг-нан 44,2 кг-ға дейін құрады. Сояр алдындағы жоғары тірілей салмақ екінші топ кроссбредті қозыларында – 44,2 кг болды, бірінші топпен салыстырғанда 2,2 кг немесе 5,2% жоғары.

3 кесте - 7,5−8 айлық еркек қозылардың сойыс көрсеткіштері

Көрсеткіш	Топтар	
	I	II
Салмағы, кг		
сояр алдындағы	42,00±0,71	44,20±0,71
булы ұша	19,19±0,82	20,55±0,68
іш май	1,16±0,04	1,19±0,03
сойыс	20,035±0,80	21,74±0,88
Сойыс шығымы, %	48,40±0,72	49,20±0,79
Жұмсақ ет шығымы, %	77,8	79,9
Сүйек шығымы, %	22,20±0,71	20,10±0,73
Еттілік коэффициенті	3,50±0,11	3,97±0,15

Ең ірі булы ұшалар екінші топ еркек қозыларынан алынды, олардың салмағы орташа 20,55 кг құрады, бірінші топ булы ұшаларынан 7% артық. Іш майының көп мөлшері куйбышев

етті – жүнді тұқымының қозыларында болды, оның салмағы 1,19 кг, бірінші топ қозыларына қарағанда 2,6% жоғары болды. Екінші топ кроссбредті қозыларында сойыс шығымы – 49,2%, бірінші топ қозыларына қарағанда 1,7% жоғары. Екінші топта жоғары жұмсақ ет шығымы белгіленді - 79,9%, сүйек шығымы 20,1%, еттілік коэффециенті – 3,97. Жасы үлкейген сайын сойыс шығымы, ұшадағы жұмсақ еттің шығымы және іш майының салмағы көбейетінің атап кету керек. 7,5−8 айға дейін сойыс шығымы бірінші топта – 4,9%, ал екінші топта 4,0% көбейді. Жұмсақ ет шығымы тиісінше 0,9% және 0,8% ұлғайды. Бұл жасының ұлғайған сайын бұлшық еттің қарқынды жиналуынан болады, соған тиісінше жасымен бірге еттілік коэффициенті көбейеді.

Еттің азық – түлік ретінде құндылығы құрамындағы ақуыздар мен энергетикалық құндылығына байланысты. Қозы етінің химиялық құрамын анықтау үшін жұмсақ етінің талдауы жүргізілді (4 кесте).

4 кесте - Кроссбредті қозы етінің химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығы

Топтар	Жұмсақ еттің құрамында				Энергетикалық құндылығы, МДж
	су	ақуыз	май	күл	
4−4,5 ай					
I	63,3±0,39	17,9±0,29	17,9±0,66	0,9±0,05	2256,5±2,68
II	62,2±0,46	17,7±0,26	19,2±0,81	0,9±0,05	2432,7±2,92
7,5−8 ай					
I	60,3±0,38	16,2±0,29	22,5±0,69	1,0±0,03	2894±2,72
II	60,1±0,37	16,0±0,30	23,0±0,71	0,9±0,04	2958,9±2,86

Топтардың орташа көрсеткіштерінде құрғақ заттың мөлшері 36,7 – 37,8% құрады.

Зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді биометриялық өңдеу кезінде ылғалдың,ақуыздың, майдың және минералдық заттардың алатын үлесі бойынша топтардың көрсеткіштері арасында анық байқалатын айырмашылық табылмады. Нақты айырмашылықтар 1 кг еттің энергетикалық құндылығын салыстыру барысында анықталды. Екінші топтағы будандарда 1 кг еттің құрамында 2432,7 МДж қуат құрады, бұл бірінші топтың көрсеткішімен салыстырғанда 176,2 МДж артық, дәлдігі P>0,999. 7,5−8 айлық кроссбредті қозылардың етінің химиялық құрамын зерттеу барысында будандардың жасы ұлғайған сайын етінің құрамындағы ақуыздың мөлшері азайып, майдың мөлшері көбейгені анықталды. Бұл ағзада бұлшық ет массасының түзілуі белсенді жүретінімен, ал жасы өскен сайын организмде майдың шоғырланатынымен түсіндіріледі.

Бірінші және екінші топтағы кроссбредті қозылардың етінің энергетикалық құндылығы арасындағы айырмашылық P>0,999 кезінде 64,9 МДж немесе 2,2% құрады. Бұл жерде куйбышев етті-жүнді қошқарларынан алынған будандардың еті жоғары энергетикалық құндылыққа ие екенін атап өту қажет.

Қорытынды. Осылайша кроссбредті қозыларды бақылау сойысы кезінде барлық әдістерде енесінен айырғаннан кейінгі 4−4,5 айлық қозылардан салмағы 14,4-15,7 кг болатын ұшалар алынды, ал 7,5−8 айлығындағы ұшалардың орташа салмағы 19,19-20,55 кг тең болды, олар куйбышев етті-жүнді қошқарларынан алынған будандар.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кройтер М.К. Генетико – селекционные аспекты разведения кроссбредных овец. – Алма-ата, 1977. – 296 с.

2. Траисов Б.Б. Акжаикские мясо – шерстные овцы // Овцы, козы, шерстяное дело. – 2013. - №3. – С. 4-6.

3. Ульянов А.Н., Куликова А.Я., Катаманов С.Г. Создание пород овец мясо – шерстного и мясного направления продуктивности // Эффективное животноводство. – 2017. - №5. – С. 44-47.

РЕЗЮМЕ

В статье приведены данные мясная продуктивность кроссбредных ягнят разных генотипов в условиях крестьянского хозяйства «Куаныш» сельского округа Алгабас, Акжайского района, Западно – Казахстанской области. Для проведения опыта были отобраны две группы кроссбредных ягнят. Первую группу составляли ягнята полученные от скрещивания акжаикских мясо – шерстных маток с баранами акжаикской мясо – шерстной породы, вторая группа – помесные ягнята полученные от скрещивания акжаикских мясо – шерстных маток с баранами куйбышевской мясо – шерстной породы. Для сравнительного определения роста и развития ягнят проводилось взвешивание при рождении, в 4-4,5 месяца и в 7,5-8 месяцев. Для исследования морфологического состава тушу разделили на мякоть, жир и кости. По полученным данным вычислили коэффициент мясности. Стоит отметить, что с возрастом увеличивается убойный выход, выход мякоти и масса внутреннего жира. Убойный выход к 8 месяцам в первой группе увеличился до 4,9%, а во второй до 4,0%. Выход мякоти соответственно увеличился до 0,9% и 0,8%. Это связано с интенсивным набором мышц, соответсвтенно вместе с возрастом увеличивается и коэффициент мясности. Так же исследовалась энергетическая ценность мяса кроссбредных ягнят. Разница между энергетичекой ценностью мяса кроссбредных ягнят первой и второй группы составил 64,9 МДж или 2,2% при P>0,999. Стоит отметить, что высокой энергетической ценностью обладало мясо помесей полученных от баранов куйбышевской мясо – шерстной породы.

RESUME

The article presents data on the meat productivity of crossbred lambs of different genotypes in conditions the «Kuanysh» farm of the rural district of Algabas, Akzhayk district, West Kazakhstan region. For the experiment were selected two groups of crossbred lambs. The first group consisted of lambs obtained from crossing Akzhayk meat - wooll sheeps with rams Akzhayk meat - wool breed, the second group - crossbred lambs obtained from crossing Akzhayk meat - wool sheeps with rams Kuibyshev meat - wool breed. For a comparative determination of the growth and development of lambs, weighting was carried out at birth, at 4-4.5 months and at 7.5-8 months. To study the morphological composition of the carcass was divided into pulp, fat and bones. According to the data was calculated the coefficient of meatiness. It is worth noting that with age the slaughter yield, pulp yield and weight of internal fat increase. Slaughter yield to 8 months in the first group increased to 4.9%, and in the second to 4.0%. The yield of pulp, respectively, increased to 0.9% and 0.8%. This is due to an intense set of muscles, respectively, along with the age increases the coefficient of meatiness. The meat energy value of crossbred lamb was also studied. The difference between the meat energy value of crossbred lambs of the first and second groups was 64.9 MJ or 2.2% with P>0.999. It should be noted that the meat of hybrids obtained from rams of the Kuibyshev meat - wool breed possessed a high energy value.

УДК 636.2.81

Жылкышыбаева М.М.[1], кандидат биологических наук
Жамалов Б.С.[2], кандидат сельскохозяйственных наук
Джунусова Р.Ж.[1], магистр
Онгаркулова А.Е.[1], магистр
[1]НАО «Казахский национальный аграрный университет», г. Алматы, Республика Казахстан
[2]ТОО «Казахский научно – исследовательский институт животноводства и кормопроизводства, г. Алматы, Республика Казахстан

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ ВОСПРОИЗВОДСТВА МОЛОЧНОГО СКОТА

Аннотация

При однократном осеменении при привязном содержании коров стельными стали 66%, при беспривязном 70%. Еще одно преимущество беспривязного содержания над привязным, как показали результаты опыта, - сокращение сервис-периода на 12 дней.

Изучены влияние скармливания бета-каротина на воспроизводительные качества коров голштинской породы в условиях КХ «Айдарбаев» Алматинской области. Установлено, что

скармливание препарата бета – каротина улучшило оплодотворяемость коров опытной группы по сравнению с контролем.

Ключевые слова: *голштинская порода, воспроизводство, искусственное осеменение, сервис – период, кормления, плотность, препарат.*

Введение. Эффективность разведения отечественного и импортного молочного скота во многом определяется воспроизводительными качествами коров [1, 2].

Установлено, что при промышленной технологии производства молока (групповое и беспривязно-боксовое содержание, круглосуточный поточный процесс доения, плотность постановки животных, концентратно-силосный тип кормления) у 7% коров отмечены трудные отелы, у 21% - задержания последов, у 63% — эндометриты. Результативность осеменения составляет 42%, продолжительность сервис-периода – от 130 дней до 160 дней. Все эти нарушения затрудняют получение 100 телят от 100 коров [3].

Отрицательная взаимосвязь продуктивности с плодовитостью обусловлена влиянием факторов внешней среды [4].

Среди различных методов стимуляции воспроизводительной функции важнейшее место даже в жестких условиях промышленной технологии занимают естественные средства воздействия: полноценное кормление, инсоляция, моцион. Правильное кормление и эксплуатация животных обеспечивают не только высокую продуктивность и хорошее здоровье, но и нормальное течение беременности, родов, полноценную половую охоту и оплодотворение в конце послеродового периода. Наряду с этим, как показывает практика, активный моцион в сочетании с естественной инсоляцией - сильнейший биологический стимулятор жизнедеятельности организма, в том числе и половой функции [5, 6].

Воспроизводительную функцию самок можно также активизировать гормональными, нейротропными, витаминными, тканевыми и другими препаратами. Наибольший интерес из них представляют синтетические аналоги гонадотропин рилизинг-гормонов (Гн_Рг) гипоталамуса — простагландины и ГСЖК. Следует отметить, что препараты эффективны только при нормальной упитанности, биологически полноценном и разнообразном кормлении и соответствующем содержании самок, при правильном выращивании молодняка, системном контроле за результатами осеменения. Внедрение в практику передового научного опыта удается значительно повысить интенсивность использования маточного поголовья.

Цель научно-производственных исследований было изучение влияния различных факторов (технология содержания, кратность осеменения, использование бета – каротина в скармливании коров) на результативность искусственного осеменения высокоудойных коров.

Объект и методы исследований. Исследования провели на коровах голштинской породы с надоем в 2018 г. 6500 - 8400кг и жирностью 3,88-3,95%, разводимые в КХ «Айдарбаев» Енбекшиказахского района Алматинской области

Для определения влияния различных технологий содержания на послеотельное состояние коров по принципу пар аналогов подобрали две опытные группы по 50 голов в каждой. Первая группа находилась на привязи, а вторая — на беспривязном содержании. В обеих группах осеменение проводили однократно.

Результаты исследования Проведенные исследования показали, что результативность осеменения независимо от технологии содержания оказалось одинаковой. Так, из осемененных 50 коров на привязи стали стельными 32, а из 50 содержащихся беспривязно — 35. Отличительная особенность беспривязного содержания — свободное передвижение животных в любое время суток. Это хорошо сказывается на их состоянии после отела. Инволюция половых органов в производственных условиях заканчивается через 40–60 суток (таблица 1).

Таблица 1 - Влияние технологии содержания на результативность осеменения коров

Содержание	Осеменено	Стали стельными		Сервис - период
		гол	%	
Привязное	50	33	66,0	107
Беспривязное	50	35	70,0	95

При однократном осеменении при привязном содержании коров стельными стали 66%, при беспривязном 70%. Еще одно преимущество беспривязного содержания над привязным, как показали результаты опыта, - сокращение сервис-периода на 12 дней.

Показатель результативности осеменения - индекс осеменения (число осеменений на одну стельность). При привязном содержании индекс осеменения составляет 1,4, при беспривязном — 1,7. Такие показатели — в пределах нормы.

Если доля животных, осемененных в ранние сроки после отела, повышается, то снижается уровень зачатий по стаду, а индекс осеменении увеличивается. При этом сервис-период уменьшается, что благоприятно сказывается на выходе телят от 100 коров.

Установлено, что высокая продуктивность коров голштинской породы имеет отрицательную связь с их воспроизводительными качествами. Во многом это обусловлено наряду с генетическими факторами, уровнем и полноценностью кормления, обеспечением организма каратиноидами.

Нами в опытах по скармливанию бета-каротина изучено влияние этого препарата на воспроизводительные качества коров (таблица 2).

Таблица 2 - Сервис – период у коров опытных и контрольных групп при скармливании бета-каротина в сухостойный период

Группы	Сервис – период, дней	Прогноз получения телят
опытная	79	92
контрольная	103	84

Скармливание препарата бета – каротина улучшило оплодотворяемость коров опытной группы по сравнению с контролем.

Сервис период составил в опытной группе 79 дней, в контрольной 103 дня. В дальнейшем для повышения иммунного статуса коров в наиболее ответственные периоды продуктивной жизни при высоком уровне удоев скармливали бета-каротин в сухостойный период в течение 14 дней (за 25 суток до отела).

Для проведения осеменения голштинских коров однополым семенем были использованы животные, пришедшие в охоту естественно (33 гол.), а также коровы из числа не пришедших в половую охоту после отела в течение 2,5-3 месяцев (13 гол.). Результаты представлены в таблице 4.

Таблица 4 - Результаты осеменения и стельности коров

Показатели	1-группа (голштинская)		2-группа (голштинская)	
	n	%	n	%
Отобрано и проведено искусственное осеменение	33	100	13	100
Повторная охота	18	54,5	7	53,8
Стельные	10	30,3	6	46,1
Не стельные	5	15,2	-	-

Как видно из данных таблицы 4, по естественной охоте (1-группа) было осеменено однополым семенем 33 гол голштинских первотелок, из них в течение двух половых циклов повторно пришли в охоту 18 гол. По истечению 2,5 мес. (70-75 дн.) при ректальном исследовании 10 гол. были признаны стельными (30,3%) и соответствовали дате осеменения. По 2 группе первотелки голштинской породы, гормонально обработанные прогестагеном, из 13

гол. повторно осеменено 7 гол, а 6 гол. при ректальном исследовании оказались стельными, что составило 46,1%.

У первотелок черно-пестрой породы гормональная стимуляция была проведена у 15 гол. все пришли в половую охоту, и их своевременно искусственно осеменили. По истечении 18-26 дней повторно осеменено 6 голов или 40%. При ректальном исследовании через 2,5 месяцев 9 голов были признаны стельными, что составило 60%.

Осемененных однополым замороженно-оттаянным семенем у первотелок, гормонально обработанных прогестагеном, плодотворность осеменения была выше на 15,4% и 30,1%. Результаты осеменения напрямую зависели от времени созревания фолликуллов в яичнике и времени проведения искусственного осеменения.

По воспроизводительным показателям коровы черно – пестрой голштинской породы по первой лактации показали следующие результаты:

сервис-период – 95,24±8,11дня (Cv=42,53%);

продолжительность лактации - 323,82±7,58дня (Cv=13,59%);

сухостойный период – 56,97±2,2 дня (Cv=18,01%);

по второй лактации:

сервис-период – 134±10,64дня (Cv=61,55%);

продолжительность лактации – 328,0±7,4дня (Cv=17,75%);

сухостойный период – 59,15±1,46 дня (Cv=10,69%);

по третьей и старше лактации:

сервис-период – 124,23±5,9 дня (Cv=62,9%);

продолжительность лактации – 351,24±6,97дня (Cv=26,04%);

сухостойный период – 62,29±2,3 дня (Cv=49,12)%;

Одним из перспективных направлений в селекции крупного рогатого скота является выведение высокопродуктивных животных и получение отёла в раннем возрасте.

Направленное выращивание телок и их раннее использование для племенных целей имеют большое значение, так как при этом сокращается непродуктивный период у коров, уменьшается интервал между поколениями и ускоряется оценка быков по качеству потомства.

Распределение по Н.А.Плохинскому (1969) полов телят у коров 10-ти отёлов.

Число бычков (p) 0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Число тёлочек (q) 10 9 8 7 6 5 4 3 2 1 0

Число матерей (n) 1 2 12 37 32 66 59 30 9 2 1

Всего коров n=251

Среднее число бычков на приплод от каждой коровы составило:

$$x = \frac{n \times p}{n} \qquad (1)$$

X=(1·0 +2·1+12·2+37·3+32·4+66·5+59·6+30·7+9·8+2·9+1·10): 251=
(0+2+24+111+ 128+330+354+210+72+18+10)=1259:251=5,02. (5,0159).

Доля бычков в потомстве 251 коровы

$$p = \frac{1259}{10 \times 251} = 0{,}50$$

Доля тёлочек в потомстве 251 коровы

q=1-p=1-0,50=0,50 (p, q- частоты альтернативных признаков).

Используя формулу бинома Ньютона $(p + q)^n$ и построив треугольник Паскаля, определили теоретическое распределение матерей.

Теоретическое биноминальное распределение будет следующим:

Число бычков в приплоде 0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Распределение матерей

(фактическое) 1 2 12 37 32 66 59 30 9 2 1

Распределение матерей

(теоретическое) 0 2 10 30 52 63 52 30 10 2 0

Фактическое распределение приплодов разных коров из 10-ти телят по числу бычков близко к теоретическому биноминальному распределению (рисунок 1)

О скороспелости животных судят по срокам наступления половой зрелости. На сроки наступления половой зрелости у тёлок, кроме генетических, большое влияние оказывают многие паратипические факторы, главным из которых является кормление. Ремонтным тёлкам необходимо выпаивать не менее 320-350 кг молока.

Недостаток цельного молока в молочный период не компенсируется последующим полноценным кормлением.

У таких животных сроки наступления половой зрелости задерживаются до 12 и более месяцев. Это важное положение подтверждается многочисленными опытами.

В период полового созревания в организме тёлок происходит сложная перестройка. Увеличивается количество гонадотропных гормонов и под их влиянием усиленно развивается не только половая система, но и молочная железа, поэтому признак скороспелости животных является очень важным, особенно для черно-пестрой и черно – пестрой голштинской породыпороды.

Достижение половой зрелости ещё не свидетельствует о том, что тёлки готовы к воспроизводству. Кроме способности к оплодотворению необходимо, чтобы организм был подготовлен к вынашиванию плода, отёлу и лактации.

До настоящего времени остается дискуссионным вопрос об оптимальном возрасте тёлок (рисунок 2) к моменту их оплодотворения, несмотря на то, что исследования в этом направлении проводились и проводятся в Казахстане и во многих странах мира.

Английские специалисты считают, что тёлки, выращиваемые на племя, должны расти и развиваться очень быстро.

Тем не менее, они не советуют получать приплод от нетелей, которым меньше 23 месяцев, так как в этом случае снижается их последующая продуктивность.

Многие учёные считают, что между возрастом половой зрелости и возрастом хозяйственной зрелости существует разрыв в 8-10 месяцев и на основании этого сложилось представление, которое выдается, чуть ли не за биологический закон, что тёлки достигают хозяйственной зрелости не раньше 17-18 месяцев и это положение закреплено во многих нормативных документах.

В многочисленных научных работах отмечается, что на формирование молочной продуктивности большое влияние оказывает не возраст тёлок, а их живая масса и рекомендуется осеменение при достижении живой массы 380-400кг. Установлено, что при увеличении живой массы к оплодотворению тёлок на 50кг удой за первую лактацию повышается на 500 кг.

В хозяйствах Алматинской области более 40% тёлок к 18-ти месячному возрасту не соответствуют требованиям стандарта породы по живой массе. Даже в племенных хозяйствах имеется молодняк, который отстаёт в росте и развитии, что приводит к увеличению периода выращивания животных до стадии коровы и первый отёл у них происходит в возрасте трёх лет и старше.

Анализ молочной продуктивности за первую и наивысшую лактации в зависимости от возраста плодотворного осеменения тёлок показал, что от 8092 коров за первую лактацию получено по 3133кг молока жирностью 3,82% и 3,37% белка и при живой массе 465 кг, а за наивысшую лактацию, соответственно, по 4493кг, 3,79%, 3,35% и 531кг (таблица 5).

Больше половины тёлок (60,9%) оплодотворяется в возрасте 19-24 месяца, у 395 тёлок, или 4,9% - плодотворное осеменение наступало до 16-ти месячного возраста и 1260 тёлок, или 15,6% оплодотворялось в возрасте двух лет.

Достоверных различий по основным селекционным признакам между группами животных, осеменённых в раннем возрасте, не выявлено.

Таблица 5 - Продуктивные признаки коров в зависимости от возраста осеменения тёлок

Возраст тёлок при оплодот-ворении, мес.	Всего животных, гол	лактация	Удой за 5 мес лактации, кг		Молочный				Живая масса	
			M±m	Cv,%	жир, %		белок, %		M±m	Cv,%
					M±m	Cv,%	M±m	Cv,%		
До 16	30	I	3015±42,1	27,8	3,81±0,01	4,2	3,36±0,01	4,2	465±2,5	10,7
		наивысш.	4602±69,8	25,5	3,79±0,01	4,1	3,36±0,01	4,4	536±3,4	9,9
16-18	50	I	2997±24,8	31,8	3,82±0,01	5,2	3,36±0,01	5,9	463±1,1	9,2
		наивысш.	4539±39,5	26,8	3,79±0,01	4,5	3,33±0,01	6,5	539±1,7	9,0
19-21	100	I	3165±16,0	26,9	3,82±0,01	5,4	3,38±0,01	6,2	467±0,8	9,1
		наивысш.	4543±26,8	23,6	3,78±0,01	5,5	3,35±0,01	6,8	534±1,2	8,2
22-24	120	I	3210±16,5	28,4	3,82±0,01	5,6	3,36±0,01	6,2	465±0,8	7,9
		наивысш.	4430±29,0	22,4	3,80±0,01	4,7	3,36±0,01	7,1	527±1,5	8,9
25 и ст.	76	I	3133±25,4	28,8	3,80±0,01	4,7	3,37±0,02	8,8	465±1,3	9,9
		наивысш.	4418±38,1	23,5	3,79±0,01	3,6	3,36±0,01	3,2	523±2,1	10,4

За первую лактацию удой был ниже у коров, осеменённых в возрасте до 18-ти месяцев, а за наивысшую лактацию удой были выше при раннем осеменении животных.

Выводы. Беспривязное содержание, активные моционы, культурные пастбища — важные условия эффективного использования животных. Соблюдение этих условий способствует повышению продуктивности и успешному выполнению поставленных задач по воспроизводству стада.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Алентаев А.С., Смаилов С.Д., Баймуканов Д.А., Абдрахманов К.Т. Продуктивность заводского типа «ADAL» черно-пестрого скота АО «Агропромышленная Компания «АДАЛ» // Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан. 2017. - №5. – С. 125- 140.

2. Alentayev A.S., Baimukanov D.A., Smailov S.D., Semenov V.G., Abdrakhmanov K.T., Begaliyeva D.A., Omarov M.M. Efficiency of breeding of the alatau breed of brown cattle in the «Adal» agro-industrial company JSC // Bulletin of national academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. 2018. - Volume 5. - № 375. - P. 12-29. - https://doi.org/10.32014/2018.2518-1467.2.

3. Баймуканов Д.А., Родионов Г.В., Юлдашбаев Ю.А., Алентаев А.С., Дошанов Д.А. Технология содержания молочного скота и производства молока. – Алматы: Эверо, 2016. - 252 с.

4. Алентаев А.С., Баймуканов Д.А. Эффективность разведения черно – пестрого скота в Алматинской области // Современные аспекты развития сельского хозяйства юго-западного региона Казахстана: сб. матер. междун. научно – практической конференции. - Шымкент: Алем, 2018. – С. 253-255.

5. Бегалиева Д.А, Алентаев А.С, Баймуканов Д.А. Влияние типа телосложения чернопестрых коров на формирование удоя молока // Актуальные проблемы сельского хозяйства горных территорий: матер. междунар. научн.-практ. конф. – Горно-Алтайск: РИО ГАГУ, 2017. – С. 127 -130.

6. Баймуканов Д.А., Алентаев А.С., Умирзаков Б.У. Влияние технологии доения и содержания коров черно-пестрой породы на продуктивность телок // Аграрное образование и наука 21 века: вызовы и проблемы развития: матер. междунар. научн. – практ. конф., посв. 150 – летию МСХА имени К.А.Тимирязева. – Москва: РГАУ – МСХА имени К.А.Тимирязева, 2015. –С.46-48.

ТҮЙІН

Байламсыз моционы, жайылымдар ұстау, белсенді, тиімді өнім алудың кепілі. Сондықтан мал табынының өз төлін өсіру өнімділігі мен қойылған міндеттерді ойдағыдай орындауына осы шарттардың сақталуын арттыруға ықпал етеді.

RESUME

Loose housing maintenance, active exercises, cultural pastures are important conditions of effective use of animals. Observance of these conditions promotes increase in efficiency and successful performance of objectives on reproduction of herd.

ӘОЖ 632.9

Ирзағалиев Қ.С.[1], ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор
Калиева А.Я.[1], аға оқытушы
Казиева А.С.[2], жаратылыстану ғылымдарының магистрі
[1]Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
[2]ҚР АШМ АӨК МИК Атырау облыстық аумақтық инспекциясы, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ АХУАЛЫ

Аннотация

Біздің елімізде жыл сайын үйірлі шегірткелермен күресу үшін пестицидтерді бүрку арқылы химиялық әдіс қолданылады. Фитосанитариялық мониторинг жүргізу өсімдіктерді қорғау саласындағы басты фактор болып табылады. Өңірдегі зиянкеске қарсы күрес шараларының құрамына мониторинг, ерте анықтау, табылған ошақ туралы жедел түрде тиісті органдарға хабарлау, оны жедел түрде қаперге алу, ақпараттар жинағы мен болжам жасау, төтенше жағдайға жан-жақты дайын болу, жергілікті халық арасында жеке гигиена және қауіпсіздік шаралары туралы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, тиімді пестицидтерді таңдау, өсімдік қорғау шараларын қоршаған ортаға залал келтірмеу мақсатында барлық жауапты органдарды жұмылдыра жан-жақты бақылау және т.б. алдын алу шаралары енеді. Яғни, өсімдіктерді зиянды организмдерден қорғаудың «превентивті» тәсілі бүгінгі таңдағы шегіртке зиянкесімен күрес шараларының ішіндегі бірден-бір ұтымдысы болып табылады. Бұл шараның пайдалы тұсы - шабындықтар мен егістік жерлерге шегірткеден келер залалды азайту.Бұл дегеніміз ауыл халықының әлеуметтік жағдайына, азық-түлік қауіпсіздігі мен қоршаған ортаға келер қауіпті, сонымен қатар шегірткеге қарсы жүргізілетін іс-шаралар шығынын азайтуға оң әсерін тигізеді.Осыған байланысты жақын арада өндіріске талдау жүргізу ережелерін автоматтандыруды енгізу,зиянкестердің дамуы мен таралуын болжау, географиялық ақпараттық жүйе(ГАЖ) технологиясын дамыту арқылы зерттеу әдістерін жетілдіру ұсынылады.

Түйін сөздер*: фитосанитариялық мониторинг, ЭЗШ(экономикалық зияндылық шегі), пестицидтер, географиялық ақпараттық жүйе технологиясы, JPS – навигаторлар, гексакоптер (дрондар).*

Бүгінгі таңда агроөнеркәсіп кешенін «ақылды технологиялар» арқылы қарқынды дамытуды жаңа технологияларды трансферттеумен қатар,оларды отандық жағдайға бейімдеу,аграрлық ғылымды дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында осы мәселеге ерекше тоқталып,сала қызметкерлеріне нақты тапсырмалар берді [1].

2050 жылға қарай жер бетіндегі халық саны 10 млрд-қа дейін жетеді деген болжам бар. Соған байланысты, халықты өсімдік өнімімен қамтамасыз ету үшін өнімділікті 75 пайызға дейін арттыру қажеттігі туындайды. Ауыл шаруашылығынан сапалы және мол өнім алу үшін көптеген факторлар қажет, өсімдік қорғау шаралары осы факторлардың ішіндегі ең маңыздысы болып табылады. Себебі дүниежүзілік егін шаруашылығында өндірілген егін шығынының 27,6% зиянды организмдермен зақымдалады екен.

Өсімдік қорғау саласының басты құжаты Қазақстан Республикасының «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңында басты міндеттер болып:

мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету;
- фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу кезінде пестицидтердің адам денсаулығына зиянды әсерінің, ауыл шаруашылық өнімі, қоршаған орта ластануының алдын алу және оларды болдырмау екендігі аталып көрсетілген [2]. Өкінішке орай, осы кезге дейін

ауыл шаруашылығы дақылдарын, жайылымдар мен шабындық өсімдіктерін зиянды организмдерден қорғау мәселесі, негізінен, аса жылдам, әрі үнемді тәсіл ретіндегі химиялық құралдарды жаппай қолдану есебінен шешіліп келеді.Алайда, халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға пестицидтерден болатын залал қаншама десеңізші.

Ауылшаруашылығы дақылдарының ерекше қауіпті зиянды организмдері саналатын үйірлі шегірткелерге қарсы ұйымдастырылатын іс-шаралардың тиімді жақтарын електен өткізіп, болашақта адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізбейтін әдістерін ғылыми тұрғыда дәлелдеп, өндіріске енгізу сала мамандарын толғандыратын мәселеге айналып отыр.

Зиянды организмдердің ішінде «ерекше қауіптілер» тізіміне енгізілген шегіртке тұқымдастарының өсімдік шаруашылығына тигізер залалы мол. Олар тамақ талғамайды, сондықтан оларды көпқоректі зиянкестерге жатқызады. Шегіртке тұқымдас зиянкестердің биологиясы мен оларға жүргізілетін зерттеу, есеп жүргізу әдістері, күрес тәсілдері бойынша әр елдің ғалым мамандарының еңбектері жетерлік. Алайда, бұл зиянкес түрімен жыл сайын химиялық күрес шаралары ұйымдастырылып, қаншама адам жұмылдырылып, қаражат бөлініп жатқанымен олардың таралу ареалы азаяр емес.

Атырау облысында осы үйірлі шегірткелердің азиялық шегіртке және италияндық прус деп аталатын түрлерінің табиғи ошақтары бар.Өңірдің соңғы жылдардағы егістік жерлеріне көз жүгіртер болсақ, жылдан жылға олардың көлемі азайып барады. Бағбан қолы тимей, игерусіз жатқан жерлеріміз шегіртке зиянкестерінің дамып көбеюіне, кейіннен басқа аймақтарға ұшып таралуынаөте қолайлы. Ерте көктемде соқа тиіп, егін салу үшін жер өңделген болса, зиянкестің 5-10 см тереңдікте топыраққа салған жұмыртқалары ашылып қалып, зиянкес санын азайтуға септігін тигізген болар еді.

Өңірдегі зиянкеске қарсы күрес шараларының құрамына мониторинг, ерте анықтау, табылған ошақ туралы жедел түрде тиісті органдарға хабарлау, оны жедел түрде қаперге алу, ақпараттар жинағы мен болжам жасау, төтенше жағдайға жан-жақты дайын болу, жергілікті халық арасында жеке гигиена және қауіпсіздік шаралары туралы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, тиімді пестицидтерді таңдау, өсімдік қорғау шараларын қоршаған ортаға залал келтірмеу мақсатында барлық жауапты органдарды жұмылдыра жан-жақты бақылау және т.б. алдын алу шаралары енеді [3,4]. Яғни, өсімдіктерді зиянды организмдерден қорғаудың «превентивті» тәсілі бүгінгі таңдағы шегіртке зиянкесімен күрес шараларының ішіндегі бірден-бір ұтымдысы болып табылады. Бұл шараның пайдалы тұсы - шабындықтар мен егістік жерлерге шегірткеден келер залалды азайту, бұл дегеніміз ауыл халықының әлеуметтік жағдайына, азық-түлік қауіпсіздігі мен қоршаған ортаға келер қауіпті, сонымен қатар шегірткеге қарсы жүргізілетін іс-шаралар шығынын азайтуға оң әсерін тигізеді.

Зиянкеспен қоныстанған барлық аумақты жер үсті зерттеулері қамти алмайды, сондықтан популяцияның кейбір бөлігі табылмай қалу қаупі бар, ол аймақ өңдеусіз қалып, кейін жаппай көбейіп шығуы мүмкін. Шегіртке тұқымдастардың жаппай көбею қаупіне байланысты фитосанитариялық мониторингтің ауқымды дұрыс жүргізілуі маңызды болып табылады. Химиялық өңдеу шараларын уақтылы ұйымдастыру үшін зиянды түрлердің дамуы мен көбеюіне жүйелі бақылау да жүргізілуіп, ауыл шаруашылығы жерлеріндгі шегіртке тұқымдастарының тұрақты ошақтарын анықтап, оларға мониторинг пен болжамдық зерттеулер күшейтілуі қажет. Бұл аймақта зиянкестің фенологиясына байланысты зерттеу жүргізу мезгілі де аса маңызды болып табылады. Зиянкестің даму үрдісі айтарлықтай жылдам жүретіндіктен, оларға қарсы жүргізілетін шараларға нақты шешім қабылданып және зерттеуге қиындық туғызатын шалғай аймақтарды тез арада қамти отырып жүргізілуі қажет.

Облыс аумағында жыл сайын итальяндық прус пен азиат шегіркесіне қарсы жерүсті және әуе тәсілдерімен химиялық өңдеулер жүргізіліп келеді. Республикалық бюджеттен жыл сайынғы қорғану шараларына (пестицидтерді сатып алу, кедендік құжат рәсімдеу, сақтау, тасымалдау, қорғау шаралары т.б.) қомақты қаржы бөлініп жұмсалады.

Осы ретте, соңғы бес жылдың және 2019 жылғы болжам мәліметтерін көрсете отырып, үйірлі шегірткелердің экономикалық зияндылық шегінен (ЭЗШ) асқан, яғни химиялық өңдеуді

талап ететін қоныстанған көлемі биылғы жылға дейін біраз кемігендігін көруге болады (1 кесте).

1 кесте - Облыс бойынша шегірткелер қоныстанған жерлерді химиялық өндеуден өткен жер мың гектар көлемі

Жылдар	2014	2015	2016	2017	2018	2019 болжам
Химиялық өңдеуден өткен жер көлемі (мың га) -барлығы	133,0	75,6	24,6	19,53	28,76	8,64
азиат шегірткесі	23,35	32,85	7,93	5,36	4,31	3,82
Итальян прусы	109,65	42,75	16,67	14,17	22,45	4,82

Дегенмен,облыс аумағында автокөлік қозғалысына қиындық тудыртатын құмайт шағылдар мен қамысты қопа аймақтар қаншама. Біздің облыстың жер бедері республиканың басқа аймақтарымен салыстыруға келмейтіндей құмды шағыл, қала берді теңіз жағалаулары биіктігі 6-7 метрге дейін жететін қалың ну қамысты алқаптар. Тайсойған, Нарын құмдары мен Каспий теңізі жағалауын алып жатқан қамысты алқаптарда шегіртке мекенін анықтаймын деп жүріп, мамандар келеңсіз жағдайларға ұшырап қалуы әбден мүмкін. Аталған аймақтарда шын мәнінде жер жыртылып, адам қолы тимегендіктен, нағыз шегіртке зиянкесінің дамып–жетілуі мен өсіп–өнуі, одан әрі басқа жерлерге таралып көбею қаупі жоқ емес.

Тайсойған құмы Қызылқоға ауданының жерінде жарып шыққан Ойыл және Сағыз өзендері аралығын бойлай 85 км-ге жуық созылып жатқанқұмды алқап, енді жері 60 км, жалпы ауданы 2,4 мың километр квадрат. Нарын құмы Каспий маңы ойпатының Солтүстік-Батыс бөлігінде Еділ мен Жайық өзендері арасында орналасқан. Құрманғазы, Исатай аудандары және Батыс Қазақстан облысының Бөкей Ордасы, Жаңа қала және Ақжайық аудандарының оңтүстік бөлігін қамтиды, аумағы 40 мың км кв. Құмды өңір орта есеппен теңіз деңгейінен 21 метр төмен жатыр.

Атырау облысының осындай қол жетімсіз аймақтарында 2012 жылы шегіртке тұқымдастарының ұшу және жұмыртқа салу кезеңінде зерттеуге қиындық туғызатын жерлерде (Жайық, Қиғаш өзендерінің жайылмасы, Теңіз жағалауы мен аралшықтар) авиамониторинг жүргізілген болатын. Көріністер фотоға түсіріліп, JPS-пен анықталған координаталары карта бетіне түсіріліп, шегіртке зиянкесінің ішкі миграция координаталары белгіленді. Зертеу жұмыстары тәуелсіз әуе компаниясы «КазАвиа» ЖШС-нің 2 дана дельталеттерімен жүргізілді.

Жүргізілген авиамониторингтің арқасында жер үсті көлігі жете алмайтын жерлерде итальяндық прустың 8,3 мың және азиаттық шегірткенің 10,5 мың гектар жерде жаңа ошақтары анықталып, өңделетін аумақ түгелдей қамтылды. Соның арқасында, 1-кестеде көріп отырғандай, жыл сайынғы химиялық өңдеуден өткен жер көлемі жылдан жылға кеміп келді [5].

Осындай эксперименталдық зерттеулер әр аймақта жүргізіліп, кейін өндіріске енгізілмей қалып жатыр. 2013 жылы №10 «Защита и карантин растений» журналында Қазақтың ғылыми-зерттеу институтының өсімдік қорғау және карантин саласы бойынша жетекші ғылыми қызметкері Ж.Б.Ниязбековтың мақаласы жарық көрді. 2013 жылы республиканың оңтүстігінде мароккалық шегірткенің стациясының мекені радиомен басқаратын ұшқышсыз ұшатын аппаратпен (БПЛА) фотосуретке түсірілді. Алынған фотосуреттер арқылы жайылымдықтарда кіші жас сатысындағы шегіртке тұқымдастарының таралу траекториясын байқауға болатындығы белгілі болды. Зерттеу көрсеткіштері зиянкес ошақтарын, қолданатын пестицидтердің көлемін, олардың тиімділігін шынайы уақыт режимінде анықтауға мүмкіндік береді. Жабдық жиынтығына заманауи құрылғы түрлері мен жоғарғы технологиялық ұшу бақылаушысы енгізілген. Бұл аппарат жердің цифрлық картасына қондырғының (БПЛА) жүретін маршрутын компьютерлік бағдарлама арқылы жобалайды. Визуалды бақылау жүргізу үшін түсірілген суретті жерге жіберіп отыратын қозғалмалы камера қолданылынды. Суретті

шығарып алу үшін экран ретінде видеокөзілдірік пайдалынылды. Суретке түсіру үшін фотоаппарат, кеңейтілген түсіру құрылғысы және ноутбук пайдаланды.

Австралиялық шегірткелердің дернәсіл кезіне үнемі бақыла жүргізіп отыру мақсатында осындай жоғарыдан зерттеу жұмыстары Австралияда да жүргізілген. Ол үшін мамандар мен әскери офицерлерден зерттеу топтары құрылған. Әскери ұшақтар пайдаланылып 300-500 метр биіктікте таң атқаннан күн батқанға дейін әр сағат сайын алынған көрсеткіштер - олардың зияндылық түрі, орналасқан жер көлемі, зиянкестің жүру жылдамдығы т.б. жазылып отырылған. Зиянкес жүріп өткен жерлердегі тигізген зияндылығын осындай биіктіктен де көруге болатындығы аэрофототүсірілімден байқауға болады.

При описании основных отличий линии жеребца Палуанторы 136-91 мугалжарской породы, что они по степени выраженности линейных особенностей не были ниже 95%, низкий коэффициент вариации C_v-1,8 у жеребцов и 0,6 у кобыл свидетельствует о выравненности по типу телосложения и по живой массе по линии. Соответственно это демонстрирует высокий уровень однородности животных данной линии по всем основным признакам. Дальнейшее разведение животных линии дало возможность получать потомство, способное обеспечивать устойчивую передачу по наследству высокого генетического потенциала родоначальника, выражающегося в гармоничном телосложении, крепкой конституции, высокой мясной продуктивности, неприхотливости к условиям содержания на круглогодовом выпасе без подкормки в неблагоприятные периоды года.

Показатели по однородности в линии жеребца Палуанторы 136-91 мугалжарской породы характеризующиеся крупностью телосложения и высокой живой массой животных проявляются ярко выраженными линейными признаками и стойкой передачей их потомству. Этим подтверждается стабильность, т.е. что селекционируемые хозяйственно-полезные признаки наследуются в линии соразмерно их выраженности у родоначальника.

Создание конкурентоспособной высокопродуктивной заводской линии Палуанторы 136-91 мугалжарской породы отличающейся высокой приспособленностью к условиям круглогодового пастбищно-тебеневочного содержания, адаптивностью к условиям ареала разведения, как в Казахстане, так и в странах ближнего зарубежья имеет огромную ценность для коневодческих хозяйств Республики в деле качественного преобразования местных табунных лошадей.

Обсуждение результатов. В результате проведения НИР создана конкурентоспособная высокопродуктивная заводская линия жеребца Палуанторы 136-91 мугалжарской породы отличающейся высокой приспособленностью к условиям круглогодового пастбищно-тебеневочного содержания, адаптивностью к условиям ареала разведения, как в Казахстане, так и в странах ближнего зарубежья имеет огромную ценность для коневодческих хозяйств Республики в деле качественного преобразования местных табунных лошадей.

Взрослые жеребцы характеризуются высокими показателями промеров и живой массы: 147,0-159,6-200,5-20,6 см и 609,5 кг и высокой массивностью – 191,6 и превышают стандарт породы по живой массе на 129,5 кг (27,0 %), а кобылы соответственно: 145,5-157,8-186,4-19,3 см и 509,3 кг и массивность – 165,3 и также превышают стандарт породы на 59,3 кг (13,2%).

Заключение.

1. Создана конкурентоспособная высокопродуктивная заводская линия жеребца Палуанторы 136-91 мугалжарской породы отличающаяся высокой приспособленностью к условиям круглогодового пастбищно-тебеневочного содержания, адаптивностью к условиям ареала разведения, как в Казахстане, так и в странах ближнего зарубежья имеет огромную ценность для коневодческих хозяйств Республики в деле качественного преобразования местных табунных лошадей.

2.Мужское и женское потомство заводской линии Палуанторы по средним показателям промеров, живой массы и индексу массивности и типу телосложения представляет собой животных массивного типа сложения, т.е. с ярко выраженной мясной формой.

3. По абсолютному весу туши и убойному выходу 30-месячные жеребчики заводской линии Палуанторы характеризуются как животные высокой мясной продуктивности. От 30-месячных жеребчиков заводской линии Палуанторы получены туши с массой 235,8 кг при выходе 56,0 %.

4. Суточная молочная продуктивность кобыл линии Палуанторы составляет -15,8 л. и оцениваются как высокомолочные (9 баллов) в условиях пастбищного содержания и отвечают требованиям класса элита по молочности.

В целях повышения генетического потенциала продуктивности мугалжарской породы следует интенсивно использовать жеребцов-производителей заводской линии жеребца Палуанторы.

ТҮЙІН

Ақтөбе облысында қысы-жазғы жайылым жағдайында жанадан шығарылған етті-сүтті бағытындағы мұғалжар жылқы тұқымының Палуанторы атты айғырының аталық ізіне зоотехникалық сипатттама берілген.

RESUME

The zootechnical characteristics of the new factory line of the stallion Paluantory of Mugalzhar breed of meat and dairy productivity, bred in Aktobe region, are given in conditions of year-round pasture maintenance.

УДК 636.082.2

Санова З.С., кандидат сельскохозяйственных наук
Федеральное государственное бюджетное научное учреждение «Калужский научно-исследовательский институт сельского хозяйства», с. Калужская опытная сельскохозяйственная станция, Российская Федерация

МОЛОЧНАЯ ПРОДУКТИВНОСТЬ КОРОВ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ПРОДУКТИВНОСТИ СВОИХ РОДИТЕЛЕЙ

Аннотация

В статье изложены результаты изучения молочной продуктивности коров в зависимости от продуктивности своих родителей в племенном репродукторе ООО «Красный комбинат» Козельского района Калужской области на общем поголовье 1236 коров сычевской породы. С учетом анализа молочной продуктивности коров разного возраста в зависимости от продуктивности матери отца даны рекомендации для дальнейшего подбора производителей для стад разводящих сычевскую породу. Анализ продуктивности коров по последней законченной лактации в зависимости от продуктивности матери отца показал почти абсолютно такую же закономерность, как по первой и третьей лактациям. Оптимальная продуктивность матерей быков для данного стада 8001-10000 кг молока. %. Отмечено, что с увеличением продуктивности матери отца свыше 10000 кг молока наблюдается снижение продуктивности дочерей по всем анализируемым лактациям.

Ключевые слова: *порода, удой, жир, белок, мать отца, коэффициент молочности.*

Введение. В практике животноводства давно известно, что высокопродуктивное животное дает в среднем более лучшее потомство, чем низкопродуктивные. На этом и основан отбор животных по продуктивности родителей, как один из главных методов улучшения продуктивных качеств скота [1]. Молочная продуктивность коров зависит от генетических и фенотипических факторов. К группе генотипических факторов относятся кровность животных, генотипические особенности отцов, линейная принадлежность, продуктивность родителей [3].

Знание племенной ценности и продуктивности родителей является одним из факторов, обеспечивающих успех селекционно - племенной работы по совершенствованию продуктивных свойств молочного скота с использованием быков голштинской породы [2, 4].

В настоящее время изучение влияние уровня продуктивности спариваемых родителей на удой своих дочерей разных генотипов имеет определенное значение [5].

Подбирая биологически однородных родителей, надо учитывать влияние материнского организма. При чистопородном разведении оно может быть не так контрастно, как при скрещивании. Преобладание свойств материнского или отцовского организма при развитии наследственных свойств у потомства во многом зависит от консервативности наследственности, возраста, состояния здоровья и упитанности родительских особей. Для правильного прогноза дальнейшей работы со стадом необходимо дать точную и объективную оценку селекционно - племенной работы в стаде. В этой связи было проведено изучение влияния уровня удоя матерей отцов за первую и третью лактации на продуктивность дочерей в одном из племенных хозяйств Калужской области.

Методика исследований. Для проведения исследования была создана компьютерная база данных, в которую вошли сведения о продуктивности 1236 голов сычевской породы в ООО «Красный комбинат» Козельского района Калужской области, каждая из которых имела как минимум первую законченную лактацию и полностью завершенный цикл производственного использования. Коровы являлись дочерями 40 быков сычевской пород, в исходной выборке оцениваемые варианты имели 20 и более дочерей.

Результаты и обсуждение исследований. Данные, характеризующие продуктивность и живую массу коров по лактациям в зависимости от продуктивности матери отца, представлены на рисунке 1 и 2.

Анализ данных на рисунке 1 и 2 показывает, что продуктивность матери отца до 8000 кг молока оказала отрицательное влияние на удой по 1 лактации и он составил по группам 3919-4661 кг молока с содержанием жира в молоке 3,98-4,05% и белка 3,13-3,19%. Тогда как коровы продуктивность матерей отцов которых была 10000 кг молока и выше имели по I-ой лактации удой 4788 кг молока жир 4,19% и белок 3,28%. Наивысшая молочная продуктивность по I-ой лактации была в группе коров с продуктивностью матери отца в диапазоне 8001-10000 кг молока и составила 4803 кг молока с содержанием жира 3,99% и белка 3,14%.




Рисунок 1 - Удой за 305 дней I-ой лактации и живая масса в зависимости от продуктивности матери отца




Рисунок 2 - Содержание жира и белка в молоке коров 1-ой лактации в зависимости от продуктивности матери отца

Что касается удоя дочерей по III - ей лактации, то по нашему мнению, сложилась ситуация схожая с предыдущей, но хотелось бы отметить, что наивысшая продуктивность отмечена в группе животных с продуктивностью матери отца в диапазоне 8001-10000 кг молока. В то же время, от коров с продуктивностью матери отца до 6000 кг надоили 4947 кг молока при жирности 4,03%о, белковомолочности 3,17% (рисунок 3).




Рисунок 3 - Молочная продуктивность коров по 3 лактации в зависимости от продуктивности матери отца

Рассчитанный коэффициент молочности у коров 3-ей лактации был наибольшим с продуктивностью матери отца от 6000 до 8000 кг молока и наименьшим 871 кг у коров с продуктивностью матери отца менее 6000 кг (рисунок 4).




Рисунок 4 Коэффициент молочности коров по 3-ей лактации в зависимости от продуктивности матери отца

Анализ продуктивности коров по последней законченной лактации в зависимости от продуктивности матери отца показал почти абсолютно такую же закономерность, как по первой и третьей лактациям.

Заключение. Дочери отцов, матери которых имели продуктивность ниже 6000 кг молока по последней законченной лактации, имели удой 4885 кг молока, жирностью 4,19%, белковомолочностью 3,27%. Увеличение продуктивности матери отца от 6001 кг до 10000 кг молока привело к значительному увеличению продуктивности дочерей от 5606 кг до 5896 кг молока с содержанием жира 4,24%, белка 3,28%. С увеличением продуктивности матери отца свыше 10000 кг молока наблюдаем снижение продуктивности дочерей по всем анализируемым

лактациям. Оптимальная продуктивность матерей быков для данного стада 8001-10000 кг молока.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Дуйшекеев О. Новое в селекции молочного скота. – Бишкек: Кыргыстан, 1990. – 98 с.

2. Горелик О.В., Санова З.С., Федосеева Н.А., Новикова Н.Н., Тинаева Е.А. Анализ селекционно - генетических признаков у коров разного возраста // Аграрный вестник Урала.- 2018. - №12. – С.33-38

3. Шаркаева Г.А. Молочная продуктивность коров комбинированных пород // Теория и практика современной науки. – 2017. - №2(20). – С.672-675

4. Санова З.С., Федосеева Н.А., Делян А.С. Селекционно-генетические параметры выраженности признаков молочной продуктивности коров породы шведеш ред // Вестник Мичуринского государственного аграрного университета. - 2018.- №1. - С.78 -81.

5. Шайдуллин Р.Р., Шарафутдинов Г.С., Сибагатуллин Ф.С. Степень влияния родителей на продуктивность коров дочерей // Концепт. – 2013. – Т. 3. – С. 536–540

ТҮЙІН

Мақалада Калужск облысы Козель ауданы «Красный комбинат» ЖШҚ асыл тұқымды репродукторында өз ата-аналарының өнімділігіне байланысты сычев тұқымының 1236 бас сиырларының сүт өнімділігін зерттеу нәтижелері баяндалған. Әр жастағы сиырлардың сүт өнімділігінің талдауын есепке ала отырып, әкесі шешесінің өнімділігіне байланысты өсіретін сычев сиырлар тұқымы үшін өндірушілерді одан әрі іріктеу үшін ұсынымдар берілді. Соңғы аяқталған лактация бойынша сиырлардың өнімділігін талдау әке шешесінің өнімділігіне байланысты бірінші және үшінші лактация бойынша дерлік заңдылықтарды көрсетті. Осы табын үшін бұқа шешелерінің оңтайлы өнімділігі 8001-10000 кг сүт.Әкесінің анасының өнімділігі 10000 кг-нан жоғары болғандықтан, барлық талданатын лактация бойынша қыздардың өнімділігі төмендегені байқалады

RESUME

The article presents the results of the study on milk productivity of cows depending on productivity of their parents in the breeding farm, OOO "Red mill" Kozelsky district of Kaluga region on the General population 1236 cows sychevskaya breed. Taking into account the analysis of milk productivity of cows of different ages, depending on the productivity of the mother of the father, recommendations for further selection of producers for herds of breeding Sychevsky breed are given. Analysis of productivity of cows for the last completed lactation depending on the productivity of mother father showed almost the same pattern as the first and third lactations. The optimal productivity of mothers of bulls for this herd is 8001-10000 kg of milk. %. It is noted that with the increase in the productivity of the father's mother over 10,000 kg of milk, there is a decrease in the productivity of daughters for all analyzed lactations.

ӘОЖ 636. 372.251

Тулебаев Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент
Смагулов Д.Б., PhD, доцент м.а.
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Қазақстан Республикасы

ҚОЙЛАРДЫҢ КӨБЕЮ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ МЕН ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Аннотация

Мақалада заманауи зерттеулер мен шаруашылықтардың озық тәжірибесіне сүйеніп романов тұқымының өнімділік, биологиялық, физиологиялық ерекшеліктері мен көбею қабілеттілігі ғылыми тұрғыдан жан-жақты сипатталған. Авторлар олардың гендік қорын

елімізде өсірілетін жергілікті қой тұқымдарының көбею қабілеттілігін жақсартып, саулықтардың төлдегіштігінің көрсеткіштерін жетілдіру жолымен барынша көп төл алып, бағлан мен жас қой етін өндіру мен экономикалық тиімділікті арттыру туралы ұсыныстарымен бөліскен. Сонымен қатар бұл тұқымның жаңа мол өнімді етті-тондық типінің артықшылықтарын дәлелдейтін мәліметтерге де қой өсірушілердің назарын аударған. Романов саулықтарын еділбай қошқарларымен өнеркәсіптік будандастырудың еркек тоқтылардың ет өнімділігіне әсерін баяндап, Батыс Қазақстан аймағы жағдайында бұл әдісті кеңінен қолданудың кемел келешегіне тоқталған. Қазақстан Республикасының Ақмола облысының Зеренді ауданында романов тұқымының қойларын өсірудің оң нәтижесі мен көршілес Ресей Федерациясының Самара облысы Кинель ауданының «Степь» ЖШҚ табиғаты мен ауа райының жағдайының Батыс Қазақстан облысынына ұқсастығы мен территориялық жақындығына сүйеніп, «Kazakh Meat Industry» ЖШС-інің «Бордақылау алаңы бар 40000 бас қойға арналған қой шаруашылығы» инвестициялық жобасын жүзеге асырылуына жан-жақты қолдау жасап, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ жанынан құрылған жобалық офистің ғалым-кеңесшілерінің ғылыми қамтумен айналысатынын тілге тиек еткен.

***Түйін сөздер**: поликүйлегіштік, көптөлдегіштік, көбею қабілеті, жерсінгіштік, гендік қор, романов тұқымы, табынды толықтыру.*

Кіріспе: Қойлардың өнімділігін арттыру, асылтұқымды өнімнің сапасын жақсарту – қой шаруашылығын дамытудағы көкей кесті мәселе.

Романов қойлары әлемдік гендік қордың аса құнды тұқымы. Бұл тұқым алыс және шет елдердің қой тұқымдарының өнімділік сапаларын арттыруға кеңінен қолданылуда. Өкінішке орай соңғы кезде романов тұқымының қойларының өнімділігі мен қозылардың өкпе ауруларына қарсы тұрғыштығы төмендеп кеткені байқалады [1].

Романов қойларының мал асылдандырудағы маңызы болашақта өте зор. Себебі олардың теңдесі жоқ тондық қасиеттері, қысқалау қара қылшықтары мен 2,5-3 см ұзындау ашық түсті түбітіне байланысты қалыптасады.

Сапасы жоғары жабағысында әр қылшыққа 5-7 түбіт талшықтары келеді және одан ұзындау болып өсіп, ұштары орамданған ұсақ тұлымшаларды қалыптастырады.

Қоюлығы жақсы жүнніңнің 1 $см^2$ терісінде 2800 талшық саналады, сонымен қатар қысқалау қылшық түбіттің төменгі қабатымен бірге қою сеңсең терінің негізін қалап, жүнді ұйысып қалудан сақтайды.

Жабағының ерекше құрылымы жоғары жылу сақтау қабілеттерін қамтамасыз етеді және жұқа мездрамен бірге әлемде бәсекелесі жоқ қой терісін қалыптастырады.

Бір жыл ішінде романов қойлары үш рет қырқылады – көктемде, жазда және күзде, бұл маусымдық түлеуіне байланысты, ал қырқулар кешіктірілсе жүннің сапалары төмендейді. Бір қошқардан 3 кг дейін, ал саулықтан 1,5 кг дейін жүн қырқылады.

Жоғары көптөлдегіштігі, поликүйлегіштігі, бір саулыққа есептегендегі жоғары ет шығымы тағы да басқа ерекшеліктері өнімділік қасиеттерінің жиынтығы бойынша оларды әлемде алдыңғы орындардың біріне шығарады [2, 3].

Аталық іздер өсірудің әдісі биологиялық мәні - ұнамды типтің қойларының шаруашылыққа пайдалы белгілерін сақтап қалуда және әрі қарай күшейтуде екенін есте сақтаған жөн [4,5].

Төлдегіштігінің көрсеткіштері жоғары болуы романов тұқымының атын шығарып, әлемге әйгіледі. Төлдегіштік бойынша тұқым стандарты 220% [5].

Ресейлік ғалымдардың [6] зерттеулерінде саулықтардың аталық іздерден тарауы мен жасы олардың төлдегіштігіне шынайы әсерін тигізеді. Мысалы, 18, 267, 3 аталық іздердің саулықтарының төлдегіштігі шынайы жоғары болды бір саулыққа есептегенде 2,75, 2,5 және 2,38 қозы алынды тиісінше. Қанды биохимиялық зерттеудің нәтижелері жаңа етті-тондық сүленің еркек тоқтыларының иммунитеті мен табиғи резистенттілігінің жоғары екенін көрсетті [4-6].

Батыс Қазақстанда өсірілетін түрлі қой тұқымдарының өнімділіктерін зерттеген ғалымдар ғылыми еңбектерінде [7-9] бағлан және жас қой етін өндіруді молайтуға үшін

саулықтардың көбею қабілеттілігін арттыру мақсатында тәуір әлемдік гендік қорды ұтымды пайдалануды ұсынған.

Зерттеу әдістемесі: Зерттеулер Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданының Егіндікөл ауылдық округінің аймағында әкелінетін романов тұқымының қойларымен, жалпы қабылданған зоотехникалық және биохимиялық әдістерді қолданып өткізіледі.

Бақылау және тәжірибе топтары жұптар-аналогтар әдісімен құрылады және олардың саны зерттеулердің мақсаты мен міндеттеріне сай анықталады.

Қойлардың көбею қабілеттілігі, бейімделгіштігі, жерсінуі, резистенттілігі және өнімділігінің көрсеткіштері жасына, ата-тегіне, дене бітім типтеріне байланысты зерттеледі.

Қойлардың көбею қабілетіне зерттеп баға бергенде келесі көрсеткіштер анықталады:ұрықтандырылған саулықтардың саны, бас; бірінші ұрықтандырудан нәтижелі ұрықтанған саулықтардың саны; саулықтардың ұрықтанғыштығы, %; барлық туылған қозылардың саны, бас; соның ішінде тірі туылған қозылардың саны, бас; өлі туылған қозылардың саны, бас; саулықтардың төлдегіштігі, %; жаңа туылған еркек қозылардың орташа тірілей салмағы, кг; жаңа туылған ұрғашы қозылардың орташа тірілей салмағы, кг.

Саулықтардың төл көтеру мерзімінің ұзақтығын ұрықтандырылған және қоздаған күндерінің аралығындағы уақытпен анықталады, бұл ретте ұрықтандырылған және қоздаған күндері бір күн болып есептеледі.

Зерттеу нәтижелері: Романов тұқымының қойларының басты ерекшелігі – еліміздің және басқа да шет елдердің ұлан байтақ жерлеріне, әртүрлі аймақтарында жерсіну, бейімделу және адаптациялық әлеуетінің үлкен екендігінде. Бұл қойлардың жүн жабыны қыста қатты аяздардан, жазда аптап ыстықтан қорғайды, сонымен қатар оларға төтенше ыстық пен суыққа жақсы бейімделуге мүмкіндік береді.

Көршілес Ресей Федерациясының шаруашылықтарында романов тұқымының асыл тұқымды қойларының саны 19,1 мың бас (бұл ауылшаруашылық кәсіпорындарындағы барлық қойлардың 29,5% құрайды), соның ішінде саулықтар 7,5 мың бас.

Асыл тұқымды романов тұқымының қойларын өсіретін аймаққа Ресейдің 13 аймағы кіреді. Бірақ олардың ең көп үлесі келесі өңірлерге тиесілі: Ярослав облысында (10 шаруашылықта 8167 бас асыл тұқымды қой, соның ішінде 2959 саулықтар), Рязан облысында (2 шаруашылықта, 2162 бас қой және соның ішінде 810 саулық) және Москва облысында (1 шаруашылықта 1453 қой және соның ішінде 753 саулық).

Осы мақаланы жазу үшін Самара облысы Кинель ауданы Бобровка селосындағы асыл тұқымды репродуктор «Степь» ЖШҚ (жауапкершілігі шектеулі қоғамында) романов тұқымының қойын өсіру технологиясын зерттеп, зерделедік, қойлардың биологиялық ерекшеліктеріне, өнімділігіне, қозы өсіру, саулықтарды азықтандыру, бағып-күту, қолданудың қыр-сырына қанықтық. Бұл сапарымызға түрткі болған еліміздің кәсіпкерлерінің романов тұқымының қойларын өсіріп, қой шаруашылығы өнімдерін өндіруге қызығушылық танытуы және етті-тондық қой шаруашылығын ғылыммен қамтуға қатысуымыз туралы ұсыныстар жасауы.

«Kazakh Invest» АҚ, «Қазақстанның ет одағының» тағы басқа бизнс құрылымдарының өкілдері қатысқан, өңір басшысы Алтай Көлгіновтың төрағалығымен 2018 жылдың 19 қарашасында өткен Батыс Қазақстан облысының инвестициялар тарту кеңесінде «Kazakh Meat Industry» ЖШС орындаушы директоры Амантай Мурзагалиев «Бордақылау алаңы бар 40000 бас қойға арналған қой шаруашылығы» инвестициялық жобасының таныстырылымын қорғады және қолдау тапты. Аталмыш қой шаруашылығы кешенінің сипаттамасы келесі 1 кестеде берілген.

1 кесте - Егіндікөлдегі романов қой шаруашылығы кешенінің жобалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Мәні
Қой шаруашылығы кешенінің орналасуы	БҚО, Қаратөбе ауданы, Егіндікөл
Инвестициялардың жалпы көлемі, млрд тенге	1,7
Инвестиция салымдарының өтелу қайтарылымы, жыл	3
Қой шаруашылығы кешеніндегі барлық қойлар, бас	40000
Асыл тұқымды репродуктордың саулықтары, бас	5000
Тауарлық қойлар, бас	35000
Қой шаруашылығының жалпы жер көлемі, га	25000
Асыл тұқымды репродуктордың жер көлем, га	100
Жайылымдар, га	15000
Шабындықтар, га	10000
Шаруашылықтың түрі	Smart-ферма
Өнім өткізу сегментінің ішкі нарығы	Қазақстан
Өнім өткізу сегментінің сыртқы нарығы	Таяу Шығыс және ТМД елдері

Романов тұқымы Ресейдің Орталық қара жерлі емес аймағының табиғи-ауа-райы жағдайларына жақсы бейімделген солтүстіктік қысқа құйрықты қойлардың тәуір тармағы.

Бұл тұқым Ресейдің бұрынғы Романов-Борисоглеб үйезінде халық селекциясы әдісімен төлдегіштігін жоғарылатуға және қой терісінің сапасын жақсартуға бағытталған сұрыптаумен, сонымен қатар Еділ бойының шалғындарында жақсы ақзықтандыру мен шаруалар аулаларында шағын топтарда бағып-күту жағдайында шығарылған.

Бұл инвестициялық жобаны іске асыру барысында асылдандыру жұмыстарын ұйымдастырғанда негізгі селекциялық белгілер ретінде саулықтардың төлдегіштігіне, қой терілерінің сапасына, олардың ағзасының резистентілігіне, табиғат пен технология жағдайларына бейімделу және көбею қабілетіне назар аудару басты міндеттердің бірі.

Романов тұқымының қойларының көбею қабілеттілігінің негізгі көрсеткіші – саулықтардың төлдегіштігі.

Романов тұқымынының өнімділік және биологиялық ерекшеліктері өте сирек кездесетін қасиеттер: әр 100 аналықтан 270 қозыдан алынады, оларға поликүйлегіштік немесе жылдың кез келген уақытында ұрықтануға және қозылауға қабілеттілік тән.

Бұл тұқымның 100 саулығынан орташа есептегенде 300 қозы алынады, ең көп төлдегіштері тоғыз қозыға дейін туатыны белгілі.

Романов қойларының жоғары өнімділік және өте ғажап биологиялық ерекшеліктерінің арқасында оларды Батыс Европаның көпшілік елдерінде өсіреді. Монголия, Канада АҚШ-да романов қойларын өнеркәсіптік будандастыру жүйесінде, сонымен қатар көптөлдегіштік пен поликүйлегіштікті, жоғары тіршілік қабілеті және мол ет өнімділігімен ұштастыратын жаңа аталық іздер, сүлелер мен тұқымдар құру үшін кеңінен қолданады.

Романов тұқымының қойларын сақтап қалу және жетілдірудің әдістері мен жолдарын іздестіру - ғалымдар мен мамандардың алдындағы зор міндет.

Романов тұқымының қойларының айрықша ерекшелігіне олардың нақты бір кезеңдерде ғана емес, жыл бойы көбейіп ұрпақ беруге қабілеттілігін жатқызуға болады. Бұл физиологиялық ерекшелік бір жылда бірнеше төл алуға, сонымен қатар саулықтардың төлдеуін жылдың жағдайы жақсы уақытқа жоспарлауға мүмкіндік береді.

Көбінесе, екі-үш қозы туатынын ескергенде, қозыларын 7-8 айлығында сойғанда, әр саулыққа есептегенде бір жылда 100 кг жас қой етін және 2-3 жоғары сапалы жабағы өндіруге болады.

Романов тұқымы тез жетілгіш, он үш-он төрт айлығында ұрғашы тоқтыларды ұрықтандыруға болады, олардың төл көтеру мерзімі басқа тұқымдармен салыстырғанда жеті күнге қысқа. Алғашқы өнім бес-алты айлығында тоқты жабағысы мен тондық тері алынса, ал 7-9 айлығында сапалы өте дәмді жас қой еті алынады.

Бұл қасиеттерін толық пайдалану үшін, романов тұқымының қойларын өсірудің қарқынды технологиясын қолдануға ұсыныс жасаймыз.

Тұқымының төлдегіштігі генетикалық тұрғыда айқындалған белгі. Саулықтардың төлдегіштігі және төлді көп өсіру селекцияның тиімділігін арттырудың кепілі, себебі қатал сұрыптаудың және ұрпақтар алмасуын жеделдетудің мүмкіндіктері кеңееді.

Романов тұқымының саулықтарының төлдегіштігі 1, 2, 3, және 4-5 рет қоздағанда тиісінше бір аналыққа есептегенде 2,3; 2,6; 2,6 және 2,7 қозыдан болды. Селекциялық белгілердің ауытқулары мен өзгергіштігі әртүрлі жағдайлардың әсерінен пайда болады, олар ағзаға бір-бірінен тәуелсіз және әртүрлі күшпен ықпалын тигізеді.

Асыл тұқымды романов қойларының өнімділік көрсеткіштері жоғары. Саулықтардың тірілей салмағы 55-60 кг, жүн қырқымы – 1,8-2,8 кг. Жасы толысқан төрт-алты рет қоздаған саулықтардың өнімділік көрсеткіштері жоғары.

Қозылардың туғандағы және саулықтардың алғашқы қозылағандағы салмақтары бойынша сұрыптау тиімді болмақ. Тірілей салмақтың төлдегіштікке ықпалы бар. Бұл екі көрсеткіштің арасында тікелей өз-ара байланыс жоқтың қасы.

Шамасы төлдегіштікке тірілей салмақтан бұрын, саулықтардың ұрықтандыруға дайындығы мен олардың тірілей салмаққа тікелей байланысты қоңдылығының әсері болуы ықтимал.

Бірінші қоздаған саулықтардың төлдегіштігі және бірнеше қозылағандағы орташа төлдегіштіктің арасында оң корреляциялық байланыс бар(+0,895, P>0,999 болғанда). Бұл көрсеткішті ескеріп, саулықтарды көптөлдегіштігі бойынша ерте бағалауды бірінші қозылаудың нәтижелері бойынша жүргізген жөн.

Алғашқы қозылауларында төлдегіштігі жоғары саулықтардың асыл тұқымдылық құндылықтары ерекше жоғары.

Романов тұқымының қойларының жүн жабынының құрылымындағы негізгі ерекшеліктерінің бірі түбітінің қылшықтан ұзын болатыны. Стандартқа сәйкес түбіт қылшықтан 1,5-3,0 см ұзындау. Саулықтардың жүніндегі түбіт пен қылшықтың ара қатынасы 1:7 шамасында (1 қылшық талшығына 7 түбіт талшығы келеді).

Барлық қойлардың дене бітімі мықты, олар қылшық жүнді және жабағылары біркелкі дамыған. Тірілей салмақпен салыстырғанда жүн қырқымының көрсеткіші сыртқы әсерлердің ықпалымен өзгергіштікке аз ұшырайды және үлкен дәрежеде тұқымқуалаушылықпен айқындалады.

Бұл тым ерекше тұқымның генетикалық әлеуеті толық пайдаланылмай жүр. Тұқымды бөлек әртүрлі генотиптік топтарға бөліп өсіру, романов тұқымы қойларының өнімділік сапаларын жақсартудың және молайтудың басты кепілі.

Зерттеу нәтижелерін талқылау: Романов тұқымының теңдессіз ерекшелігін, оның гендік қорының аса құндылығын ескеріп, олардың қандай туыстық топтар мен аталық іздерге жататынынын есепке алып, таза тұқымды өсіру негізгі әдіс болуы шарт.

Саулықтардың төлдегіштігінің өнім өндірудің деңгейін анықтайтындығына байланысты басқа көп селекциялық белгілердің арасында алатын орыны ерекше.

Тұқымның селекциялық белгілерін жақсарту үшін енелерінің төлдегіштігі жоғары төлдерді сұрыптаған жөн.

Бұл тұқымнан тамаша тондық өнім алынынатына қарамастан, оны ет үшін өсіру экономикалық тұрғыда өте тиімді.

Романов тұқымының қошқарларының орташа салмағы 70 кг, кейде 100 кг жетеді, саулықтар 45-50 кг, үш айлық қозылар енесінен айырғанда 17 кг, ал 9 айлығында 40 кг салмақ тартады.

Романов тұқымының жаңа «Пронский» сүлесінің еркек тоқтыларының тірілей салмағы мен орташа тәуліктік өсімі таза тұқымды романов тұқымының қойларынан 13% басым. Жаңа сүленің 9 айлық тоқтыларының сойыс алдындағы салмағы 49,7 кг, булы ұшасының салмағы 24,3 кг, сойыс салмағы – 25,7 кг, сойыс шығымы 51,6 %, ал романов тұқымы бойынша бұл көрсеткіштер тиісінше 45,1 кг, 21,8 кг, 22,6 кг және 50,0% .

Романов тұқымының саулықтарын еділбай тұқымды қошқарлармен ұрықтандырудан алынған 3-8 айлық будан еркек тоқтылардың орташа тәуліктік тірілей салмақ қосуы 32,7%, ал 8-айлығындағы тірілей салмағы 15,2% таза тұқымды жастастарынан басым түсті.

Жаңа туған қозының және бірінші рет қоздаған саулықтардың тірілей салмақтарының арасында, сонымен қатар тірілей салмақ пен жүн қырқымының арасында оң корреляциялық байланыс анықталды. Осы жерде, корреляциялық белгі неғұрлым жоғары болса, олар бойынша сұрыптау да соғұрлым нәтижелі, әрі сәтті болады.

Романов тұқымының гендік қорын еліміздегі қой тұқымдарының көбею қабілеттерін, еттілік және тондық қасиеттерін жақсартуға пайдалану үшін ғылыми ізденістер мен жобалардың әлеуетін кеңейтудің болашағы зор.

Романов тұқымының қойлары Башқұртстаннан еліміздің Ақмола болысының Ерейментауына әкелініп өсірілуде, бағып-күтуі, табиғаты және ауа-райы жағдайларында үлкен айырма болмауына байланысты олардың жерсінуі мен бейімделуі сәтті өтті.

Романов қойларын өсірудің Ақмола облысында жинақталған оң тәжірибесі оларды Батыс Қазақстан аймағына да әкеліп өсіруге ұсыныс жасауға мүмкіндік береді.

Бұл пікірімізді негіздегенде Самара және Батыс Қазақстан облыстарының ортақ шекарасы мен табиғатының арасында онша айырма жоқтығын, сонымен қатар онда қолданылатын технологияны да міндетті түрде трасферттеу барысында отандық ғалымдардың жетілдіруге ат салысатынын ескердік. Бұған қоса романов тұқымының қойларының жоғарыда тәптіштеп жазылған биологиялық және өнімділік ерекшеліктерінің басымдылықтарына назар аударды.

Батыс Қазақстан жағдайында романов қой шаруашылығын өркендету туралы ұсыныстар жасалынады, оның негізгі келесі қағидаларын назарларыңызға ұсынамыз:

Табынды толықтыру үшін тек қана түрлері тұқымға тән жақсы жетілген жалқы болып туған ұрғашы тоқтыларды қалдыру;

Аталық қошқарларды ұрпағының сапасы бойынша бағалағанда, ең басты бағалау көрсеткіштері ретінде төлінің енесінен айырғанға және негізгі бонитировкаға (8-9 ай) дейінгі басының аман сақталуын қолдану;

Саулықтардың көп төлдегіштігін болжау үшін олардың алғашқы төлдеуінің нәтижелерін пайдалану керек. Себебі, бірінші төлдегенде көп қозы туған саулықтар, келесі төлдеулерінде де көптөлдегіштігімен ерекшеленеді;

Көптөлдегіштігінің, өнімділігінің және тіршілік қабілетінің жоғары көрсеткіштерін сақтап қалу үшін табында шаруашылықта ұзақ қолданылған көп төлдегіш саулықтар мен осы белгілерді жақсартқыш болып танылған қошқарлардың аталық іздерінен алынған төлдермен романов тұқымының табынын толықтыру.

Қорытынды.

1. Жас қой етін өндіруге басымдылық берілгендіктен романов тұқымы халықаралық дәрежеде мойындалған, олардың генетикалық қоры төлдегіштікті көтеріп, барынша көп қозылар мен сапалы бағылан етін алу үшін пайдаланылады. Бұл тұқымның қойлары Франция, Болгария, Венгрия, Испания, Украина, Беларусь, Сербия, Түркия, АҚШ, Қазақстан және басқа елдерге апарылып өсірілуде.
2. Бұл тұқымды өсіретін шаруашылықтарда тауарлық өнімнің құрылымында бағлан және жас қой етінің үлесі 82 % жоғары болуы ықтимал.
3. Романов қойларын өсірудің Ақмола облысында жинақталған оң тәжірибесі оларды Батыс Қазақстан аймағына да әкеліп өсіруге ұсыныс жасауға мүмкіндік береді.
4. Романов тұқымының керемет биологиялық ерекшеліктерін, әсіресе поликүйлегіштігі мен көп төлшілдігін отандық қой тұқымдарының гендік қорын байытуға пайдалану үшін болашақ ғылыми ізденістердің бағыттарын айқындау қажет.
5. Елімізге әкелінген және болашақта әкелінетін романов тұқымының қойларының өнімділігін, көбею және бейімделу қабілеттерін жан-жақты зерттеп, талдап ұсыныстар ұсыну үшін түрлі ғылыми жобалар жасап жас ғалымдардың жарияланған бәйгелерге қатысу белсенділігін арттыру.

6. Романов тұқымының қойларының әртүрлі туыстық топтар мен аталық іздерге жіктеп өсіру арқылы олардың аса құнды тұқымдық қасиеттерін, әсіресе көбею қабілеттілігін сақтауды қамтамасыз қылу.

7. Сұрыптағанда қойлардың тондық сапасының көрсеткіштеріне(бауыр жүнінің қалың өсуіне және жүн қырқымына) ерекше көңіл аударып, олардың арасынан көбею қабілеті жоғарыларын асылдандыру жұмыстарында кеңінен қолдану.

8. Романов тұқымының тауарлық саулықтарын еділбай тұқымының қошқарларымен өнеркәсіптік будандастыруды кеңінен қолданып, Батыс Қазақстанда сапалы әрі дәмді қозы етін өндірудің экономикалық тиімділігін арттыру.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Филинская О.В., Пивоварова Е.А.Возрастные особенности селекционных признаков романовских овец// Повышение уровня и качества биогенного потенциала в животноводстве: сб. науч. тр. по матер. междунар. очно-заочной научн.-практ. конф. - Ярославль: Изд-во ФГБОУ ВПО Ярославская ГСХА, 2016. - С.117-121.

2. Максименко В.Ф., Костылев М.Н., Фураева Н.С. Селекционно-племенные мероприятия по сохранению и совершенствованию генофонда романовской породы овец// Ярославль: Издательство Ярославского научно-исследовательского института животноводства и кормопроизводства, 2010. – 136 с.

3. Арсеньев Д.Д., Лобков В.Ю. Технология романовского овцеводства. - Ярославль: ФГБОУ ВПО «Ярославская ГСХА», 2011. – 268 с.

4. Двалишвили, В.Г. Создание мясо-шубного типа овец в романовской породе с повышенной резистентностью и высокими мясными качествам // VetP harma Farm Animals. - 2013. - №1. - С.62-66.

5. Филинская, О.В. Продуктивность овец романовской породы разных линий // Вестник науки и образования Северо-Запада России. - 2017. - №3. - №2. - С.1-8.

6. Тулебаев Б., Давлетова А.М. Еділбай тұқымының қойларын өсіру тиімділігі // Қоршаған ортаны сақтау – қазіргі күннің басты мәселесі: халықар. ғылым.-практ. конф. матер. // Орал: БҚАТУ, 2005. - I Б. – Б.135-136.

7. Тулебаев Б., Давлетова А.М., Аманғалиева Н. Еділбай қойларының ерекшеліктері. // Индустриалдық-инновациялық саясат: жағдай және дамуы: халықар. ғылым.-практ. конф. матер. – Орал: БҚАТУ, 2006. – II Б. – Б.42-44.

8. Молдашев Г.К., Тулебаев Б., Насамбаев Е.Г. Биязы жүнді әр текті тұсақтардың кейбір белгілерінің жасына байланысты қайталануы //Жаршы. – 1999. -.№7.- Б.19-24.

9. Молдашев Г.К., Тулебаев Б. Батыс Қазақстан мемлекеттік станциясындағы түрлі тұқым қошқарларының өнімділігі // Сб. Науч. Трудов: вопросы экономики, агрономии, зоотехнии, механизации, математики и педагогики. – Уральск: ЗКАУ, 1996. - С.167-169.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе современных исследовании и передового опыта хозяйств всесторонне описаны продуктивные, биологические, физиологические особенности и воспроизводительная способность овец романовской породы.

В предлагаемой научной статье авторы поделились рекомендациями по использованию их генофонда для улучшения воспроизводительной способности местных пород овец, путём получения максимального количества приплода, повышения показателей плодовитости овцематок, объема и экономической эффективности производства ягнятины и молодой баранины.

Авторы статьи, опираясь на положительный опыт акклиматизации и разведения овец романовской породы в Зерендиновском районе Акмолинской области Республики Казахстан и схожести природных и погодных условии, а также территориальной близости ООО «Степь» Кинельского района Самарской области Российской Федерации с граничащей Западно-Казахстанской областью, оказали всестороннюю поддержку и готовность проектного офиса, созданного при ЗКАТУ, оказывать научное обеспечение инвестиционному проекту

«Овцеводческое хозяйство с откормочной площадкой на 40000 голов овец» ТОО «Kazakh Meat Industry» осуществляемого в Егиндикульском сельском округе Каратобинского района.

RESUME

The article on the basis of modern research and best practices of farms comprehensively describes the productive, biological, physiological features and reproductive ability of sheep of the romanov breed.

The authors shared recommendations on the use of their gene pool to improve the reproductive ability of local sheep breeds, by obtaining the maximum amount of offspring, increasing the fertility of sheep ewes, the volume and economic efficiency of production of lamb and young mutton. The authors, relying on the positive experience of acclimatization and breeding romanov sheep in the Zerendinovsky district of the Akmola region of the Republic of Kazakhstan and the similarity of natural and weather conditions, as well as the territorial proximity of SLL «Step», Kinelsky district of the Samara region of the Russian Federation with the bordering West Kazakhstan region, provided comprehensive support and the readiness of the project office created at WKAU to provide scientific support to the investment project «Sheep breeding farm with feedlot for 40,000 sheep» ALL «Kazakh Meat Industry» implemented in the Egindikulsky rural district of Karatobinsky district.

ӘОЖ 68.39.29

Усенова Л.М.[1], ветеринариялық ғылымдарының кандидаты
Асанбаев Т.Ш.[1], ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты
Темиржанова А.А.[1], ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты
Ахметалиева А.Б.[2], ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты
[1]С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
[2]«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Қазақстан Республикасы

«ПОБЕДА» ЖШС ЖАҒДАЙЫНДА СИММЕНТАЛ ТҰҚЫМЫНЫҢ СҮТ ҚҰРАМЫНДАҒЫ СОМАТИКАЛЫҚ ЖАСУШАЛАРДЫ АНЫҚТАУ МЕН ОЛАРДЫҢ СИЫР СҮТІНІҢ САПАСЫНА ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аннотация

Мақалада симметал сиырларының сүтті-етті, етті-сүтті типтерінде сүт құрамындағы май ақуыз құрғақ қалдығы, тығыздық, қышқылдылық мөлшері анықталды.

Сүт құрамына және қасиеттеріне әсер ететін паратипикалық факторлардың әсері келтіріген. Жылдың маусымына байланысты сиыр сүтіндегі соматикалық жасушалардың сандық құрамы талдалған нәтижелері келтірілген.

Симметал сиырларының сүтті-етті типтерінде етті-сүттіге қарағанда май мөлшерінің 0,06% -ға, ақуыз 0,34%-ға төмен екені анықталды. Сүттің құрғақ қалдығы арасында да айырмашылығы сүтті-етті бағыттағыларда ол көрсеткіш 0,3 % кем, тығыздық пен қышқылдылы көрсеткіштерінде де аздап айырмашылықтар байқалады.

Сүттегі соматикалық жасушалардың сандық құрамының шыңы наурыз-сәуір айларында және 1 мл сүтте 1420 мың. Сүттегі соматикалық жасушалардың ең аз мөлшері күзгі кезеңде анықталды. Осы маусымда сүттегі соматикалық жасушалардың саны 210 мыңнан аспайды және 98 мыңнан 210 мыңға дейін өзгереді.

Сүттегі майдың құрамы мен 1 мл сүттегі соматикалық жасушалардың саны арасында теріс байланыс болды және ол -0,01-ден +0,014 аралығында өзгерген

***Түйін сөздер**: сүт өнімділігі,соматикалық жасушалар, маусымдылық, тұқым.*

Тақырыптың өзектілігі. Сүттің санитарлық-гигиеналық және технологиялық қасиеттерін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі - 1 мл сүт құрамындағы соматикалық жасушалардың саны. Дамыған елдерде сүт өнеркәсіптері 1 мл сүттегі соматикалық жасушалардың санына қатаң бақылау жүргізіледі. Соматикалық клеткалардың көп мөлшерде

болуы сүттің химиялық құрамы, оның физикалық және биологиялық қасиеттерін, сондай-ақ сүт өңдеу технологиялық процестерін бұзып, өндірілген сүт өнімдерін қойылатын талаптарға сай емес жарамсыз етеді. Сүттегі соматикалық клеткалардың деңгейінің ұлғаюы мен жануарлардағы маститке шалдығу жиілігі арта түседі.

Зерттеудің мақсаты - «Победа» ЖШС жағдайында симментал сиыр тұмының сүт құрамындағы соматикалық жасушаларды анықтау мен олардың сиыр сүтінің сапасына әсерін зерттеу. Зерттеу міндеттері: - симментал сиырының сүт құрамындағы соматикалық жасушалардың құрамын жыл маусымына байланысты анықтау; - соматикалық жасушалар мен сүттің химиялық құрамы арасындағы байланысты анықтау.

Зерттеу зерзаты және әдістемесі. Зерттеу жұмыстары 2017 жылдың қыркүйегі мен 2018 жылдың сәуір айлары арасында жүргізілді. Осы зерттеу кезеңі аралығында ай сайын Победа жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен симметал тұқымды сауын сиырларынан сүт сынамалары алынып, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің агротехнологиялық факультетінің зертханасында сүттің химиялық құрамы мен оның соматикалық жасушалар мөлшері анықталып отырды.

Ай сайын бір рет шаруашылықтан сүт сынамалары арнайы 30 мл-лік ыдыстарға құйылып, қолға ұстайтын шағын тоңазытқышпен зертханаха жеткізіледі.

Зерттеу нәтижелері. «Победа» ЖШС-нің мал шаруашылығының өнімділігі жоғары деңгейде және күн сайын дамып келеді. Сауын сиыр басына орташа сүт өнімділігі - 14,3 литр. Бұл шаруашылықтағы барлық сиырлар сүт өнімділігі бойынша топтарға бөлінеді және түрлі баздарда орналасқан. Барлығы 4 топ бар: сауын, жоғары өнімді, аз өнімді және төлдеу бөлімі.

Сүттің химиялық құрамы жануарлардың түрлеріне, тұқымы мен жекелеген сипаттамаларына, олардың жасына, лактация кезеңіне, жыл маусымына, саудың жиілігіне, сондай-ақ азықтандыру және қызмет көрсету жағдайларына байланысты. Ең алдымен, сүттің химиялық құрамы байланысты: оның өнімдерін өндіру үшін сүт тұтыну және дайын сүт өнімдерінің сапасы. Жануарларды азықтандыру сүттің құрамына айтарлықтай әсер етеді.

1 кесте – Сүттің химиялық құрамы

Көрсеткіш	Тұқым ішілік тип	
	сүтті-етті	етті-сүтті
Май , %	3,87	3,91
Ақуыз, %	3,06	3,1
СОМО, %	8,5	8,8
Тығыздығы, °А	27,04	27,63
Қышқылдығы, °Т	17,4	17,8

Бұл кестеден симметал сиырларының сүтті-етті типтерінде етті-сүттіге қарағанда май мөлшерінің 0,06% -ға, ақуыз 0,34%-ға төмен екені анықталды. Сүттің құрғақ қалдығы арасында да айырмашылық бар: сүтті-етті бағыттағыларда ол көрсеткіш 0,3 % кем, тығыздық пен қышқылдылы көрсеткіштерінде де аздап айырмашылықтар байқалады.

Зерттеулер көрсеткендей, сүт құрамындағы ақуыз, май мөлшері және сүт өнімділігі арасындағы кері байланыс бар. Бұл сүт өнімділігі деңгейіне қарай біржақты іріктеу жүргізгенде майдың мөлшері азайып, ақуыз концентрациясы да төмендейтініне дәлел.

Сүт құрамына және қасиеттеріне әсер ететін паратипикалық факторлардың бірі - жыл маусымы. Жылдың маусымына байланысты сиыр сүтіндегі соматикалық жасушалардың сандық құрамының динамикасын талдадық.

2 кесте – Соматикалық торшалары 2 ай бойы қалыпты мөлшерден асатын сиырлар тізімі

Сиырдың инв. номері	Соматикалық торшалар, мың/см^3	
	20.03.2018	23.04.2018
KZS178779444	1103	қалыпты
KZS178778192	1021	1021
KZS178778743	1260	1260
KZS178777760	1420	1420
KZS178778225	1021	1021
KZS178779648	1154	1154

Наурыз және сәуір айларында сүт құрамындағы соматикалық жасушалар кейбір сиырларда тұрақты жоғары мөлшерде болды. Тек инвентарлық номері KZS178779444 сиырында екінші айда көрсеткіші қалыпты мөлшерге шегерілді.

Зерттеу нәтижелері бойынша соматикалық жасушалар мен жыл маусымы арасындағы тығыз байланыс бар. Сиыр сүтіндегі соматикалық жасушалардың ең көп мөлшері қыс-көктем кезеңінде анықталған.

Біз зерттеген сүттегі соматикалық жасушалардың сандық құрамының шыңы наурыз-сәуір айларында және 1 мл сүтте 1420 мың. Сүттегі соматикалық жасушалардың ең аз мөлшері күзгі кезеңде анықталды. Осы маусымда сүттегі соматикалық жасушалардың саны 210 мыңнан аспайды және 98 мыңнан 210 мыңға дейін өзгереді.

Сүт өндірушілер тазалықтың, қышқылдықтың, тығыздықтың, бактериялық ластанудың, майдың құрамының көрсеткіштерін мұқият бақылайды. Өкінішке орай, егер сүтте соматикалық клеткалардың рұқсат етілген деңгейінен асып кетсе бұл көрсеткішке жеткіліксіз назар аударады. Біздің елімізде жоғары сапалы сүт өнімдеріне сұраныс өсіп келеді, бұл тұтынушылардың сүттің биологиялық құндылығы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сай болуы тиіс.

Сүттің сапасы көптеген факторларға байланысты және әр түрлі көрсеткіштермен анықталады. Олардың көпшілік көрсеткіштерін тез және оңай қалпына келтіруге болады, бірақ соматикалық клеткалардың саны әлі де көп сүт өндірушілер үшін «тым көп» деген маңызды көрсеткіш болып қала береді және әлі де проблемалық жағдай.

Сүттегі соматикалық жасушалардың құрамын арттырудың негізгі себептерінің бірі - мастит. Белгілі болғандай, мастит - сүт безінің жұқпалы ауруы. Ең үлкен қауіп - бұл субклиникалық мастит (маңызды клиникалық белгілерінсіз). Көп жағдайда маститке стрептококк және стафилококктар шалдықтырады (1 сурет).



1сурет – Маститке тексеру үстінде

Сүтке бактериялардың, лейкоциттердің, нейтрофилдердің және қабыну үрдісіне тән басқа клеткалардың саны сиыр маститі бар сиырларда күрт өседі, осылайша соматикалық жасушалардың деңгейін арттырады.

Соматикалық жасушалар мен сүт өнімділігі арасындағы байланыс. Сиыр сүтіндегі соматикалық торшалардың көрсеткіштері мен сүт өнімділігінің арасында кері пропорционалды байланыс бар: соматикалық жасушалардың саны неғұрлым жоғары болса, сүт өнімділігі соғұрлым төмен болады. Егер соматикалық торшалардың саны 1 мл-де 300 мыңнан аспаса, онда сүт өнімділігінің төмендеуі байқалмайды; 1 мл-де 500 мыңға дейін болса сүт өнімділігін жоғалту 4-тен 5 %-ға дейін төмендейді; егер соматикалық клеткалар саны 1мл-де 750 мыңнан асса, сүт жоғалтуы 12 % құрайды.

Ресейлік ғалымдардың пікірі бойынша, сүт өнімділігі 4000 кг сиырлардың 1 мл сүт құрамында 900 000-нан астам соматикалық торшалар болса сүт жоғалтуы 600 кг, өнімділігі 6000 кг - 900 кг.

Кейбір деректерге сүйенсек 1 мл сүтте соматикалық торшалар 500 мың деңгейінде сүт өнімділігі 10 %-ға, 1 млн. жасуша болғанда – 30 % төмендейді деген. Американдық ғалымдардың бағалауы бойынша, егер 1 мл сүтте соматикалық жасушалар 1 млн асып кетсе, сүт өнімділігінің жоғалуы 14,1 % немесе 0,39 кг болуы мүмкін, басқа деректер бойынша лактациясына - 548,1 кг сүт өнімділігі жоғалады екен.

Біз өз зерттеулерімізде осы бағытта ізденістер жүргіздік (3 кесте).

3-кесте – Сиырдың орташа тәуліктік сүт мөлшерінің деңгейіне байланысты сүттегі соматикалық жасушалардың көрсеткіші

Орташа тәуліктік сүт сауылымы, кг	Соматикалық торшалар, мың./мл	Май мөлшері, %	Ақуыз мөлшері, %
13,00±0,15	441±21	4,20±0,08	3,04±0,06
17,74±0,10	191±25,90	4,29±0,09	3,23±0,08
22,56±0,10	151±21,00	4,30±0,06	3,08±0,06
27,13±0,12	285±36,00	4,20±0,07	2,98±0,05
32,24±0,23	292±7,80	4,20±0,06	3,12 ±0,34
36,17±0,26	265±25,09	3,98±0,05	2,67±0,12

10 кг-нан 20-25 кг-ға дейін күнделікті сүт өнімділігінің артуымен 1 мл сүттегі соматикалық жасушалардың саны азаяды, бірақ 25 кг-нан асатын сиырларда сүттегі соматикалық жасушалар қайтадан артады. Кестеде келтірілген деректерді талдау көрсеткендей, соматикалық клеткалардың сандық құрамының 1 мл сүт пен сүт өнімділігі арасында корреляция бар.

Сүттегі орташа тәуліктік сүт өнімділігі мен соматикалық жасушалар арасындағы қатынастарды егжей-тегжейлі зерделеу үшін біз осы көрсеткіштер арасындағы фенотиптік корреляцияны есептедік (4 кесте).

4 кесте – Орташа тәуліктік сүт өнімділігі мен соматикалық жасушалар арасындағы қатынас корреляция коэффициенті

Тәуліктік сауылым	Корреляции		
	сауылым	май	ақуыз
>10<=15	-0,20±0,09	0,004±0,09	-0,013±0,08
>10<=20	-0,20±0,06	-0,003±0,06	-0,05±0,03
>20<=25	-0,19±0,06	0,001±0,06	0,003±0,05
>25<=30	-0,19±0,09	0,013±0,09	0,023±0,07
>30<=35	-0,21±0,18	0,014±0,19	0,001±0,40
>35<=40	-0,20±0,34	-0,01±0,35	0,003±0,50

Деректерді талдау көрсеткендей, сүттің кірістілігі мен соматикалық клеткалардың құрамында 1 мл сүт арасындағы теріс корреляция бар, бірақ корреляция коэффициентінің мәні -0,25, яғни бұл қарым-қатынастың төменгі шегіне сәйкес келеді.

Біз зерттеген популяцияның сүттегі майдың құрамы мен 1 мл сүттегі соматикалық жасушалардың саны арасында теріс байланыс болды және ол -0,01-ден +0,014 аралығында өзгерген.

Сүт құрамындағы ақуыз мөлшері мен соматикалық жасушалардың саны арасындағы ара-қатынасы ең төменгі мәнге ие және -0,05-ден +0,003-ге дейін өзгерді.

Қорытынды.

Жылдың маусымына байланысты сиыр сүтіндегі соматикалық жасушалардың сандық құрамының динамикасын талдадық. Зерттеу нәтижелері бойынша соматикалық жасушалар мен жыл маусымы арасындағы тығыз байланыс бар. Сиыр сүтіндегі соматикалық жасушалардың ең көп мөлшері қыс-көктем кезеңінде табылған.

Біз зерттеген сүттегі соматикалық клеткалардың сандық құрамының шыңы сәуір айында және 1 мл сүтте 1420 мың. Сүттегі соматикалық жасушалардың ең аз саны күзгі кезеңде табылды. Осы маусымда сүттегі соматикалық жасушалардың саны 210 мыңнан аспайды және 98 мыңнан 210 мыңға дейін өзгереді.

Сүттегі соматикалық жасушалардың құрамын арттырудың негізгі себептерінің бірі - мастит. Белгілі болғандай, мастит - сүт безінің жұқпалы ауруы. Ең үлкен қауіп - бұл субклиникалық мастит (маңызды клиникалық белгілерінсіз). Көп жағдайда маститке стрептококк және стафилококтар шалдықтырады.

Сүтке бактериялардың, лейкоциттердің, нейтрофилдердің және қабыну үрдісіне тән басқа клеткалардың саны сиыр маститі бар сиырларда күрт өседі, осылайша соматикалық жасушалардың деңгейін арттырады.

Сиыр сүтіндегі соматикалық торшалардың көрсеткіштері мен сүт өнімділігінің арасында кері пропорционалды байланыс бар: соматикалық жасушалардың саны неғұрлым жоғары болса, сүт өнімділігі соғұрлым төмен болады. Егер соматикалық торшалардың саны 1 мл-де 300 мыңнан аспаса, онда сүт өнімділігінің төмендеуі байқалмайды; 1 мл-де 500 мыңға дейін болса сүт өнімділігін жоғалту 4-тен 5 %-ға дейін төмендейді; егер соматикалық клеткалар саны 1мл-де 750 мыңнан асса, сүт өнімділігін жоғалтуы 12 % құрайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Васильева О.К. Влияние отцов и матерей на количество соматических клеток в молоке их дочерей // матер. междунар. научн. конф. - С-П., 2007. – С.165–168.

2. Емельянов А. С. Выведение линий и семейств коров, иммунных против лейкоза и маститов / в кн. «Проблемы иммунитета сельскохозяйственных животных». – М., 1966. – С. 439–470.

3. Зеккони А., Кальвинхо Л., Фокс Л. Инфицирование молочной железы коров стафилококком // Молочная промышленность. – 2007. - № 2. – С. 20-25.

4. Ивашура А.И., Павлюченко Т.А., Тарасевич Л.Ф. Оценка качества молока по количеству соматических клеток // Зоотехния. – 1988. - № 8. – С. 55-57.

5. Ивашура А., Шмайлов В. О наследственной устойчивости коров к заболеванию маститом // Молочное и мясное скотоводство. – 1989. - № 2. – С. 22-24.

6. Калмыкова О.А. Наследственная обусловленность резистентности коров к маститу // Зоотехния. – 2000. - № 4. – С. 112.

7. Канеев А.З. Оценка молочной продуктивности коров с учётом количества соматических клеток в молоке : дис. … канд. с.-х. наук. – пос. Быково, Моск.обл., 2002.

РЕЗЮМЕ

В статье приведены результаты исследований состава молока симментальской породы молочно-мясного и мясо-молочного типов: жира, белка, сухого остатка, плотности, кислотности. Результаты влияния паратипических факторов на состав и свойства молока. Приведены результаты количественные показатели соматических клеток в зависимости от сезонов отела.

У симментальских коров молочно-мясного типа по сравнению с мясо-молочным типом содержание жира на 0,06%, белка 0,34% ниже. Сухой остаток молока у молочно-мясного типа на 0,3%, по плотности и кислотности разница была незначительной.

Количестов соматических клеток в марте-апреле месяце составила в 1 мл молока 1420 тысяч. Самое меньшее количество соматических клеток в молоке наблюдалось в осенний сезон. В этом сезоне количество соматических клеток составило не больше 210 тысяч колебалось от 98тысяч до 210 тысяч.

Между количеством состава жира и количеством соматических клеток в 1 мл молока была отрицательная корреляция варировала от -0,01 до +0,014.

RESUME

The article presents the results of studies of the composition of milk of Simmentalsky breed of milk-meat and meat-milk types of fat, protein, dry residue, density, acidity. Results of the influence of paratypical factors on the composition and properties of milk. The results of the quantitative indicators of somatic cells, depending on the seasons of calving.

In Simmental cows of the milk-meat type, compared to the meat-and-milk type, the fat content is 0.06%, and the protein content is 0.34% lower. The dry milk residue of the milk-meat type is 0.3%, the difference in density and acidity was insignificant.

The number of somatic cells in March-April was 1420 in 1 ml of milk. The number of somatic cells in milk was observed in the autumn season. This season, the number of somatic cells was no more than 210 thousand, ranging from 98 thousand to 210 thousand.

There was a negative correlation between -0.01 and +0.014 between the amount of fat composition and the number of somatic cells in 1 ml of milk.

ӘОЖ 636.5:614.31/574.51

Шамеева У.Г., ветеринария ғылымдарының магистрі
Джанабекова Г.К., биология ғылымдарының докторы
Майкотова Б.Н., магистрант
«Қазақ ұлттық аграрлық университеті» КеАҚ, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК ШЫҒЫС ӨҢІРЛЕРІНДЕ ӨСІРІЛЕТІН ТҮЙЕҚҰС ЕТІНІҢ БИОХИМИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Аннотация

Зерттеу обьектісі ретінде 3 айлық әрқайсысы 12 бастан тұратын, жалпы саны 48 болатын бірігей аналық қара африкалық түйеқұс балапандарын іріктеп алынды. Бірінші бақылау тобына шаруашылықта бекітілген рационмен азықтандырылып, ал екінші тәжірибелік топқа шаруашылықта бекітілген рационға қосымша 5 г/кг азықтық қоспа қосылды, үшінші тәжірибелік топқа азықтық қоспаның 10 г/кг мөлшерінде, төртінші тәжірибелік топқа 15 г/кг көлемінде қосылып зерттеу жұмысы жүргізілді. Зерттеу барысында құстардың өзін-өзі ұстауы және клиникалық жағдайы қалыпты жағдайда болды. Түйеқұс етінің биохимиялық көрсеткіштері, яғни химиялық және дәрумендік құрамы анықталды.

Түйін сөздер*: африкалық түйеқұс, азықтық қоспа, дәрумен, түйеқұстың химиялық құрамы.*

Кіріспе. Әлемдік деңгейде түйеқұс еті өткен ғасырдың соңында дұрыс тамақтану және салауатты өмір салтына ұмтылу толқынында танымал болды [1].

Түйеқұс шаруашылығының экономикалық тиімділігі мен қарқындылығы, өсіріп-бағу мен азықтандыруына тікелей байланысты. Құстың қалыпты өмір сүруі мен көбеюі үшін, азығының физикалық, химиялық құрамы мен азық ингредиенттерінің ара қатынасы дұрыс болып, мүшенің өсіп – жетілуіне қажетті энергияның генерациясы мен жаңа жасушалар мен тіндердің өсуін қамтамасыз ететін толыққанды және әртүрлі азықтандыру [2,3].

Түйеқұстарды комерциялық тұрғыдан өсіріп-бағу кезінде, қоректік заттардың құрамындағы минералды заттардың тапшылығы жиі кездеседі, себебі азықтық рационының дұрыс жасалмауы, жем-шөп қоспаларының және сақтау шарттары бұзылуы әсер етеді. Бұл кемшіліктер құстың өсу жылдамдығының төмендеуіне, аяқ сүйектерінің деформациясына, зат алмасу үдерісінен туындаған ауруларына және балапандардың өліміне әкеліп соқтырады [4].

Әлемдік тәжірибеде түйеқұс шаруашылығының өнімдері: ет, жұмыртқа және т.б сапасын жақсарту үшін, өнеркәсіптік жем өндіру негізінде әр түрлі азықтық қоспаларды пайдаланады [5].

Түйеқұстардың ас қорыту жүйесінің физиологиялық ерекшеліктері мен тұқымдық қажеттіліктерін ескере отырып, аймақтық табиғи минералдар негізінде азық қоспаларын пайдалану маңызды болып саналды [6].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу барысында союға әр топтан 3-тен 12 бас түйеқұс алынды, оларды жеке қораларда ұстап, сумен қамтамасыз етіп, 10-12 сағат союға дейін аштықта ұстадық. Сою және союға дейінгі зерттеу жұмыстарын Қазақстан Республикасының қолданыстағы ережелеріне сәйкес (« Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі қабылданған, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 9 тамыздағы № 814 қаулысымен және 2015 жылдың 29 маусымындағы толықтыруларымен) – түйеқұстың анато-морфологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, шаруашылықтың сою жағдайында жүзеге асырылды [7,8].

Түйеқұстардың ұшасынан сынамалар алынып, ветеринариялық санитариялық сараптаулар жүргізіліп, жалпылай қолданылатын тәсілдермен химиялық құрамы зерттелді. Жалпы химиялық зерттеу жұмыстары үшін 200 г мөлшерде әр союға жіберілген түйеқұс ұшасының жамбас бұлшық етінен 12 үлгі алынды. Ет тінінің әр көрсеткіші бойынша зерттеулер үш қайтара жүргізілді. Еттің сезімдік, физикалық, химиялық және биологиялық көрсеткіштері МемСТ7269-79 (Ет. Сынама алу тәсілдері және балаусалықты анықтаудың органолептикалық тәсілдері) Еттің жалпы химиялық зерттеу келесі тәртіп бойынша жүргізілді: ылғалдың мөлшері – кептіру әдісі арқылы (ҚР СТ 1484-2007 «Ет және ет өнімдері. Құрамындағы ылғалды анықтау тәсілдері»), майдың мөлшерін – Сокслет бойынша (ҚР СТ 1485-2005 және МемСТ 23042-86 «Ет және ет өнімдері. Майдың массалық үлесін анықтау тәсілі»), ақуыздың көлемін – Къельдал бойынша (МемСТ25011-81 «Ет және ет өнімдері. Ақуыздың массалық үлесін анықтау») анықтадық. Энергетикалық құндылығын есеп бойынша, яғни 1 г ақуыз = 4,0 ккал; 1 г май = 9,0 ккал.(Житенко П.В., Боровков М.Ф., 1998).

Дәрумендік құрамын флуориметрикалық (В тобындағы дәрумендер үшін) және колориметрикалық (РР дәрумені үшін) әдістерімен

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау.

Түйеқұс өнімдері арқылы адам, өзіне қажетті нәруызға сұранысын қанағаттандырып отырады. Адамның нәруызға тәуліктік сұранысы оның жасына және жұмыс мөлшеріне байланысты 110-165 г құрайды, оның ішінде 60 % жануарлар нәруызы болуы тиіс. Сонымен қатар ет құрамындағы май, макро-микроэлементтер, дәрумендер оның тағамдық құндылығының көрсеткіштері болып саналады. Түйеқұс өнімдерінің тағамдық құндылығы, қорытылуы, сіңімділігі оның құрамындағы ылғалдың, майдың, нәруыздың және басқа да құрамындағы заттардың мөлшеріне байланысты. Осыған орай түйеқұс өнімдерінің химиялық құрамы анықталды. Түйеқұс өнімдеріндегі белок организмде жүретін физиологиялық және биохимиялық құбылыстарға қатынасады. Ет талшықтарының жиырылуына әсер етеді. Етке қызыл түс береді. Белок - организм үшін ең маңызды органикалық заттар тобына жатады. Ол әрбір торша мен оның цитоплазмасының негізін құрайды, сол себепті өмір тетігі болып саналады. Организмдегі өсу, ағзалар мен ұлпалардың қалыпты жұмысы, жаңаруға аса қажетті материал және көптеген ферменттердің, гормондардың, иммунды денелердің, биологиялық белсенді заттардың құрамдас бөлімі болып табылады.

Организмдегі катализаторлық заттарды тасымалдау, қорғау және энергия көзі болып саналады. Нәруыздың жетіспеушілігінен зат алмасу процессі бұзылып, құс өнімділігі төмендейді.

Түйеқұс өнімдеріндегі нәруыздың мөлшерін жалпы және нәруызсыз азоттың мөлшері арасындағы коэфициентті, азоттан нәруызға алмастыру арқылы анықтайды. Ол органикалық

қосылыстардағы минералданған азоттан пайда болған аммиак мөлшері арқылы анықтауға негізделген (1 кесте).

1 кесте - Түйеқұс етінің химиялық құрамы

№	Көрсеткіштер	Түйеқұс топтары			
		бірінші (бақылау)	Тәжірибелік топтар		
			екінші	үшінші	төртінші
1	Ылғал, %	66,44±0,1	63,79±0,3*	62,4±0,12	61,9±0,07
2	Күл, %	0,85±0,05	0,89±0,03	0,91±0,017	0,94±0,06***
3	Май, %	3,94±0,1**	4,19±0,01	4,37±0,06	4,7±0,022
4	Нәруыз, %	28,77±0,01***	30,4±0,2	30,5±0,5*	30,9±0,1
5	Энергетикалық құндылығы 100 г етте, ккал	151±2,9	159±2,4	161±2,09*	163±2,7
Ескертулер: *- P≤0,05, **- P≤0,01, ***P≤0,001					

Зерттеу нәтижесі бойынша, орта есеппен нәруыздың мөлшері екінші тәжірибелік топтағы түйеқұс етінде 30,4±0,2%, үшінші және төртінші тәжірибелік топтағы түйеқұс етінде 30,5±0,5, 30,9±0,1% құрады. Ал бірінші бақылау тобындағы түйеқұс етінің құрамындағы белок мөлшері 28,77±0,01% көрсеткішті құрады. Бақылау тобындағы түйеқұс етінің құрамындағы нәруыз мөлшері тәжірибелік топтардағы көрсеткіштерден(P≤0,05-P≤0,001)- 0,4%, 0,5 және 2,13% төмен болды.

Май суда ерімейтін және органикалық еріткіштерде еритін табиғи органикалық қосылыс. Еттің құрамындағы май ағза ұлпаларының құрамына кіріп, энергия көзі ретінде, қорғану, құрылымдық және метаболизмдік қызметтер атқарады. Олар ағза құрамының басқа мүшелеріне қарағанда жылуды екі есеге жуық артық береді, және де майлар органикалық заттардың және дәрумендердің негізгі еріткіштері болып табылады. Май дәнекер ұлпаларының қабықшаларында қор ретінде жиналады да еттің қуаттылығын арттырады және механикалық әсерлерден сақтайды. Етке өзіндік хош иіс пен дәм береді. Дене қызуының тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды қызмет атқарады. Сонымен қатар майлар организмнің өсу факторы болып табылатын линол қышқылының көзі, жылу изоляторы, кейбір биологиялық белсенді заттардың (простогландин, стероидты гормондар, холин, т.б.) негізі.

Зерттеу нәтижесі бойынша, орта есеппен майдың мөлшері екінші тәжірибелік топтағы түйеқұс етінде 4,19±0,01%, үшінші және төртінші тәжірибелік топтағы түйеқұс етінде 4,37±0,06, 4,7±0,022% құрады. Ал бірінші бақылау тобындағы түйеқұс етінің құрамындағы белок мөлшері 3,94±0,1% көрсеткішті құрады. Бақылау тобындағы түйеқұс етінің құрамындағы май мөлшері тәжірибелік топтардағы көрсеткіштерден(P≤0,01) көлемі - 0,33%, 0,51 и 0,76%-ға кем екендігі кестеде берілген. Еттің құрамындағы ылғал ондағы биохимиялық процестердің жүруіне, сақтау мүмкіндігін анықтауда, микробиологиялық т.б. процестерде маңызды қызмет атқарады. Өнімнің тағамдық, тауарлық құндылығы, сақтау кезіндегі тұрақтылығы және т.б. қасиеттері ет құрамындағы ылғалдың мөлшеріне байланысты. Ылғал денедегі тұрақсыз заттардың бірі болып есептелінеді. Ол барлық тағамдық өнімдердің маңызды компоненті және өнімнің сапасына, ондағы жүретін ферменттік процестерге әсері мол. Минералды және органикалық заттарды жақсы ерітеді. Зат алмасу кезінде жүретін реакциялардың негізгі ортасы болып табылады. Ылғалдың көмегімен торшадағы, ұлпадағы химиялық заттар өзіндік қосылыстар түзеді. Еттегі сутек ионы концентрациясының өзгеруін реттеп отырады. Ет құрамындағы ылғалдың мөлшері, кептіру кезінде сынамалар массасының кемуі арқылы анықталды.

Зерттеу нәтижесі бойынша, көріп отырғанымыздай, орта есеппен ылғалдың мөлшері екінші тәжірибелік топтағы түйеқұс етінде 63,79±0,3%, үшінші және төртінші тәжірибелік топтағы түйеқұс етінде 62,4±0,12, 61,9±0,07% құрады. Ал бірінші бақылау тобындағы түйеқұс етінің құрамындағы ылғал мөлшері 66,44±0,1% көрсеткішті құрады. Бақылау тобындағы

ылғалдың мөлшерінен (P≤0,05), екінші, үшінші, төртінші тәжірибелік топтары - 2,65%, 4,04 және 4,54% -ға төмен.

Түйеқұс өнімдерінің құрамындағы минералды заттар күлдендіру арқылы анықталады. Күл, органикалық заттарды муфель пешінде жағудан қалған заттың минералды бөлігі. Зерттеу нәтижесі бойынша, көріп отырғанымыздай, орта есеппен күлдің мөлшері екінші тәжірибелік топтағы түйеқұс етінде 0,89±0,03%, үшінші және төртінші тәжірибелік топтағы түйеқұс етінде 0,91±0,017 0,94±0,06% құрады. Ал бірінші бақылау тобындағы түйеқұс етінің құрамындағы күл мөлшері 0,85±0,05% көрсеткішті құрады.Бақылау тобындағы күлдің (P≤0,001)мөлшері - 0,04%, 0,06 и 0,09%-ға тәжірибелік топтарынан төмен болды.

Энергетикалық қуаттылық деп ағзадағы биологиялық тотықсыздану құбылысы кезінде тағамдық заттардан бөлінетін энергияны айтады. Адамның жасына, жынысына, массасына, жүргізетін жұмыс түріне байланысты тағамдық энергетикалық қуаттылықтың қажеттілігі тәулігіне 2850-20875 кДж екен. Еттің түрі мен құрамына байланысты 100 г өнімде 147,5 тен 1662,5-ке дейін, әр түрлі энергиялық қуаттылықты көрсетеді. Еттің қуаттылығы, энергетикалық құндылығы оның химиялық құрамына байланысты.

Зерттеу нәтижесі бойынша, көріп отырғанымыздай, орта есеппен энергетикалық құндылығының мөлшері екінші тәжірибелік топтағы түйеқұс етінде 159±2,4%, үшінші және төртінші тәжірибелік топтағы түйеқұс етінде 161±2,09 және 163±2,7 % құрады. Ал бірінші бақылау тобындағы түйеқұс етінің құрамындағы энергетикалық құндылығының мөлшері 151±2,9% көрсеткішті құрады. Бақылау тобындағы энергетикалық құндылықтың мөлшерінен (P≤0,05), екінші, үшінші, төртінші тәжірибелік топтарынан(P≤0,05)–8%, 10 және 12% болды.

Осылайша азықтық қоспаны қолдану ет құрамындағы ылғалды төмендетіп, май, нәруыз, күл және энергетикалық құндылықтың артуына септігін тигізіп, түйеқұс етінің тағамдық құндылығын арттырды.

Бәрімізге белгілі азық-түлік өнімінің биологиялық құндылығын айтарлықтай дәрумендердің мөлшеріменде анықталатындығы. Зерттеудің нәтижесі көрсеткендей, азықтық қоспа түйеқұс етінің дәруменді құрамына әсері бар екендігі келесі кестеде көрсетілген. Атап айтқанда, майда еритін дәрумендер берілген азықтық қоспаның мөлшеріне байланысты тәжірибе тобындағы үш топтыңда көрсеткіші бақылау тобына қарағанда жоғары болды. Айта кететін жайт, түйеқұс етінің дәруменді құрамы бойынша алынған нәтижелер (Lombardi-Boccia et al. 2005; Karklina and Kivite., 2007) әдебиеттердің нәтижелеріне сәйкес келеді.

Дәрумендер төмен молекулалы органикалық қосылыстар, ол өсімдіктен түзілетін, адам мен жануар тіршілігі үшін аса қажетті зат. Азық құрамында дәрумендердің болмауы немесе тапшылығы зат алмасу процесін бұзып, түрлі ауруларға (рахит, полиневрит) шалдықтырады. Көптеген дәрумендер белокпен қосылып ферменттер түзеді. Организмдегі дәрумендер қорының азаюы және зат алмасуы кезіндегі шығындар азықпен бірге дәрумендердің үнемі түсіп отыруын қажет етеді. Егер бірге түспесе зат алмасу процесі бұзылып, биохимиялық реакциялардың жүруі нашарлайды. Осыған байланысты тағамдық өнімдердегі дәрумен мөлшерін анықтау аса қажетті зерттеулер қатарына жатады.Біз өз жұмысымызда түйеқұс етіндегі аса маңызды A, E, B_1, B_2, PP дәрумендерінің мөлшерін анықтау үшін күрделі зерттеулер жүргізді (2 кесте).

2 кесте - Қара африкалық түйеқұс етінің дәруменді құрамы, мг/100 г

Көрсеткіштер	Зерттеу топтары (n=12)			
	бірінші (бақылау)	тәжірибе		
		екінші	үшінші	төртінші
A	0,013±0,005***	0,015±0,002	0,016±0,004	0,019±0,001
E	0,25±0,04	0,27±0,02	0,29±0,01	0,31±0,08
B_1	0,22±0,03	0,24±0,01**	0,25±0,05	0,27±0,03**
B_2	0,31±0,04	0,35±0,03	0,39±0,011***	0,45±0,05x
PP	7,23±0,02*	7,4±0,05*	7,7±0,03	7,9±0,01
Ескертулер: *- P≤0,05, **- P≤0,01, ***P≤0,001				


А дәруменінің жетіспеуінен түйеқұс организмінің өсіп-жетілуі бұзылады, ауруға төзімділігі төмендейді, көру, жүйке жүйесі және эпителиальды жабындының қызметі бұзылады. Ұзақ уақыт жетіспеген жағдайда тері мен кілегей қабықтың қызметі бұзылып, өкпе, бронхылар, қуық пен бүйрек ауруға шалдығады. Біздің зертеуіміздегі нәтижесінде бірінші бақылау тобындағы түйеқұс етіндегі А дәрумені мөлшері 0,013±0,005, екінші тәжірибелік түйеқұс етінде 0,015±0,002, үшінші тәжірибелік тобындағы түйеқұс етінде 0,016, ал төртінші тәжірибелік түйеқұс етінде 0,019±0,001 болып, бірінші бақылау тобынан 0,006 %, ал екінші, үшінші тәжірибелік тобындағы түйеқұс етіндегі көрсеткіштерден 0,004 %, 0,003 % жоғары екендігі кестеде берілген.

B_1 дәрумені (тиамин) жетіспеуінен құстар атаксия, тепе-теңдіктің сақталмауы туралы ауытқушылықтарға ұшырайды. Түйеқұс организмінде B_1 дәруменінің жеткіліксіздігі алғашқы сатысында жүйке жүйесінің қызметі бұзылады, жүрек жұмысы, ас қорыту ағзаларының қызметі нашарлайды, массасы азаяды, қан мен несеп құрамында пирожүзім қышқылының мөлшері артады. Ауру асқынса, шеткі жүйке жүйесінің қызметі бұзылып, сал ауруына, демікпеге соқтырады.

Зерттеу қорытындысы бойыншы, түйеқұс етінде B_1 дәруменінің мөлшері төртінші тәжірибе тобында 0,22±0,03 мг/100 г, екінші және үшінші тәжірибе тобындағы түйеқұс етінің құрамындағы дәрумен 0,24±0,01 мг/100 г, 0,25±0,05 мг/100 г, сондай-ақ бақылау тобындағы 0,22±0,03 мг/100 г болып, бақылау тобындағы тұйеқұс етінің құрамындағы дәрумен 0,05 % 0,03 %, 0,02%-ға аз болды.

B_2 дәрумені (рибофлавин) түйеқұс балапан организмінде жетіспеуінен көмірсулар алмасуы бұзылып, бауырда гликогеннің түзілуі баяулайды, сүт және пирожүзім қышқылдарының тотығуы нашарлайды. Бұл дәрумен белоктың алмасу процесін дұрыс жүргізу үшін де қажет. Ол жетіспесе белок пен амин қышқылдарының пайдаланылу деңгейі төмендейді, көптеген амин қышқылдары организмге сіңбей, еш өзгеріссіз несеп арқылы бөлінеді. Рибофлавин көру органдарының, жыныс бездерінің, жүйке жүйесінің қалыпты қызметі және ұрықтың құрсақта дұрыс дамуы үшін қажет. Ол гемоглобинді синтездеу процесін еттеуге де қатысады. Рибофлавиннің жетіспеуінен организм гипохромдық анемияға, жүйке жүйесінің ауруларына шалдығады, әсіресе оның нәрлендіру қызметі бұзылады. Зерттеулер нәтижесі тәжірибе топтарындағы түйеқұс ет құрамындағы B_2 дәруменінің көрсеткіштері 0,35-0,45 мг/100 г аралығында болса, бақылау тобындағы түйеқұс етінің құрамындағы көрсеткіш 0,31 болып, 0,14 %, 0,1 %, 0,06 %-ға кем екендігі берілді.

РР дәрумені (никотин қышқылы) көп жағдайда 2 айлыққа дейінгі түйеқұс балапан организмде жеткіліксіз болса тышқақ, азыққа тәбетінің болмауы, өсуінің тежелуі, ересек құстарда әлсіздіктің болуымен сипатталады. Егер де ол организмде қалыпты мөлшерде болса, құстардың салмағы жоғарылайды. Қорытындылай келетін болсақ, бірінші бақылау тобындағы түйеқұс етінде РР дәруменінің жиналуы 7,23±0,02мг/100г, екінші, үшінші, төртінші тәжірибелік топтардағы көрсеткіштер 7,4±0,05, 7,7±0,03, 7,9±0,01 мг/100г болып, бақылау тобындағы РР дәрумені мөлшері 0,67%, 0,5%, 0,2%-ға төмен болды (1 сурет).



1 сурет - Қара африкалық түйеқұс етінің дәрменді құрамы, мг/100 графикалық көрінсі

Е дәрумені (токоферол) құстың өсуіне, көбеюіне әсерін тигізеді. Оның жетіспеуі құстардың жыныстық қызметінің әлсіреуіне себепші болады, ұрықтың дамуы бөгеліп, сперматогенез бұзылады. Эритроциттердің гемолизге төзімділігі төмендеп, ет дистрофиясы байқалады да, жүрек еттерінің қызметі бұзылады, тирозиннің тотығуын тежейді. Біздің зерттеулеріміздің нәтижесінде азықтық қоспасыз азықтандырылған бірінші бақылау тобындағы түйеқұс етінің құрамындағы Е дәрумені 0,25±0,04 мг/100 г, ал қалған тәжірибелік топтардағы дәрумен мөлшері 0,27±0,02, 0,29±0,01, 0,31±0,08 мг/100 г болып, 0,06 %, 0,04 %, 0,02 % шамасында кем екені көрінеді.

Дәрумендер басқа заттармен алмастырылмайтын болғандықтан, алмаспайтын бағалы өнімдер қатарына жатады. Олар төмен молекулалы органикалық қосылыстар, өсімдіктен синтезделетін, адам мен жануар, құс тіршілігі үшін аса қажетті зат. Организмдегі дәрумендер қорының азаюы және зат алмасуы кезіндегі шығындар азықпен бірге енбесе, зат алмасу процесі нашарлап, биохимиялық реакциялардың жүруі төмендейді.

А дәрумені жетіспегендегі белгілеріне тоқталатын болсақ, тұқымдылық қасиеттері жоғалады, өсу қарқыны төмендейді, эпителиалды торшалар зақымдалып, көздерінде кератоконьюктивит пайда болады, жұмыртқа ішіне байланған балапан дұрыс дамымайды (алофтальлия), шәуеттің сапасы төмендейді, жыныс қатынасуға ынта болмайды, овуляция өте баяу өтеді.

Төмендегі 34-кестеге назар аударсақ, А дәрумені қара африкалық түйеқұс жұмыртқасының сарыуызында ғана анықталып, үшінші тәжірибе тобында, мөлшері 0,38±0,02, екінші тәжірибе тобында 0.25±0.07 болса, бақылау тобындағы дәрумен мөлшері 0,16±0,01 болып, 0,13 және 0,22 %-ға төмен екендігі көрсетілген (P≤0.05, P≤0.01).

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Shanawany M.M., Dingle J.H. Food and Agriculture Organization of the United Nations Food & Agriculture Org., 1999. - P 15-17.

2. Туревич В. Особенности выращивания страусов: дисс. … канд. с.-х. наук: 06.02.04 / Всероссийский нвучно-исследовательский и технологический институт птицеводства. - Сергиев Посад, 2003.- 14 с.

3. Hou L., Zhou Z., Zhang F., Wang Z. A Miocene ostrich fossil from Gansu Province, northwest China //Chinese Science Bulletin.- 2005.- Vol. 50 (16).- P. 1808-1810.

4. Tullio D.The ostrich has a lot of health problems. - Bari Univ: Istituto di Patologia Aviare, 1998.

5. Aganga A.A., Aganga A.O., Omphile U.J. Ostrich feeding and nutrition // Pakistan Journal of Nutrition. – 2003. - № 2(2). P. 60–67.

6. Bovera F.N. Moniello // Effect of diet on the metabolic profile of ostriches.- 2007. – № 36.- P. 354.

7. Шамеева У.Г., Джанабекова Г.К., Жумагельдиев А.А., Хусаинов Д.М., Алиханов К.Д. Влияние кормовой добавки на витаминно-минеральный состав мяса африканского страуса в условиях юго-востока казахстана // Ізденістер, Нәтижелер. – 2018.- № 2(78). - С.169-172.

8. Гагарин В.В. Предубойный осмотр и послеубойная ветеринарно-санитарная экспертиза туш и органов страусов // Ветеринарный консультант. – 2004. - № 19-20. - С. 26-30.

РЕЗЮМЕ

На страусиной ферме из 48 трехмесячных самок черных африканских страусов были сформированы четыре группы: первую контрольную группу кормили принятым рационом; птицы второй группы дополнительно получали кормовую добавку (КД) из расчета 5 г/кг, третьей – 10 г/кг, а четвертой – 15 г/кг рациона в течение девяти месяцев. В конце эксперимента провели убой 12 страусов (по три особи в каждой группе) и исследовали качественные показатели мяса (с трехкратным повтором) согласно стандартным методам. В период эксперимента поведение и клиническое состояние птицы были в пределах нормы. Было определено биохимические показатели, как химически и витаминный состав мяса страуса.

RESUME

On an ostrich farm out of 48 three-month-old females of black African ostriches, four groups were formed: the first control group was fed with an accepted ration; birds of the second group additionally received feed additive (KD) at the rate of 5 g / kg, the third - 10 g / kg, and the fourth - 15 g / kg of the diet for nine months. At the end of the experiment, 12 ostriches (three specimens in each group) were slaughtered and the qualitative indicators of meat (with three repetitions) were investigated according to standard methods. During the experiment, the behavior and clinical condition of the birds were within the normal range. It was determined biochemical parameters, both chemically and vitamin composition of ostrich meat.

UDC 693.2.052.2 (574.11)

Antipova N.V.[1], Master of Veterinary Science, researcher
Murzashev T.K.[2], Candidate of Biological Sciences, associated professor
Tuleuov A.M.[2], Master of Veterinary Science, Ph.D student
[1] LLP West Kazakhstan branch of «Kazakh Scientific Research Institute of Fisheries», Uralsk, Republic of Kazakhstan
[2]NPJSC «Zhangir khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University», Uralsk, Republic of Kazakhstan

HYDROLOGICAL AND HYDROCHEMICAL CHARACTERISTICS OF THE URAL RIVER IN THE WESTERN KAZAKHSTAN REGION

Abstract

This article presents the results of a study of the current state of the ecological, hydrological and hydrochemical characteristics of the Ural River, which directly affect the efficiency of natural reproduction of the marketable fish species. The authors present the results of a study of the main hydrological indicators of the reservoir, such as the width, depth and speed of the river during the spring flood and summer low water. The features of the spring flood in 2018 are described in detail with an analysis of the spring rise, peak and decay of flood waters. It is noted that the volume of the annual flow of the Ural River for 2018 is significantly lower than the same indicator for 2017 and amounted to 5,06 km3. The article contains valuable data on the fluctuations in the annual water flow of the Ural River in the territory of West Kazakhstan Oblast over the past 17 years. A detailed hydrography of the Ural River basin within the West Kazakhstan region is given, with the hydrological characteristics of the river network consisting of 7 tributaries and 3 outflows. A hydrochemical analysis of research at five stations of the river on the content of biogenic compounds, the level of mineralization, pH and permanganate oxidation, as well as the gas regime of natural waters is presented.

***Keywords**: Ural River, hydrology, hydrography, hydrochemistry, spawning areas.*

Introduction. The Ural river originating from the foothills of Ural Ridge in the Uchalinsky region of Bashkortostan proceeds across the territory of two countries: The Russian Federation (The Orenburg, Chelyabinsk areas and the Republic of Bashkortostan) and Kazakhstan (The West Kazakhstan, Aktyubinsk and Atyrau areas), flows into the Caspian Sea. The river has the status of interstate, cross-border water object. Sources of the Ural river are located at the height of 637 m above sea level at a foot of the mountain of Nazhimtau and the ridge Uytash in the Uchalinsky region of Bashkortostan. These are five constant keys which merge in a uniform stream. The Urals is the third longest river in Europe, yielding only to the Volga and the Danube. The total length is 2428 km, within the Republic of Kazakhstan the length is 1084 km, the total area of the basin is 231 thousand km^2 [1].

The river is unique natural object – the only natural spawning area of many species of fish of the Caspian Basin. In lower reaches of the river, and also rising to an middle current in borders of the West Kazakhstan Region of Kazakhstan (WKR) checkpoints and species of fish semi-through passage as here it is located more than one thousand hectares of spawning areas of sturgeon, and about 5 thousand hectares of ordinary fishes come on spawning.

Materials and methods. Materials for researches gathered in 2018, on five stations of sampling on the Ural river in borders of the WKR. The grid from 5 stations was established taking into

account possibility of fuller coverage of the studied site of the river. The geographical coordinates of the sampling stations are shown in table 1.

Table 1 – Coordinates of sampling stations

Numbers and names of stations	Width	Longitude
Station No. 1 Burlin settlement	51° 27'22"N.L.	52° 40'38"E.L.
Station No. 2 Kabyl Tobe settlement	51° 18'43"N.L.	51° 52'33"E.L.
Station No. 3 Krugloozernoe settlement	51° 04'12"N.L.	52° 40'38"E.L.
Station No. 4 Chapayev settlement	50° 11'24"N.L.	51° 10'49"E.L.
Station No. 5 Taypak settlement	49° 02'51"N.L.	51° 53'41"E.L.

The sampling of water for the hydrochemical researches was made by means of a batometr. The chemical analysis of tests of water was carried out in the accredited laboratories of the West Kazakhstan branch of the RSE «Kazhydromet» and the SRI of biotechnology and environmental management of 2NPJSC «Zhangir khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University». Hydrological data on the water mode of the Ural river were obtained from the West Kazakhstan regional center of hydrometeorology.

The depth of the water in the channel was measured by the Garmin Echo 150 echosounder, the flow rate of the hydrometric turntable GMCM-1. The water temperature and the content of the dissolved oxygen were defined by the Termo-oximeter «Samara 2».

Results of researches. According to the nature of the channel, the valley and the water content, the Ural river is divided into three parts (currents): upper, middle and lower. In the beginning the river flows directly to the south to the city of Orsk. This site is considered the upper course. Then it sharply turns on the West. Having passed in the width direction about 850 km to the city of Uralsk (a middle current), turns at right angle again on the South and keeps this direction to a confluence with the Caspian Sea (the lower current, distance of 840 kilometers). The Ural is pronounced type of the river of snow food. In the period of a spring high water (April-May) comes from 60 to 90 % of an annual drain here. During the post-flood period the water level is stabilized, with insignificant inter-seasonal fluctuations.

In 2018, the spring rise of flood waters began in the 2nd decade of April. In the 3rd decade of April the rise of the flood reaches a peak. However, already in the first decade of May, the water level decline continues until June, after which the period of summer low water begins. The duration of the spring flood in 2018 was only 30 days, whereas in 2017 the rise of flood waters began in the first decade of April and only in the second half of June did the decline in water level begin. Thus, the level and duration of the spring flood in 2018 were significantly lower than those of 2017.

The middle speed of a watercourse in April fluctuated from 0,82 to 0,97 m/s. In the summer low water period, the flow velocity decreased from 0,4 to 0,45 m/s. The content of dissolved oxygen in the water was in the flood from 8,2 to 9,1 mg/l, in the low-water area from 8,2 to 8,8 mg/l [2].

The distinctive feature of the water mode of the Ural river is instability of volumes of middle annual drains. So, at an middle annual drain, at the Kushumsky hydropost, 10,6 km^3 in a year, this indicator made 14,0 km^3 in 2002 and only 4,45 km^3 in 2015 (figure 1). After 2007, optimum on water content, the annual decrease in volume of the annual drain reaching critically low point in 2015 is observed.




Figure 1 – Fluctuations of an annual water drain of the Ural river in the West Kazakhstan Region in 2001-2018, in km^3

The volume of the annual flow of the Ural River was 5.06 km^3, which makes it possible to characterize the year 2018 as low in the level and duration of the spring flood. It is obviously not enough this volume for creating favorable conditions on all hydrographic network of the Ural river for the natural reproduction of trade species of fish on inundated spawning areas. The full flood of these spawning areas during a flood and efficiency of spawning on them in many respects defines character of a natural reproduction of the commercial reserves of all Uralo-Caspian Basin.

The modern hydrographic network of the Ural river in the WKR is represented by a 761 km of long root channel. The width of the river is from 70 to 110 m in low water period and from 180 to 300 m during a flood. The middle depth is about 5 m in low water period, and to 15 m during a flood. The middle watercourse passes in the north of area and lasts from border of the Russian Federation at the village of Burlin and further on the West to Uralsk (figure 2). Here river to the course smoothly turns on the South and further flows on the flat plain of Caspian Depression. This is the lower watercourse.




Figure 2 – Hydrographic network of Ural river within the West Kazakhstan region

In the middle reaches of the Urals the rivers Utva, Embulatovka, Bykovka, Rubezhka, Chagan and Derkul fall into the river. In the lower current there is only one inflow – river of Barbastau, and three outflows – the rivers Kushum, Ashchisay, Solyanka. Two last on middle a current are connected by the proto which Karabas. The list of the small rivers of a hydrographic network is presented in table 2.

Table 2 – The small rivers of a river basin the Urals within the West Kazakhstan Region

№	Name of the small river	Characteristic
1	Utva	Left-bank inflow in the middle current
2	Embulatovka	Right-bank inflow in the middle current
3	Bykovka	Right-bank inflow in the middle current
4	Rubezhka	Right-bank inflow in the middle current
5	Chagan	Right-bank inflow in the middle current
6	Derkul	Right-bank inflow in the middle current
7	Barbastau	Left-bank inflow in the lower current
8	Kushum	Left-bank outflow in the lower current
9	Ashysay	Left-bank outflow in the lower current
10	Solyanka	Left-bank outflow in the lower current
11	Karabas	The river channel between the rivers Ashysay and Solyanka

The left inflow of the middle current – the river Utva begins in the Chingirlausky Area of West Kazakhstan Region. Flowing further northwest the river passes through Burlinsky area and in vicinities of village Burlin runs into the Ural River. The water content of the tributary is uneven and depends on the flood. The bed is poorly washed, with excessive overgrowing by underwater soft vegetation. With the Ural, the reservoir is connected only during the spring high water. Total length is about 200 km. The width is from 20 to 30 m. The averages depths are 1,7-2 m.

The left inflow of the lower current – Barbastau's river originates in the Terektinsky area at the settlement of Fedorovka. Flowing further on the southwest the river flows into the Ural below the Uralsk city at the village Socialism. The water content of inflow is not great as a result of control of the course and formation of a number of reservoirs. The course which is badly washed out with considerable overgrowing. Barbastau's river is connected to the Ural all the year round, however inflow of water is observed only during a spring flood. The total length is about 70 km. The width is from 22 to 30 m. The middles depths are 1,8-2 m.

The right inflow of the middle current – Embulatovka's river stretches from the Russian Federation border in the North (the district of the Rozhkovo village) and further flows to the South, falling into the Ural river lower the village of Yanvartsevo. The weak water content of inflow is caused by control of the course and formation of a number of reservoirs and ponds. The bed of the river insufficiently profound, with the surface rigid and underwater soft vegetation raised by overgrowing of a reservoir.

With the Ural, the Eambutovka is connected only in deep-water years. Its total length is about 80 km. The width is from 20 to 25 m. The averages depths are in limits of 1,1-1,5 m.

The right inflow of the middle current – Bykovka's river also goes north from border with the Russian Federation in the neighborhood of the Chesnokovo village and goes to the South, falling into Ural river above the village of Krasnoarmeyskoye. Owing to control of the course the water content of inflow is minimum. The bed of the river which is insufficiently washed out with intensive overgrowing of a reservoir. With the Ural River, this inflow is connected only at a sufficient level of spring flood. The total length is about 75 km. The width is from 18 to 20 m. The averages depths are 1,1-1,2 m.

The right inflow in the middle current – Rubezhka's river goes from Russian Federation border in the North (the village Razdolnoye) and further flows to the South, falling into Ural river lower the village of Rubezhka. The water content of inflow is low as a result of control of the course and formation of a number of reservoirs and ponds. The course which is badly washed out the coastal and shipped water vegetation is plentifully developed. This inflow connects with the Ural river only at the sufficient level of a spring flood. The total length is about 72 km. The width is from 15 to 20 m. The averages depths are 1,1-1,4 m.

The right inflow of the middle current – the river Chagan goes north from the Russian Federation border in the neighborhood of the village Red Zhayyk (Ural) and further flows to the South, falling into the Ural river in the western part of the Uralsk city. The river Chagan is connected to the Ural all the year round, however inflow of water on Chagan is observed only during a spring flood. The total length is about 78 km. The width is from 50 to 100 m. The averages depths are 3-4 m.

The right inflow of the middle current – the Derkul river begins in the Tuskalinsky area near the village of Semiglavy Mar and then flows east, to the confluence with the Chagan river near the city of Uralsk. With Chagan, Derkul is connected all year round, but the flow of water along the river is observed only in spring flood. The total length is about 130 km. The width is from 30 to 50 m. The averages depths are 3-4 m.

Above-mentioned channels play a certain positive role in the formation of bioresources of Ural river. They feed the river with waters from the catchment area, enrich the river ecosystem with planktonic fodder organisms.

The right outflow of the lower current – the river Kushum begins below the city of Uralsk near the village of Krugloozernoe and further flows on the southwest. The largest irrigation and watering system of the WKR – Ural-Kushumskaya irrigation and watering system was established on the river. The total length of Kushum is about 250 km. The width is from 30 to 50 m. The averages depths are 2-3 m. Kushum ends in the lake floods of Zhangalinsky area.

The left outflow of the lower current – the river Ashysay begins near the village of Akzhaik and further flows on the southeast. This outflow connects to the Ural only in the years of a high spring flood. The river bed is poorly washed, heavily overgrown. The total length is about 60 km. The width is from 20 to 25 m. The averages depths are 1,2-1,7 m.

From the neighborhoods of the Kamystykol village, another left outflow of the lower watercourse of the Ural river, the Solyanka river, begins and proceeds further to the northeast. This outflow connects with the Ural river only in the years of a high spring flood. The course is badly washed out, with the surface rigid and underwater soft vegetation raised by overgrowing of a reservoir. The total length is about 70 km, The width is from 18 to 23 m. The averages depths are 1,1-1,5 m.

The river Karabas is the sleeve going from the river Ashysay to the river Solyanka in the neighborhood of the village of Karabas. The bed of the river which is insufficiently washed out with intensive overgrowing of a reservoir. The total length is about 55 km, The width is from 20 to 25 m. The averages depths are 1,4-1,7 m.

Thus the drain of Ural river, is generally formed in an upper course where the river network numbering 7 inflows and 3 outflows is strongly developed. Below the Uralsk city, before flowing into the sea, the Ural river has no tributaries, except for the low-water river Barbastau.

As a result of hydrochemical researches at five stations it was established that the waters of the Ural river throughout the West Kazakhstan region are fresh (hypogaline), slightly alkaline. The concentrations of dissolved oxygen were at a sufficient level for the life of fish and varied within the range of 8,2-8,8 mg/dm^3. Excess phosphate levels were noted for all the surveyed sections, which is most likely a consequence of pollution of the reservoir by domestic and agricultural wastewater (table 3).

Table 3 – Results of hydrochemical researches, summer post-flood period 2018

Station	rn (pH)	O_2 mg/dm^3	Biogenous connections, mg/dm^3				Oxidability perman-ganatny mg/dm^3	Mineralization of water, mg/dm^3
			NH_4	NO_2	NO_3	PO_4		
Art. 1	7,43	8,8	0,05	0,022	2,3	0,15	3,32	440,0
Art. 2	7,45	8,4	0,05	0,013	2,6	0,02	3,08	440,0
Art. 3	7,48	8,6	0,05	0,012	2,3	0,76	3,08	450,0
Art. 4	7,41	8,5	0,05	0,010	1,8	0,22	2,72	440,0
Art. 5	7,50	8,2	0,05	0,015	1,8	0,12	3,2	450,0
MPC	6,5-8,5	not less than 6,0	0,5	0,08	40,0	0,05	15,0	1500

The total mineralization of water did not rise above 450,0 mg/dm^3. Except for the concentration of ammonium ion, the maximum permissible concentrations were not exceeded for fishery reservoirs. According to the permanganate oxidation index characterizing the dissolved organic matter content, the waters of the Ural river in 2018 corresponded to the class "moderately polluted".

Thus, when studying the hydrological mode of Ural river the volume of an annual drain for 2018 made 5,06 km^3, which is significantly lower than the same indicator for 2017. Full flood of all hydrographic network of Ural river is necessary for creating favorable conditions for natural reproduction of trade species of fish on inundated spawning areas. By results of the conducted hydrochemical researches of Ural river it is possible to draw a conclusion that conditions for dwelling of hydrobionts on the main hydrochemical indicators in 2018 were accepted. The presence of deviations from the MPC standards for phosphate content has reduced the quality of water, but the other hydrochemical parameters correspond to the fishery norms and the habitat conditions of the hydrobionts are quite satisfactory.

REFERENCES

1. Chibilyov A. A. Ural: prirodnoe raznoobrazie i evro-aziatskaya granica. – Ekaterinburg : UrO RAN, 2011. – 160 s. *(in Russian).*

2. Biologicheskoe obosnovanie «Opredelenie ryboproduktivnosti rybohozyajstvennyh vodoemov i/ili ih uchastkov, razrabotka biologicheskih obosnovanij obshchih dopustimyh ulovov ryby i drugih vodnyh zhivotnyh, rezhimu i regulirovaniyu rybolovstva na rybohozyajstvennyh

vodoemah mezhdunarodnogo, respublikanskogo znachenij i vodoemah OOPT Uralo-Kaspijskogo bassejna, a takzhe ocenka sostoyaniya rybnyh resursov na rezervnyh vodoemah mestnogo znacheniya» razdel: reka Ural po Zapadno-Kazahstanskoj oblasti. – Ural'sk: ZKF KazNIIRH, 2017. – 59 s. *(in Russian).*

ТҮЙІН

Бұл мақалада Жайық өзенінде мекендейтін кәсіптік балықтардың табиғи көбеюіне тікелей ықпал ететін экологиялық, гидрологиялық және гидрохимиялық көрсеткіштердің қазіргі жағдайын зерттеудің нәтижелері көрсетілген. Мақала авторлары көктемгі тасқын және жаз мезгілдерінде өзеннің ені, тереңдігі және ағыстың жылдамдығы секілді негізгі гидрологиялық көрсеткіштерді қамтитын мәліметтерді келтірген. 2018 жылы көктемгі тасқын суының деңгейі, көтерілу шегі және қайтуы талданып, тереңірек сипатталған. Жайық өзеніндегі 2018 жылғы судың жылдық деңгейі 2017 жылға қарағанда айтарлықтай төмендеп, 5,06 км^3 деңгейін көрсетті. Мақалада Батыс Қазақстан облысының аумағындағы Жайық өзенінде соңғы 17 жылдағы су көлемінің ауытқуын жылдар бойынша зерттеу мәліметтерінің нәтижелері берілген. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы Жайық өзенінің алабына кіретін өзен тармақтарының гидрографиясын, 7 қосылатын тармағы мен 3 шығатын тармағының гидрологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын мәліметтерді қамтиды. Өзен бойында бекітілген бес зерттеу бекеттерінде биогендер құрамы, минерализация деңгейі, сутектік көрсеткіш және перманганатты тотығу, сонымен қатар табиғи суының газ режимі бойынша гидрохимиялық талдаудың сараптамасы келтірілген.

РЕЗЮМЕ

В данной статье представлены результаты изучения современного состояния экологических, гидрологических и гидрохимических характеристик реки Урал, непосредственно влияющих на эффективность естественного воспроизводства промысловых видов рыб. Авторы приводят результаты изучения основных гидрологических показателей водоёма, таких как ширина, глубина и скорость течения реки в период весеннего паводка и летней межени. Подробно описаны особенности весеннего паводка 2018 года с анализом весеннего подъема, пика и спада паводковых вод. Отмечается, что объём годового стока реки Урал за 2018 год значительно ниже аналогичного показателя за 2017 год и составил 5,06 км^3. Материалы статьи содержат ценные данные по колебаниям годового водного стока реки Урал на территории Западно-Казахстанской области за последние 17 лет. Приводится развернутая гидрография бассейна реки Урал в пределах Западно-Казахстанской области, с гидрологическими характеристиками речной сети, состоящей из 7 притоков и 3 оттоков. Представлен гидрохимический анализ исследований на пяти станциях реки по содержанию биогенных соединений, уровню минерализации, водородного показателя и перманганатной окисляемости, а также газового режима природных вод.

ӘОЖ 597.423:591.11

Габдуллина А.Т., оқытушы
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Қазақстан Республикасы

ОРЫС БЕКІРЕСІ МЕН ПІЛМАЙДЫҢ ҚАН ҚҰРАМЫНЫҢ МОРФОБИОХИМИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ҚОЛАЙСЫЗ ОРТАНЫҢ ӘСЕРІ

Аннотация

Мақалада орыс бекіресі мен пілмайдың қан құрамындағы көрсеткіштері әртүрлі қолайсыз жағдайларда салыстырмалы түрде зерттелген. Зерттеуге алынатын негізгі көрсеткіштерге негіздемелер, балықтардың қан құрамы, балық қанының физико – химиялық сипаттамасы және балықтардың қанын зерттеу туралы жалпылама түсініктер келтірілген.

Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін тәжірибе бассейндері мен бақылау бассейндері құрылды. Зерттеу Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық - техникалық

университеті, ихтиология және аквакультура зертханасында жүргізілді. Зерттеу жүргізбес бұрын қан сұйықтығының оптикалық қысымын өлшеу үшін ыңғайлы құрылғы таңдалынды. Зерттеу жұмыстары барысында «Cary 50» спектофотометрі қолданылды. Балықтардың морфо-биохимиялық қан көрсеткіштеріне зерттеулер жүргізілді. Балықтардың қан құрамын зерттеу арқылы жалпы физиологиялық тұрғыдан бағалау мақсатында гемоглобин концентрациясы және қан сарысуындағы жалпы ақуыз, глюкоза, холестерин концентрациясы және липид көрсеткіштері анықталды. Алынған нәтижелер тәжірибе топтары мен бақылау топтары арасында өзара салыстырылып, қорытындыланды.

Түйін сөздер: *эритроциттер, плазма, қан сарысуы, гемоглобин, ақуыз, глюкоза, холестерин, липид, стресс.*

Кіріспе. Қазіргі уақытта шет мемлекеттерде индустриалды аквакультура және балықтар үшін азық өндірісінің технологиясы жоғарғы қарқынмен дамуда делінген. Қазақстанда бұл ғылыми-техникалық бағыт әлі де дамуды қажет етеді, ғылыми ұйымдар және өндірістер құнды бекіре балықтарын өсіруде тәжірибе жинақтауда, азық өндіру технологиясын меңгерген ғылыми ұйымдардың болмауы салдарынан бұл сала әлі де болса даму үстінде. Заманауи аквакультураның қазіргі басты мәселелерінің бірі - бекіре балықтары қанының көрсеткіштерін зерттеу арқылы балықтардың физиологиялық жағдайына баға беру болып табылады.

Бекіре тұқымдас балықтардың эритроциттердің көлденең диаметрі, мысалы, 9,84 мкм-ден 14,0 мкм болған, ұзына бойы 10,16 мкм -16,75 мкм дейін ауытқиды [1].

Сүйекті балықтардың эритроцитінің ұзына бойғы диаметрі 5,2-11,0 мкм, көлденеңінен 9,90-18,3 мкм. Эритроциттердің диаметрін өлшеу арқылы балықтардың эритропоэзының қарқындылығын анықтауға болады, қанда түрлі инфекциялар мен токсикоздың болуы эритроциттердің бұзылуына әкеп соғады.

Балықтардың өмір сүру ұзақтығы эритроциттердегі ядроның санына байланысты. Мысалы, тилапия балығында эритроциттердің функциясы – жыл жарым жүрсе, адамдарда тек 110 күн ғана қызмет етеді екен.

Балық эритроциттердің саны әр түрлі болып келеді. Сондықтан, 1 мл қанда сүйекті балықтарда – сазанда - 1,71 млн, бақтахта - 1,1-1,4 млн, шортанда 0,9-1,89 млн (тұщы суда), ал шеміршекті балықтарда 0,16-1,67 млн болады. Балықтардағы әрбір түрлерінде эритроциттердің саны балық ауруларынан, токсикоз және басқа да себептерден, яғни жасы, жынысы, жыл маусымы, физиологиялық күйіне байланысты айтарлықтай өзгеріп отырады.

Соңғы жылдары балық қанының құрамын зерттеулер балықтардың жалпы физиологиялық жағдайын зерттеуде және баға беруде қолданылып келеді. Жасанды орта жағдайында өсірілетін бекіретұқымдастары қанының морфологиялық көрсеткіштеріне зерттеу жүргізу балықтардың физиологиялық жағдайын сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады [2].

Барлық бекіретұқымдас балықтарда қан жасушаларының морфологиясы бірдей болады.

Жасанды жағдайда балық өсіріп, көбейтуді қарқындату үшін балықтардың физиологиялық жағдайымен функционалды мүмкіндіктері туралы мәліметтер болуы керек. Сол мәліметтер негізінде балықтарды өсіру технологиясын жақсартып, балық шаруашылығында қолданылатын көптеген шараларды тиімді жүргізуге, зерттеу жұмыстарына алдын ала болжам жасауға мүмкіндік береді.

Аквакультурада балықтардың физиологиялық жағдайын зерттеуде кең таралған және қол жетімді әдістің бірі гематогиялық талдау жүргізу. Гематологиялық зерттеу жүргізу ветеринария және медицина салаларында ағзаның денсаулығы мен жалпы жағдайын бағалауда кеңінен қолданылады. Гематологиялық көрсеткіштер балықтарда да физиологиялық жағдайын тұрақты анықтауға мүмкіндік береді. Балықтардың тіршілік ортасындағы, физиологиялық жағдайындағы және азықтануындағы өзгерістер қан көрсеткіштерінің ауытқуымен суреттеледі.

Қазіргі заманғы бекіре балықтарын қарқынды өсіріп, көбейтуде балық шаруашылығы үрдістерін интенсификациялау яғни, жасанды құрама жемдерді қолдану, балықтарды тығыз отырғызып өсіру барысында тек балық шаруашылығының дәстүрлі әдістерінен басқа,

өсірілетін нысандардың жағдайын бағалайтын заманауи физиологиялық әдістер де қолданылады делінген.

Балықтардың қаны ашық қызыл түсті, сұйық, ұстап қарағанда май сияқты, дәмі тұздылау, балық майының спецификалық иісі болады. Қоршаған ортаның температурасы артқанда балықтардың белсенділігі және қан ағысының жылдамдығы 5-12 есе артады. Жүрекқағысының жиіленуі қан құрамында адреналин деңгейінің артуымен орын алады. Қан ағысының жылдамдығы эпинефрин гормонымен реттелетін қан тамырларының тарылу дәрежесімен байланысты.

Осмостық қысымы қанның маңызды бөлшегі, ол қан мен дене жасушаларының өзара байланысына, ағзаның су алмасуына әсер етеді [3].

Балықтардың қан жүйесі нервті (кезбе нервтердің) және гуморальды жүйесімен (гормондар, Са иондары, К) реттеледі.

Балықтардың лимфа жүйесінде бездер болмайды. Кейбір балықтарда лимфатикалық жүрегі бар.

Балықтардың жүрегі желбезекке жақын орналасқан, әрі жүрекмаңы қуыста болады, ал миногаларда - шеміршекті капсулада. Балықтардың жүрегі екі камералы - жұқа қабырғалы құлақша (жүрекше) және қалың етті қабырғалы қарынша. Бұған қоса балықтарда екі қосымша бөлімдері болады: веноздық синус, немесе веноз қолтығы және артериальді конус (шеміршекті балықтарда) немесе құрсақ қолқасының пиязшығы (нағыз сүйекті балықтарда).

Веноздық синус, вена қаны жиналатын, жұқа қабырғалы шағын қапшық. Веноздық синустан қан құлақшаға, онан қарыншаға барады. Жүректің барлық бөлімдерінің тесіктерінде клапан болады, олар қанның кері ағуына мүмкіндік бермейді.

Барлық балықтарда, нағыз сүйектілерден басқа, қарыншаға артериальді конус жалғасқан. Оның қабырғасы да жүрек етінен құралған, ал ішкі бетінде клапандар жүйесі болады. Бұл орган жүрекке тәуелсіз қызмет істей алады.

Нағыз сүйекті балықтарда артериальді конустың орнында қолқа пиязшығы болады - шағын ақ түсті зат, құрсақ қолқасының алдыңғы кеңейген бөлігі. Құрсақ қолқасының пиязшығының артериальді конустан айырмашылығы - бірыңғай салалы еттен тұрады және клапандары болмайды.

Балықтың жүрегі өте кіші. Оның салмағы әрбір түрде бірдей емес -дене салмағының 0,1 - ден (тұқы) 2,5% дейін (үлкен балық).

Балықтар қанының құрамын зерттеу балықтардың физиологиялық жағдайын анықтауға мүмкіндік береді. Балықтардың физиологиялық жағдайының өзгеруі олардың өсіп – дамуына, жыныс жетілуіне, өнімділігіне әсер етеді. Сол себепті өндірістік балық шаруашылығының қарқынды дамуында қанның құрамын зерттеу маңызды орын алады.

Бекіретұқымдас балықтарында да басқа балық түрлері сияқты қанының морфобиохимиялық көрсеткіштеріндегі өзгерістер балықтардың тіршілігіне қолайсыз жағдай туындатады [4].

Зерттеудің материалдары мен әдістері. Зерттеу үшін бекіретұқымдастары ішінен пілмай мен орыс бекіресі алынады. Стресстік факторлар ретінде оттегі жетіспеушілігі мен тығыз отырғызу жағдайлары қарастырылады. Бақылау және тәжірибелік топтарда яғни, екі түрге үш – үш топтан алты бассейн қолданылады. Бассейндердің көлемі, түсі, піщіні бірдей, шыныпластиктен жасалып жабдықталған, зерттеу ауа температурасы мен жарықтылығы бірдей бір бөлмеде жүргізіледі. Балықтардың барлығы 3-4 жастағылар және орташа салмағы бірдей балықтар алынады. Ихтиология және аквакультура зертханасындағы тұйық жүйелі сумен қамтамасыз ету қондырғыларының көлемі 10,5 $м^3$.

1 бассейн тәжірибелік бассейн, бұндағы отырғызылу тығыздығы нормаға сәйкес яғни, 40 $м^3$ отырғызылады, оттегі көрсеткішін 5 мг/л – ге төмендетіледі.

2 бассейн де тәжірибелік бассейн. Оттегі көрсеткіші оптималды 8 мг/л, тығыздығы 50 $м^3$ балық отырғызылады. Ал үшінші бассейн бақылау бассейні. Ондағы оттегі көрсеткіші нормаға сәйкес 8 мг/л, ал отырғызу тығыздығы 40 $м^3$ тең.

Қан сынамасын алу 1 балықтан 60 с. ішінде жүргізіледі. Зерттеу үшін балықтардан қан әртүрлі әдістер арқылы алынады: балықтың жүрегінен, желбезек немесе құйрық артериясынан

медициналық шприц немесе пастер пипеткасының көмегімен. Қан алатын шприц немесе пипетка алдын ала гепари ерітіндісімен шайылып алынады. Қан алатын жерді кілегейден мақтамен тазартып, 70 градустық спиртпен сүртеді.

Қан оттегімен жақсы қамтамасыз етілген ортада алынады, тамақтандырмаған балықтан аулап алғаннан кейін 5 – 10 мин ішінде алады. Егер бұл мүмкін болмай жатырса ауланған балықты бассейндерден шелектерге суды алып аэрациялап 1:10 қатынасымен орналастырады. Шелектердегі су құрамында анастетикалық препараттар, яғни пропаксат 0-0,8 мг/л, хинальдин 25-30 мг/л т.б. болады [5].

Қан алынған орынды қатты қысып басуға болмайды. Бір жерден бірнеше қайтара қан алуға болмайды. Талдауға алынатын қан сұйық әрі тұрып қалған болмауы керек.

Шабақтардан қан инсулин шприцтың көмегімен құйрық артериясынан алады.

Қан құрамының көрсеткіштері барлығы колориметрлік әдіспен анықталады. Фотометриялық 540 нм толқын ұзындығында өлшенеді.

Жалпы белок концентрациясы мына формула арқылы есептеледі:

$$C= E_т/E_к*60 \text{ г/л}, \quad (1)$$

Мұндағы С – тәжірибе сынасындағы саруыздағы жалпы ақуыз концентрациясы, г/л; $E_т$ – тәжірибе сынамасындағы оптикалық қысым, $E_к$ – калибровка сынамасындағы оптикалық қысым; 60 – калибровкалы ерітіндідегі жалпы ақуыз концентрациясы, г/л. Сарысудағы жалпы ақуыз концентрациясын г/л өлшемімен есептейді.

Бекіретұқымдас балықтардың қан сарысуындағы ақуыз мөлшері 25 – 60 г/л аралығында болады.

Глюкоза концентрациясы мына формула арқылы есептеледі:

$$C= E_т/E_к*10 \text{ ммоль/л}, \quad (2)$$

Мұндағы, С – тәжірибе сынамасындағы глюкоза концентрациясы, г/л; $E_т$ – зерттеліп отырған сынаманың оптикалық қысымы; $E_к$ – калибровкалы сынаманың оптикалық қысымы; 10 ммоль/л – калибратордағы глюкоза концентрациясы.

Холестерин концентрациясын мына формула арқылы есептейді:

$$C= E_т/E_к*5,17 \text{ ммоль/л}, \quad (3)$$

Мұндағы, С – тәжірибе сынамасындағы жалпы холестерин концентрациясы, ммоль/л; $E_т$ – зерттеліп отырған сынаманың оптикалық қысымы; $E_к$ – калибровкалы сынаманың оптикалық қысымы; 5,17 ммоль/л – калибратордағы жалпы холестерин концентрациясы.

Қан сарысуындағы жалпы липид көрсеткішін келесі формула арқылы есептейді:

$$C= A_1/A_2*8 \text{ (г/л)}, \quad (4)$$

Мұндағы, С – тәжірибе сынамасындағы жалпы липид концентрациясы, г/л; A_1 – зерттеліп отырған сынаманың оптикалық қысымының бірлігі; A_2 – калибраторлық сынаманың оптикалық қысымының бірлігі; 8 г/л – калибровкадағы жалпы липид концентрациясы.

Гемоглобин концентрациясын есептеу мына формула көмегімен есептеледі:

$$C = E_т/E_к* 120 \text{ г/л}, \quad (5)$$

С – тәжірибе сынамасындағы гемоглобин концентрациясы, г/л; $E_т$ – тәжірибе сынамасының оптикалық тығыздығы; $E_к$ – калибровка сынамасының оптикалық тығыздығы; 120 г/л – колибровка ерітіндісіндегі гемоглобин концентрациясы, г/л. Гемоглобин концентрациясының өлшем бірлігі г/л – мен есептеледі [6].



1 сурет - Зерттеу әдістемесі бойынша дайындалған, жұмысқа дайын реагенттер

Зерттеу нәтижелері. Балықтардың морфо-биохимиялық қан көрсеткіштеріне зерттеулер жүргізілді. Балықтардың қан құрамын зерттеу арқылы жалпы физиологиялық тұрғыдан бағалау мақсатында гемоглобин концентрациясы және қан сарысуындағы жалпы ақуыз, глюкоза, холестерин концентрациясы және липид көрсеткіштері анықталған болатын [7].


Зерттеу жүргізбес бұрын жұмысқа қолайлы, ақаулары жоқ, дәл көрсеткіштер көрсететін өлшегіш құралдары салыстырылды. Сұйықтықтың оптикалық қысымын өлшеу үшін фотоэлектроколориметр мен «Cary 50» спектофотометрі қолданылды (1 кесте).

1 кесте - Зерттеу нысандарының морфо – биохимиялық көрсеткіштерін ФЭК және «Cary 50» құрылғыларында өлшеу

Морфолого-биохимиялық көрсеткіштер		Балық түрлері	
		Пілмай (*Acipenser nudenties lovetzky*)	Орыс бекіресі (*Acipenser queldenstaedtil*)
Гемоглобин концентрациясы г/л	Фотоэлектроколориметр	58,7	58,0
	«Cary 50»	45,35	42,8
Сарысудағы жалпы ақуыз концентрациясы г/л	Фотоэлектроколориметр	39,34	39,6
	«Cary 50»	37,23	39,5
Сарысудағы глюкоза концентрациясы ммоль/л	ФотоэлектроКолориметр	2,29	2,34
	«Cary 50»	2,29	2,30

Кестеде көрсетілгендей морфо – биохимиялық зерттеулер жүргізгенде алғашында ИжАЗ –да қолданылатын оптикалық қысымды анықтайтын ФЭК және «Cary 50» инструменті қолданылды. Одан әрі зерттеулер жүргізу үшін қолайлы құрылғы таңдау мақсатында зерттеу өткізіліп, нәтижесінде екі құрылғы көрсететін нәтижелері ұқсас, 0,02 – 0 аралығындағы айырмашылықтар болды. Дегенмен ИжАЗ – ның қызметкерлерінің ұсынысымен «Cary 50» спектофотометрімен жұмыс жасау таңдалды. ФЭК жұмыстанғанда оны қыздыру үшін 20-30 мин бұрын қосу керек. Өлшемдерді алу кезінде де ұзақ уақытты алады. Ескі құрылғы болғандықтан кейбір сынамалар дәл шықпайы мүмкін.

«Cary 50» құралы заманауи құралдармен жабдықталған, сол мезетте өлшенген сынамалардың көрсеткіштерін баспа бетіне басып шығарады. Сонымен қатар ол бақылау сынамасын салуды қажет етпейді, бұл өз кезегінде бізге жұмысшы ерітіндіні үнемді пайдалануға мүмкіндік береді. Уақытымызды да реагенттерімізді де үнемді пайдалана аламыз (2 сурет).



2 сурет - ФЭК құрылғысымен «CARY – 50» спектофотометрімен жұмыс жасау барысы


Балықтардан қан алмас бұрын гемоглобин, жалпы ақуыз, глюкоза, холестерин және липид концентрациясын анықтауға арналған арнайы жиынтықтар арқылы реагенттер алдын – ала дайындалып алынды. Әрбір жиынтықта реагенттерді дайындау әдістемесі бойынша жасалды. Әдістеме талабына сәйкес кейбір реагенттер бірнеше күн бұрын дайындалды.

Зерттеу нәтижелерін келесі кестеден көруге болады.

2 кесте - Зерттеу нысандарының морфо – биохимиялық көрсеткіштері

Морфолого-биохимиялық көрсеткіштер		Балық түрлері	
		Пілмай (*Acipenser nudenties lovetzky*)	Орыс бекіресі (*Acipenser queldenstaedtil*)
Тәжірибе бассейні Судағы оттегі концентрациясы төмен	Гемоглобин концг/л	50,2 ± 1,47	42,9±1,4
	Ақуыз конц г/л	28,3 ± 0,67	29,3±1,4
	Глюкоза концммоль/л	2,2±0,33	2,5 ±0,33
Тәжірибе бассейні Балықтар тығыз отырғызылған	Гемоглобин концг/л	39,7±1,33	40,1±0,8
	Ақуыз конц г/л	25,7±1,4	27,0±0,6
	Глюкоза концммоль/л	1,8±0,27	2,0±0,2
Бақылау бассейні	Гемоглобин концг/л	50,5±0,6	47,5±0,8
	Ақуыз конц г/л	30,3±0,93	32,5±0,67
	Глюкоза концммоль/л	1,8±0,4	2,1±0,27

Кестеде көрсетілгендей морфо – биохимиялық зерттеулер жүргізу ИжАЗ базасында жүргізілді (3 сурет).



3 сурет – Зертханадағы зерттеу жұмысы барысы

Ал қан құрамының нәтижелеріне келетін болсақ, пілмайдың тығыз отырғызылған бассейніндегі гемоглобин көрсеткіші басқа бассейндермен салыстырғанда 10 г/л төмен, бақылау және оттегі төмен бассейнде бұл көрсеткіштер бірдей, жалпы қалыпта сақталған.

Ақуыз концентрациясы оттегі төмен тәжірибе бассейнінде және тығыз отырғызылған тәжірибе бассейнінде бақылау бассейніне қарағанда сәл төмендеген.

Глюкоза концентрациясы (стресстік фактор кезінде жоғары концентрация көрсететін көрсеткіш) тек оттегі конценттрациясы төмен бассейнде жоғарылап тұр. Дегенмен 0,4 ммоль/л шамасына төмендеген. Әдістемеге сүйінсек бұл балықтардың жалпы жағдайын нашарлатпайды, дегенмен оттегі төмендегенде балықтардың физиологиясында өзгерістер болатынын көрсетіп отыр.

Орыс бекірелері отырғызылған бассейндерде гемоглобин концентрациясы бойынша айтарлықтай қатты өзгерістер байқалмады.

Ал жалпы ақуыз концентрациясы балықтар тығыз отырғызылған бассейнде болар болмас өзгерген.

Глюкоза концентрациясы болса жоғарыдағы жағдай сияқты оттегі төмен тәжірибе бассейнінде 0,5 ммоль/л көлемінде төмендеп отыр.

Сонымен қатар қан сарысуындағы холестерин концентрациясы мен липид көрсеткіштері де анықталған болатын [8] (3 кесте).

3 кесте - Зерттеу нысандарының қан құрамындағы холестерин және липид концентрациясы

Морфолого-биохимиялық көрсеткіштер		Балық түрлері	
		Пілмай (*Acipenser nudenties lovetzky*)	Орыс бекіресі (*Acipenser queldenstaedtil*)
Тәжірибе бассейні Судағы оттегі концентрациясы төмен	Холестерин конц. ммоль/л	1,8 ±0,27	1,8 ±0,33
	Липид конц. г/л	2,2 ±0,2	2,1 ±0,06
Тәжірибе бассейні Балықтар тығыз отырғызылған	Холестерин конц. ммоль/л	1,8 ±0,2	1,9 ±0,27
	Липид конц. г/л	2,3 ±0,47	2,0 ±0,53
Бақылау бассейні	Холестерин конц. ммоль/л	1,9 ±0,47	1,9 ± 0,13
	Липид конц. г/л	2,2 ±0,27	1,9 ±0,06

Кестеде байқап отырғанымыздай орыс бекіресі мен пілмайда холестерин концентрациясы 0,1 ммоль/л шамасында тәжірибе бассейндерінде сәл ғана төмендеген, айтарлықтай бақылау бассейндерімен тәжірибе бассейндерінде өзгерістер жоқ.

Липид концентрациясы 1,9 - 2,3 г/л аралығында ауытқиды. Бір ерекшелігі екі балық түрінде де холестерин және липид концентрациясы басқа концентрация көрсеткіштері сияқты емес бірдей деңгейде сақталған, яғни өзгерістер көп байқалмады. Бұны көрсеткіштің мөлшерінің аздығымен немесе балықтарға берілетін құрама жемдердің құрамы мен мөлшерінің бірдей екенімен түсіндіруге болады.

Дегенмен әдебиеттерде бұл көрсеткіштер организмге кері әсерін тигізбейді делінеді, яғни бұл көрсеткіштер қалыпта.

Қорытынды. Пілмайда тығыз отырғызылған бассейнде гемоглобин жоғарыласа, ал орыс бекіресі тығыз отырғызылған бассейнде жалпы ақуыз концентрациясы салыстырмалы түрде төмендеген. Глюкоза концентрациясының пілмайда да орыс бекіресінде де көтерілгені байқалды. Дегенмен оттегі төмен тәжірибе бассейнінде глюкоза концентрациясының жоғарылауы стресстің бар екенін көрсетті. Әдебиеттерге және негізгі әдістемеге сүйеніп балықтар тіршілігіне айтарлықтай зиян келетіндей қан көрсеткіштерінде (глюкоза концентрациясында да) өзгерістер байқалмады деуге болады. Екі балық түрінде де холестерин және липид концентрациясы басқа концентрация көрсеткіштері сияқты емес бірдей деңгейде сақталған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Карабельникова О.В. Физиолого-биохимические показатели осетровых рыб (*Acipenseridae Bonaparte, 1832*) при выращивании в индустриальных хозяйствах: автореф. … канд. биол. наук: 06.04.01. – Москва, 2009. – 18 с.

2. Бекина Е.Н. Физиолого – биохимические показатели сибирского осетра обской опуляции в условиях зимнего содержания //Тепловодная аквакультура и биологическая продуктивность водоемов аридного климата: матер. междунар.симпозиума. – 2007. – Астрахань: АГТУ, 2007. - С. 431 – 432.

3. Сергалиев Н.Х., Шукуров М.Ж., Туменов А.Н., Сариев Б.Т. Выращивание молоди русского осетра и шипа Урало-Каспийской популяции в бассейнах // Проблемы воспроизводства осетровых в среднем течении реки Урал, и пути их решения: матер. междунар. науч.-практ. конф. – Уральск: ЗКАТУ им. Жангир хана, 2009. – С. 177 – 182.

4. Ходоревская Р.П., Калмыков В. А., Жилкин А.А. Современное состояние запасов осетровых Каспийского бассейна и меры по их сохранению // Вестник АГТУ. Сер.: Рыбное хозяйство. – 2012. - № 1 – С. 99.

5. Иванов А.А. Физиология рыб // Москва: Мир, 2003. - 284 с.

6. Васильева Л.М. Биологические и технологические особенности товарной аквакультуры осетровых в условиях Нижнего Поволжья // Астрахань, 2010. – 190 с.

7. Report of the EIFAC ad hoc working party on handling of fishes in fisheries and aquaculture. Utrecht, Netherlands. EIFAC Occasional Paper. – 2004. - № 40. - 88 pp.

8. Yabanlı M. Entegre balik–denizy osunuyeti ştiriciliğine bir bakiş // Journal of Fisheries Sciences. – 2009. - № 3(2). – P. 100-107.

РЕЗЮМЕ

В статье представлены сравнительные показатели состава крови русского осетра и шипа в различных неблагоприятных условиях. Приводятся основные показатели взятые для исследования, состав крови рыб, физико-биохимическая характеристика крови рыб и обобщенные понятия об изучении крови рыб.

Для проведения научно-исследовательских работ были сформированы экспериментальные и контрольные бассейны. Исследования проводились в Западно-Казахстанском аграрно-техническом университете им. Жангир хана, в лаборатории ихтиологии и аквакультуры. До проведения исследований было выбрано удобное устройство для измерения оптического давления кровотока. В ходе исследований использовался спектрофотометр «Cary-50». Были проведены исследования морфобиохимического анализа крови рыб. Для оценивания общего физиологического состояния рыб исследовались концентрации гемоглобина, общего белка, глюкозы, холестерина и липидов в сыворотке крови. По полученным результатам сравнительного анализа между экспериментальными и контрольными группами сформулированы выводы.

RESUME

The article presents comparative indicators of the composition of the blood of Russian sturgeon and thorn in various adverse conditions. The main indicators taken for the study, the blood composition of fish, the physico-biochemical characteristics of the blood of fish and generalized concepts about the study of the blood of fish are given.

Experimental and control pools were formed for research. The studies were conducted in the West Kazakhstan Agrarian Technical University named after Zhangir Khan, in the laboratory of ichthyology and aquaculture. Prior to the studies, a convenient device for measuring the optical pressure of blood flow was chosen. In the course of the research, a Cary-50 spectrophotometer was used. Studies have been conducted morphobiochemical blood analysis of fish. To assess the general physiological state of the fish, the concentrations of hemoglobin, total protein, glucose, cholesterol and lipids in the blood serum were examined. According to the results of a comparative analysis between the experimental and control groups, conclusions were made.

ӘОЖ 597.423:591.11

Габдуллина А.Т., оқытушы
Бакиев С.С., магистрант
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Қазақстан Республикасы

ТҰЙЫҚ ЖҮЙЕЛІ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫНДА ӨСІРІЛЕТІН ПІЛМАЙ МЕН ОРЫС БЕКІРЕСІНІҢ ЖҰМЫСШЫ ТОПТАРЫНЫҢ МОРФОМЕТРИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Аннотация

Мақалада тұйық жүйелі сумен қамтамасыз ету қондырғыларында өсірілетін бекіретұқымдастарының морфометриялық және балық шаруашылық биологиялық көрсеткіштері келтірілген. Реттелген жүйеде балықтардың қарқынды өсуі мен дамуы үшін қолданылатын технологияларды пайдалану тұйық жүйелі сумен қамтамасыз ету қондырғыларында бекіретұқымдастарын өсіруде өндіріс үрдісін толық қамтамасыз етеді. тұйық жүйелі сумен қамтамасыз ету қондырғыларында жүйесіне су бассейндері, судағы қалдықтарын жинайтын сыйымдылық, аэрация жүйесі, оттегі концентраторы, механикалық және биологиялық тазалау сүзгілері, гидросорғы жатады.

Балықтардың маңызды биологиялық, морфометриялық көрсеткіштері ретінде зерттеуге бекіретұқымдас балықтардың жұмысшы топтарының дене өлшемдері мен салмағы есептелді. Зерттеуде балық түрлерінің жасы, саны, дене салмағы, жалпы дене ұзындығы, құйрық қанатының орта сәулесінің соңына дейінгі ұзындығы, құйрық қанатының қалалақша ұзындығы, дене биіктігі, арқа қанаты алдындағы дене орамы, анальді-генитальды түтік тұсындағы дене орамы, көздері арасындағы маңдайдың ара-қашықтығы және басының ұзындығы көрсетілді. Мәліметтер статистикалық өңдеуден өтті: орташа көрсеткіш және орташа сызықтық ауытқу, орташа квадраттық ауытқу, вариация коэффициенті, қоңдылық коэффициенті анықталды. Зерттеу нысандары ретінде пілмай (*Acipenser nudiventris Lovetsky*), орыс бекіресі (*Acipenser gueldenstaedtii*) балықтары алынды. Зерттеу барысындағы тұйық жүйелі сумен қамтамасыз ету қондырғыларының судағы оттегі және су температурасының көрсеткіштері алынып бақыланды. Су температурасы мен оттегі концентрациясында айтарлықтай ауытқушылықтар болмады.

Түйін сөздер: *пілмай, орыс бекіресі, морфометриялық көрсеткіштер, балық шаруашылығы-биологиялық көрсеткіштер.*

Кіріспе. Балық шаруашылығы – халық шаруашылығының балық аулау, тасымалдау, қорғау және өсірумен, өңдеумен, су өсімдіктерін жинаумен шұғылданатын саласы. Балық шаруашылығы бағалы тағамдар, балық ұны, майы, теңіз өсімдіктерінен йод, маннит, агар, т.б. емдік заттар, мал азығы мен техникалық өнімдер өндіреді.

Әлемнің көптеген елдерінде дәстүрлі балық өндірісі (теңіздермен өзендерге адамзаттың антропогендік әсерінен) салдарынан аквакультураға біртіндеп жол беруде, яғни жасанды көбейту және балық өсіру. Тауарлық бекіре өсірудің дамуы бірнеше экологиялық және әлеуметтік – экономикалық сипаттағы мәселлерді, Каспий бассейніндегі бекіре тұқымдас балықтарының санының кему жағдайларын шешуге септігін тигізеді. Бұған: қарақшылық әрекеттің төмендеуі және жасанды бекіре тұқымдастарының өндірістік өнімдерін пайдалану, жергілікті бекіре тұқымдастардың эндемик түрлерін сақтап немесе қалпына келтіре отырып, аквакультура жағдайында аналық табынын қалыптастыру, біртіндеп санын көбейте отырып генофондын сақтап қалу, сондай-ақ Қазақстанда экологиялық таза бекіре тұқымдастарының тағамдық өндіру санын арттыру жатады.

Қазіргі таңда орын алып отырған жағдайға байланысты бекіретұқымдастарының табиғи популяциясының жоғалып кету қаупі жоғары. Каспий теңізіндегі бекіретұқымдас түрлері дарақтарының азаюының негізгі себебі: Каспий теңізінде мұнай және мұнай өнімдерін өндіру нәтижесінде болатын антропогендік факторлар, бақылаусыз шамадан тыс балық аулау және

заңсыз балық аулау. Заңсыз балық аулаушылардың негізгі көздейтін мақсаты бекіретұқымдас балықтардың етінің жоғары сапасы мен бағалы уылдырығы [1].

Каспий теңізіндегі бекіретұқымдас түрлері санының азаюы қазіргі таңдағы жалпы бекіре шаруашылығы мен аквакультура саласының басты мәселесі болып отыр. Тұйық жүйелі сумен қамтамасыз ету қондырғыларында (ТЖСҚЕҚ) бекіретұқымдастарын жасанды өсіру жұмыстары өсірілген жас шабақтарының табиғи суқоймасына жіберу есебінде табиғи ортадағы бекіретұқымдастары қорының толығуына бағытталған.

Реттелген жүйеде балықтардың қарқынды өсуі мен дамуы үшін қолданылатын технологияларды пайдалану ТЖСҚЕҚ бекіретұқымдастарын өсіруде өндіріс үрдісін толық қамтамасыз етеді. ТЖСҚЕҚ жүйесіне су бассейндері, судағы қалдықтарын жинайтын сыйымдылық, аэрация жүйесі, оттегі концентраторы, механикалық және биологиялық тазалау сүзгілері, гидросорғы жатады.

ТЖСҚЕҚ – да бекіретұқымдастарын өсіру құрамына микро- және макро- элементтер, сонымен қатар витамин кешендері кіретін жасанды құрама жеммен азықтандыру арқылы балықтардың жылдам салмақ жинауын қамтамасыз етеді.

Балықтардың жастық және түрлік ерекшеліктеріне қарай құрама жемнің барлық кешендері толық сіңірілетіндей құрама азықтың қажетті құрамы таңдалады. ТЖСҚЕҚ - да температура мен оттегі режимін үнемі қадағалау нәтижесінде жүйеде балықтардың тіршілігіне қолайлы жағдай туындайды [2, 3].

Жұмысшы – аналық топтарды (ЖАТ) құру бекіретұқымдастарының табиғи өсіп-көбеюіне және болашақтағы жас шабақтарды алуға мүмкіндік жасайды. ЖАТ құру нәтижесінде өнімділікке қажетті биологиялық көрсеткіштері бойынша таңдау жасалады.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық университетінің Ғылым басқармасының Ихтиология және аквакультура зертхана (ИжАЗ) базасында тұйық жүйелі сумен қамтамасыз ету қондырғыларында өсірілетін бекіретұқымдастарының морфометриялық және балық шаруашылық – биологиялық көрсеткіштерін зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Зерттеудің материалдары мен әдістері. Балықтардың морфометриялық көрсеткіштері анықталды. Морфометриялық көрсеткіштер зерттеу басталмас бұрын және зерттеу аяқталғаннан соң өлшенді. Балық дене тұрқының келесідей көрсеткіштері анықталды:

Бағалау Правдин өлшеу ережелеріне яғни әдістемесіне сәйкес жүргізілді. Бекіре балықтарын бағалау кезінде келесі морфометриялық көрсеткіштер өлшенді: салмағы(кг), жалпы дене ұзындығы (см), құйрық қанатының орта сәулесінің соңына дейінгі ұзындығы (см), құйрық қанатының қалалақша ұзындығы (см), дене биіктігі (см), дене орамы (см), арқа қанаты алдындағы дене орамы (см), анальді-генитальды түтік тұсындағы дене орамы (см), көздері арасындағы маңдайдың ара-қашықтығы (см) және басының ұзындығы (см). Барлық деректер статистикалық өңдеуден өтті және анықталды: орташа көрсеткіш және орташа сызықтық ауытқу, орташа квадраттық ауытқу, вариация коэффициенті, қондылық коэффициенті анықталды [4,5].

Ғылыми-зерттеу жұмыстары "Жасанды өсіріп көбейтудің тиімділігін арттыру мақсатында генетикалық әдістемелерді қолдана отырып, бекіретұқымдас балықтардың жұмысшы-аналық үйірлерін қалыптастыру" атты жоба аясында жүргізілді.

Сыртқы белгілері бойынша нормадан ауытқулары. Бассейндегі балықтар әдетте, бейімделген жерлері біркелкі болғандықтан олардың түстерінің бояулары бірдей болып келеді. Олардың бояулары бірнеше тәулік бойына сақталады. Дені сау балықтың денесі түссіз шырышпен қапталған болып келеді. Қабыршақтары толық, жылтырақ, қатты ұстанымды болады. Ал, қабыршақсыз балықтардың терісі жылтырақ, тегіс, денесі түссіз шырышпен қапталған, көздері жарқыраған және орбитасынан түспеген жағдайда болады, желбезектерінің түсі ақшыл қызыл және түссіз шырышпен қапталған болады. Жүзу қанаттары толық және түгел болуы қажет. Денесі тығыз және созылмалы келеді [6].

Балықтардың қондылық коэффициенті Фультон бойынша, келесідей формула арқылы есептеледі.

$$K_{(Ф)} = m / l^3 * 100, \quad (1)$$

Мұндағы m – балықтың дене массасы, l^3 – қабыршағының соңына дейінгі дене ұзындығы.

Зерттеу нәтижелері. Бекіретұқымдастарының түрлері бірдей жағдайдағы қалыпты ортада өсіп жатыр. Зерттеу нысандарына пілмай (*Acipenser nudiventris Lovetsky*), орыс бекіресі (*Acipenser gueldenstaedtii*) балықтары алынды [7]. Бассейндердегі су температурасы 21 ^{0}C, оттегі көрсеткіші 8 мг/л нормасында болды. Зерттеуге алынған әрбір балықтың морфометриялық көрсеткіштерінің (дене салмағы, жалпы дене ұзындығы, құйрық қанатының орта сәулесінің соңына дейінгі ұзындығы, құйрық қанатының қалалақша ұзындығы, дене биіктігі, арқа қанаты алдындағы дене орамы, анальді-генитальды түтік тұсындағы дене орамы, көздері арасындағы маңдайдың ара-қашықтығы және басының ұзындығы) өлшемдері алынды.

Морфометриялық көрсеткіштерді зерттеу нәтижелері 1-кестеде көрсетілген (1 кесте).

1 кесте – Бекіретұқымдас балық түрлерінің жұмысшы топтарының морфометриялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Балық түрлері					
	Пілмай (7+) n=30			Орыс бекіресі (7+) n=30		
	$\bar{X} \pm m_{\bar{x}}$	σ	Cv, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{x}}$	σ	Cv, %
Салмағы, кг	5,75±0,85	1,11	19,3	5,17±1,3	1,68	32,4
Жалпы дене ұзындығы, см	96,06±4,33	5,35	5,57	101,9±7,36	9,18	9,01
Құйрық қанатының орта сәулесінің соңына дейінгі ұзындығы, см	87,73±4,36	5,32	6,06	89,1±6,84	8,67	9,73
Құйрық қанатының қалалақша ұзындығы, см	17,93±1,42	1,89	10,54	21,7±1,9	2,33	10,73
Дене биіктігі, см	13,7±1,01	1,18	8,61	13,36±1,1	1,42	10,63
Дене орамы, см	39,53±4,67	5,81	14,7	37,8±4,14	5,3	14,02
Арқа қанаты алдындағы дене орамы, см	23,3±3,24	3,83	16,4	21,03±2,5	3,01	14,31
Анальді-генитальды түтік тұсындағы дене орамы, см	13,8±1,21	1,53	11,1	13,76±1,26	1,45	10,54
Көздері арасындағы маңдайдың ара-қашықтығы, см	7,96±0,58	0,87	10,93	8,5±0,86	1,05	12,35
Басының ұзындығы, см	20,3±1,23	1,59	7,83	20,43±1,52	1,96	9,59
Қоңдылық коэффициенті	0,65			0,49		

Ескерту: $\bar{X} \pm m_{\bar{x}}$ - орташа көрсеткіш және орташа сызықтық ауытқу, σ - орташа квадраттық ауытқу, C_v - вариация коэффициенті


1 кестеде көрсетілгендей 7+ жастағы пілмай мен орыс бекіре балықтарының морфометриялық көрсеткішіне жүргізілген талдау нәтижелері бойынша пілмай дарақтары үшін салмағының орташа мәні 5,75 кг, ал орыс бекіресінің дарақтары үшін 5,17 кг - ды құрады.

Балықтардың ұзындығы орыс бекіресінде 101,9 см, ал пілмайда 96,06 см-ді құрады.

Қоңдылықтың ең жоғары коэффициенті 0,65 пілмай балықтарының жұмысшы топтарында байқалды, орыс бекірелерінің жұмысшы тобында қоңдылық коэффициенті 0,49 құрады (1,2 сурет).



1 сурет - Балықтардың дене орамын өлшеу барысы



2 сурет - Балықтардың дене ұзындығы өлшеу барысы

Зерттеу барысындағы судағы еріген оттегінің мөлшері және су температурасының көрсеткіштері бақыланды.

Су температурасы оңтайлы сақталып отырды, балықты күніне бірнеше рет қоректендірілді. Аурулардың алдын алу үшін емдеу үшін хлораминмен және өзге дәрілермен дезинфекциялау жүргізілді. Кәсіпорынға келіп түсетін судың температурасын және эксперимент жүргізу кезінде судағы еріген оттегінің мөлшерін зерттеу нәтижелері көрсетілді (2 кесте).

2 кесте - Бассейндердегі су темпераурасы мен судағы оттегі концентрациясы

Күндер	№1 бассейн (Пілмай)		№2 бассейн (Пілмай)		№3 бассейн (Орыс бекіресі)		№4 бассейн (Орыс бекіресі)	
	O_2	t	O_2	t	O_2	t	O_2	t
28/02	7,8	23,1	5,0	21,2	7,0	22,1	7,2	23,1
28/02	7,5	22,1	5,3	23,2	7,2	20,3	7,7	22,4
01/03	8,0	21,8	5,0	22,1	7,0	21,4	7,5	21,2
01/03	7,2	23,0	5,1	22,4	8,0	23,0	7,8	22,4

Тәжірибе жүргізілген кезде су температурасы мен судағы оттегі концентрациясы күніне екі реттен өлшеніп тексеріліп отырды. Ауытқушылықтар байқалмады [7,8].

Қорытынды. Пілмай мен орыс бекіресінің жұмысшы топтарына морфометриялық және балық шаруашылығы-биологиялық талдаулар жүргізу барысында жасанды орта жағдайында өсірілетін пілмайдың салмағы орыс бекіресінен 0,58 кг-ға артық болды. Ұзындығы бойынша орыс бекіресі пілмайдан 5,3 см-ге артық. Құйрық қанатының орта сәулесінің соңына дейінгі ұзындығы, құйрық қанатының қалалақша ұзындығы және көздері арасындағы маңдайдың ара-қашықтығы орыс бекіресінде басымырақ болса, дене орамы, арқа қанаты алдындағы дене орамы және қоңдылық коэффициенті пілмайда жоғары. Дене биіктігі мен анальді-генитальды түтік тұсындағы дене орамы екі түрде де бірдей шамасы байқалды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Исбеков К.Б. Браконьерство один из основных факторов снижения численности осетровых рыб Каспийского бассейна // Астраханский вестник экологического образования. – 2015. - № 1 (31). - С. 50-57.

2. Пономарев С.В. Технология выращивания и кормления объектов аквакультуры юга России. - Астрахань: Нова-Плюс, 2015. - 264 с.

3. Пономарев С.В. Рост осетровых рыб при использовании технологии интенсивного выращивания // Вестник Астраханского государственного технического университета. Серия: Рыбное хозяйство. – 2010. - № 1. - С. 77-85.

4. Правдин И.Ф. Руководство по изучению рыб (преимущественно пресноводных). – Москва: Пищевая промышленность, 1966. - С. 33-34.

5. Лакин Г.Ф. Биометрия: Учебное пособие для биол.спец.вузов - 4-е изд., перераб. и доп. - М.: Высш. шк., 1990. - 352 с.

6. Козлов В.И. Абрамович Л.С. Краткий словарь рыбовода. - М.: Россельхозиздат, 1982. - 160 с.

7. Ходоревская Р. П., Калмыков В. А., Жилкин А.А. Современное состояние запасов осетровых Каспийского бассейна и меры по их сохранению // Вестник АГТУ. Сер.: Рыбное хозяйство. - 2012. - № 1 – С. 99.

РЕЗЮМЕ

В статье представлены морфометрические и рыбоводно - биологические показатели осетровых, выращенных в установках с замкнутым циклом водоснабжения (УЗВ). Выращивание осетровых рыб в УЗВ охватывает полный процесс воспроизводства с использованием технологий для интенсивного роста и развития в регулируемых системах. УЗВ системы включают рыбоводный бассейн, отстойник, систему аэрации, кислородный концентратор, фильтры механической и биологической отчистки, гидронасос.

Для определения размера и массы тела рабочих групп осетровых рыб рассчитывали биологические, морфометрические показатели рыб. Исследование включало определение возраста, количества, массы, длины всей рыбы, длины до конца средних лучей, длины хвостового стебля, высоты тела, обхваты тела, обхвата тела перед спинным плавником, обхвата на уровне анально-генитального отверстия, ширины лба между глаз, длины головы. Определен коэффициент упитанности. В качестве объектов исследования послужило ремонтное стадо шипа (*Acipenser nudiventris Lovetsky*), и русского осетра (*Acipenser gueldenstaedtii*). Приведене анализ температурного и кислородного режимов воды в установках с замкнутым циклом водоснабжения. По результатам иследований существенных отклонений температуры воды и концентрации кислорода не наблюдалось.

RESUME

The article presents morphometric and fish-breeding biological indicators of sturgeon grown in installations with a closed water supply cycle. Cultivation of sturgeon in the recirculating aquaculture systems, covers the full reproduction process using technologies for intensive growth and development in regulated systems. recirculating aquaculture systems include a fish tank, a settling

tank, an aeration system, an oxygen concentrator, filters for mechanical and biological cleaning, and a hydraulic pump.

To determine the size and body weight of the working groups of sturgeon, biological, morphometric indicators of fish were calculated. The study included determining the age, number, mass, length of the whole fish, length to the end of the middle rays, length of the tail stem, body height, body grasp, body grip before the dorsal fin, girth at the level of the anal-genital opening, width of the forehead between the eyes, head length . Defined coefficient of fatness. The objects of the study were the repair herds of ship sturgeon (*Acipenser nudiventris Lovetsky*), and the russian sturgeon (*Acipenser gueldenstaedtii*). The analysis of temperature and oxygen regimes of water in installations with a closed water supply cycle is given. According to the results of research, significant deviations of water temperature and oxygen concentration were not observed.

ӘОЖ 626.833

Тулеуов А.М.[1], PhD докторанты
Ким А.И.[2], кешендік балықшаруашылығы зертханасының меңгерушісі
Днекешев А.К.[2], кіші ғылыми қызметкер
Булеков Н.У.[2], кіші ғылыми қызметкер
[1]«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Қазақстан Республикасы
[2] ЖШС «Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» Батыс Қазақстан филиалы. Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІНДЕГІ БАЛЫҚ ҚОРЫНА ӘУЕСҚОЙ БАЛЫҚ АУЛАУДЫҢ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аннотация

2018 жылы ЖШС «Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» Батыс Қазақстан филиалы Батыс Қазақстан облысы шекарасындағы Жайық өзеніндегі балық қорларына әуесқойлық балық аулаудың әсерін анықтау мақсатында зерттеулер жүргізді. Балықшылардың айтуынша балық аулауға орташа есеппен көбіне жаз мезгілінде 8 рет келетіні анықталды. Бұл жаз мезгілінде күн ысыған уақытта, өзен жағасына демалыс ұйымдастырған кезде балық аулайтындары белгілі. Балықшылардың жартысынан көбі жаз мезгілінде жанұясымен өзен жағасында демалады. Күзге қарай өзенге 5 рет шығатын болса, қысқа қарай 2 дейін келушілер қысқарады. Осылайша, өзенге балықшылар орташа есеппен 15 рет келеді.

Өзеннің әуесқой балық аулауға қолайлы телімінің бір шақырымына 11 балықшыдан келетіні анықталды. Батыс Қазақстан облысындағы Жайық өзеніндегі әуесқой балық аулаушылардың жалпы саны 3520 адамдға дейін жетеді. Өзенге балықшылар орташа есеппен 15 рет келеді. Әуесқой балықшы бір рет балық аулауға шыққанда орташа алғанда 1 кг балық аулайды. Әуесқой балық аулау - облыстың тұрғындары үшін қолжетімді демалыстың бір түрі. Алайда, әуесқой балық аулаушылармен ауланған балық статистикалық есепке алынбайды. өзеннен ауланатын есепке алынбайтын балық көлемі жыл сайын 52,8 тоннаны құрайды. Оған қоса бұл ауланған балық көлемі кәсіпшілік статистикада есепке алынбайды. Дегенмен, су биоресурстарын есепсіз аулау балық қорын қадағалаудың негізін бұзып, олардың санының кемуіне әкеледі. Әуесқой балық аулаушылармен ауланатын балықтың көлемін кәсіпшілік статистикаға қосып есептеу, балық шаруашылығын басқарудың тиімділігін жоғарлатады.

Түйін сөздер: *әуесқой, балық аулау, статистика, аулау, балық.*

Кіріспе. Спорттық-әуесқой балық аулау Жайық өзені жағасында орналасқан халықтың қол жетімді демалыстарының бірі болып табылады. 2018 жылдың мәліметтері бойынша Батыс Қзақстан облысының шекарасындағы Жайық өзенінде 3,5 мыңға жуық адам ұдайы әуесқой балық аулаумен айналысады. Балық аулау Қағидасына сәйкес (Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы Министрінің м.а. № 18-04/148 2015 жылғы 27 ақпанындағы бұйрығы) бір

балықшыға бес килограмға дейін жолдамасыз әуесқой (спорттық) балық аулауға рұқсат етілген және бұл үшін ешқандай рұқсаттама алудың қажеті жоқ. Демек, суайдынға әуесқой балық аулауға шыққан 3,52 мың балықшы жолдамасыз жылына орташа есеппен 15 кг балық аулайтын болса (іс жүзінде кейбір балықшылар бұдан 10 есе көп аулайды), өзеннен ауланатын есепке алынбайтын балық көлемі жыл сайын 52,8 тоннаны құрайды. Оған қоса бұл ауланған балық көлемі кәсіпшілік статистикада есепке алынбайды. Дегенмен, су биоресурстарын есепсіз аулау балық қорын қадағалаудың негізін бұзып, олардың санының кемуіне әкеледі [1].

2018 жылы ЖШС «Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» Батыс Қазақстан филиалы Батыс Қазақстан облысы шекарасындағы Жайық өзеніндегі балық қорларына әуесқойлық балық аулаудың әсерін анықтау мақсатында зерттеулер жүргізілді. Зерттеудің негізгі мақсаты балықшылардың санын есептеп, олардың аулаған балық көлемін анықтау. Әуесқой балық аулаушылармен ауланатын балықтың көлемін кәсіпшілік статистикаға қосып есептеу, балық шаруашылығын басқарудың тиімділігін арттырады.

Материалдар және әдістемелер. Аталған тақырып аясында зерттеулер нормативтік-әдістемелік құжаттарға сәйкес жүргізілді [2-7]. Жалпы өзен бойындағы әуесқой балық аулауға қолайлы телімдердің ұзындығын есептеу Garmin eho 150 спутниктік навигаторы арқылы және Google Earth Pro копьютерлік бағдарламасы арқылы жүзеге асты. Әуесқой балықаулау телімдерінде су ортасының сапасы Самара 2 термооксиметр көмегімен анықталды. Телімдердегі әуесқой балықаулаушылардың саны сол жерде есепке алынды.

Зерттеу нәтижелері. 2018 жылы жаз мезгілінде бекітілген 11 бекеттен әуесқой балық аулау бойынша мәліметтер жиналды. Сынамалар алу бекеттері Жайық өзенінің барлық телімдерін қамти орналасқан. Сынамалар алынған бекеттердің координаталары 1 кестеде берілген.

1 кесте – БҚО Жайық өзеніндегі сынамалар алынған бекеттердің координаталары

Бекеттердің номері мен атауы	Ендік	Бойлық
Бекет № 1 Бөрлі- Данелякөл	51°26’49’’ с.е.	52° 36’ 18’’ ш.б.
Бекет № 2 Январцево- Спартак	51°27’28’’ с.е.	52° 13’ 27’’ ш.б.
Бекет № 3 Қабылтөбе -Сауркин яр	51° 19’ 32’’ с.е.	51° 54’ 18’’ ш.б.
Бекет № 4 Володарка-Трекино	51° 15’ 52’’ с.е.	51° 40’ 17’’ ш.б.
Бекет № 5 Орал	51° 11’ 45’’ с.е.	51° 24’ 08’’ ш.б.
Бекет № 6 Ақжайық-Үлкен Шаған	50° 49’ 43’’ с.е.	51° 11’ 05’’ ш.б.
Бекет № 7 Шағатай-Бударино	50° 26’ 37’’ с.е.	51° 00’ 59’’ ш.б.
Бекет № 8 Чапаев - Қызылжар	50° 12’ 24’’ с.е.	51° 10’ 58’’ ш.б.
Бекет № 9 Ілбішін-Қарша	49° 86’ 52’’ с.е.	51° 26’ 45’’ ш.б.
Бекет № 10 Атамекен-Базатөбе	49° 21’ 47’’с.е.	51° 47’38’’ ш.б.
Бекет № 11 Тайпақ-Краснояр	49° 58’ 23’’с.е.	51° 52’12’’ ш.б.

Зерттеу барысында келесі тапсырмалар алға қойылды:

1) Балықшылар келетін өзен бойындағы телімдердің ұзындығын анықтап, оның жалпы өзен бойының ұзындығына қатынасын шығару.

2) Өзен телімінің бір шақырымында қанша әуесқой балықшы келетіндігін анықтау.

3) Жаз мезгілінде келетін әуесқой балықшылардың жалпы санын есептеу.

4) Суайдында әуесқой балықшылардың келу жиілігін анықтау.

5) Жаз мезгілінде ауланатын балықтардың түрлік және салмақтық құрамын анықтау, олардың биологиялық ерекшеліктерін зерттеу.

Зерттеу барысында балықшылар балық аулауға келетін телімдердің жалпы аумағы есептелді. Бұл белгілі балық аулауға ыңғайлы жерлер – жетуге ыңғайлы қайраң, жағасы тайпақ тайыз телімдер. Арнайы жайын аулаға шыққан балықшылар тік жарлардың астынан да аулап жатады. Әуесқой балық аулауға жарамды жерлер көбіне жетуге ыңғайлы және жолы жақсы

болып келеді. Жолы қолайсыз және аулауға ыңғайсыз жерлер, тыйым салынған аймақтар (балықтардың қыстау орындары), өзеннің ағысы баяуламайтын тіке телімдері әуесқой балық аулауға қолайсыз болып келеді.

Балық ауланатын телімдердің жалпы ұзындығы 320 км құрайды. Бұл Батыс Қазақстан облысының шекарасындағы жалпы өзеннің 42 %.

Өзеннің бір шақырымында қанша әуесқой балық аулаушы отыратындығы анықталды. Олардың саны сол жерде зерттеу барысында есептелді. Алдымен балық аулауға қолайлы жерлерге келетін балықшылар саны анықталып, кейін өзеннің жалпы ауданына есептелді. Әуесқой балық аулауға қолайлы телімдерде өзеннің бір шақырымына 11 балықшыдан келеді. Сәйкесінше БҚО Жайық өзеніндегі әуесқой балық аулаушылардың саны 3520 адамды құрайды. Бұл көрсеткішті өзеннің жалпы 761 км ұзындығына шаққанда 5 келеді.

Балықшылардың айтуынша балық аулауға орташа есеппен көбіне жаз мезгілінде 8 рет келетіні анықталды. Бұл жаз мезгілінде күн ысыған уақытта, өзен жағасына демалыс ұйымдастырған кезде балық аулайтындары белгілі. Балықшылардың жартысынан көбі жаз мезгілінде жанұясымен өзен жағасында демалады. Күзге қарай өзенге 5 рет шығатын болса, қысқа қарай 2 дейін келушілер қысқарады. Осылайша, өзенге балықшылар орташа есеппен 15 рет келеді.

Әуесқой балықшы бір рет балық аулауға шыққанда орташа алғанда 1 кг балық аулайды. Аулау барысыда тұрпан, сазан, көксерке, аққайраң, жайын, табан, балпақ, көкше, қылыш балық, берш, шортан, мөңке, алабұға, оңғақ балықтары түсіп тұрады. Соңғы төртеуі көлдерге тән балық түрлері. Олар көктемгі тасқын кезінде, жайылмалар мен көлдер сумен толысып өзенмен байланысқан кезде өзеннің негізгі арнасына өтеді. Төмендегі суреттерде әуесқой балық аулаушылармен ауланған кейбір балықтардың түрлері көрсетілген (1 сурет).



а) көксерке б) тұрпан в) шортан

1 сурет – Ауланған балық түрлері

Тұрпан. Аулау барысында көбіне көп кездесетін балық түрлерінің бірі. Қоректенуі жыртқыш балықтарға тән болғандықтан белсенді аулау құралдарына- жалтырауықпен жабдықталған спинингтерге жақсы түседі. БҚО Жайық өзенінің бойында кең таралған түр.

Жайын. Көбіне өзеннің төменгі ағыс бөліктерінде, теріс ағындармен қайраңдарда кездеседі. Қоректенуі жыртқыш балықтарға тән, тастама және су түбіне арналған қармақтармен ауланады.

Көксерке. Әуесқой балық аулаушылар арасында сұранысқа ие трофейлердің бірі болып табылады. БҚО Жайық өзенінің барлық бөлігінен кездестіруге болады, алайда, көбіне төменгі ағыс телімдерінде, құмды тайыз қайраңдарда өрістейді.

Аққайраңда БҚО Жайық өзенінде көп таралған түрлердің бірі, көксерке сияқты төменгі ағыс телімдерінде өрістегенді қалайды. Қоректенуі жыртқыш балықтарға тән, десекте макрозообентостың ірі түрлерімен – инелік пен поденок және т.б. дернәсілдерімен де қоректенеді. Қылыш балық. Аулауда көп кездесетін түрлердің бірі. Қоректену түрі әрқалай, белсенді аулау құралдарымен – жалтырауықпен жабдықталған спиннингпен қоса қармақтармен де аулана береді. БҚО Жайық өзенінің бойында кең таралған.

Балпақ. Бұл балық түрі де аулауда жиі кездесетін түрлердің бірі. Қоректенуі аралас азықтар, көбіне жәй қармақтармен аулана береді. БҚО Жайық өзенінің бойында кең таралған, алайда өзеннің төменгі ағыс бөліктерінде жиі кездеседі.

Төмендегі 2 кестеде 2018 жылы зерттеу барысында әуесқой балық аулаушылармен ауланған кейбір балық түрлерінің қысқаша биологиялық өлшемдік және салмақтық көрсеткіштері келтірілген.

2 кесте – БҚО Жайық өзенінде 2018 жылы зерттеу барысында әуесқой балық аулаушылармен ауланған әр түрлі балық түрлерінің биологиялық ерекшелітері

Жасы	Ұзындығы, см, (мин-макс)	Орташа ұзындығы, см	Салмағы, г (мин-макс)	Орташа салмағы, г
тұрпан				
4	35-40	37,5	530-560	545
5	38-43	40,5	610-680	645
6	42-45	43,5	720-1105	912,5
7	47-54	50,5	1150-1270	12010
жайын				
4	51-56	53,5	1210-1320	1265
5	57-64	60,5	1340-1510	1425
6	67-71	69,0	2030-2150	2090
7	72-75	73,5	2980-3240	3110
8	79-82	80,5	5020-5070	5045
көксерке				
4	39-42	40,5	740-770	755
5	42-46	44,0	810-890	850
6	47-53	50,0	1120-1310	1215
7	54-58	56,0	1510-1760	1635
аққайраң				
4	40-43	41,5	730-750	740
5	42-47	44,5	760-850	805
6	46-51	48,5	1120-1180	1150
7	52-55	53,5	1250-1470	1360
қылыш балық				
3	24-27	25,5	155-170	163
4	27-29	28,0	170-190	180
5	30-31	30,5	215-280	248
6	35-39	37,0	290-320	305
7	39-45	42,0	340-420	380
балпақ				
3	17-18	17,5	120-140	130
4	18-19	18,5	140-150	145
5	20-23	21,5	160-190	175
6	22-25	23,5	198-225	212
7	25-27	26,0	230-280	255

Қорытынды. 2018 жылы ЖШС «Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» Батыс Қазақстан филиалы Батыс Қазақстан облысы шекарасындағы Жайық өзеніндегі балық қорларына әуесқой балық аулаудың тигізетін әсерін анықтау мақсатында зерттеулердің бірінші кезеңі өтті. Өзеннің әуесқой балық аулауға қолайлы телімінің бір шақырымына 11 балықшыдан келетіні анықталды. БҚО Жайық өзеніндегі әуесқой балық аулаушылардың жалпы саны 3520 адамдға дейін жетеді. Өзенге балықшылар орташа есеппен 15 рет келеді. Әуесқой балықшы бір рет балық аулауға шыққанда орташа алғанда 1 кг балық аулайды. Әуесқой балық аулау - облыстың тұрғындары үшін қолжетімді демалыстың бір түрі. Алайда, әуесқой балық аулаушылармен ауланған балық статистикалық есепке алынбайды. өзеннен ауланатын есепке алынбайтын балық көлемі жыл сайын 52,8 тоннаны құрайды. Оған қоса бұл ауланған балық көлемі кәсіпшілік статистикада есепке алынбайды. Дегенмен, су биоресурстарын есепсіз аулау балық қорын қадағалаудың негізін бұзып, олардың санының кемуіне әкеледі. Әуесқой балық аулаушылармен ауланатын балықтың көлемін кәсіпшілік статистикаға қосып есептеу, балық шаруашылығын басқарудың тиімділігін жоғарлатады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Барабанов В.В., Ткач В.Н., Шипулин С.В. Опыт оценки неучтённого изъятия полупроходных и речных видов рыб в Астраханской области // Вестник Астраханского государственного технического университета. Серия: Рыбное хозяйство. - 2017. – №2. – С. 18-25.

2. Кодекс ведения ответственного рыболовства. Рим, ФАО. - 2011. - http://www.fao.org/docrep/013/i1900r/i1900r.pdf

3. Приказ МОСиВР РК. Правила подготовки биологического обоснования на пользование животным миром: утв. 04 апреля 2014 года. – № 104-Ө.

4. David J. Agnew, John Pearce, Ganapathiraju Pramod, Tom Peatman, Reg Watson, John R. Beddington, Tony J. Pitcher // Estimating the Worldwide Extent of Illegal Fishing. – PLoS ONE. 2009. - № 4(2). – P. 4570.

5. Шашуловский В.А., Мосияш С.С. Опыт оценки неучтенного промыслового вылова рыбы (на примере Волгоградского водохранилища) // Рыбное хозяйство. – 2003. – №4. – С.44-46.

6. Костюрин Н. Н., Барабанов В. В., Просвирин Д. Н., Асейнов Д. Д. Орудия лова любительского рыболовства в Волго-Каспийском рыбохозяйственном подрайоне // Современное состояние биоресурсов внутренних водоёмов: матер. II Всеросс.конф.с междунар. участием. – М.: Изд-во ПОЛИГРАФ ПЛЮС, 2014. - Т. 2. – С. 319-329.

7. Костюрин Н. Н., Барабанов В. В., Просвирин Д. Н., Асейнов Д. Д. Методические решения для оценки общей численности рыболовов-любителей, их уловов в Волго-Каспийском рыбохозяйственном подрайоне (Астраханская область) // Рыбохозяйственные водоёмы России. Фундаментальные и прикладные исследования: матер. междунар. науч. конф. – СПб: ГосНИИОРХ, 2014. – С. 435-445.

РЕЗЮМЕ

В 2018 году Западно-Казахстанским филиалом ТОО «Казахский НИИ рыбного хозяйства» проведен первый годовой этап исследования влияния любительского рыболовства на рыбные запасы р. Жайык (Урал) в границах Западно-Казахстанской области. Опросным методом установлена средняя частота выхода рыболовов-любителей на водоем. Наиболее часто выезжают на рыбалку летом – до 8 раз. Это связано с тем, что в жаркое время года рыбалка часто совмещена с отдыхом на природе. Так более 50 % рыбаков выезжают летом на водоем с семьями. Осенью частота выходов сокращается до 5, а зимой до 2 раз. Таким образом среднее количество выходов на водоем 15 раз за год.

Плотность рыболовов-любителей на 1 км участков реки пригодных для рыболовства составляет 11 человек на 1 км длины русла. Общая численность рыболовов любителей на р. Жайык (Урал) в Западно-Казахстанской области составляет 3520. Среднее количество выходов на водоем 15 раз за год. Среднее количество вылавливаемой за 1 выход рыбы 1 кг. Любительское рыболовство является наиболее распространенным и доступным досугом для

населения области. Однако уловы рыболовов-любителей не учитываются статистикой. Неучтенный вылов рыболовами-любителями из водоема составляет порядка 52,8 тонн ежегодно. Причем этот вылов не учитывается промысловой статистикой. Однако существенное неучтенное изъятие водных биоресурсов подрывает основы управления запасами рыб, приводит к снижению их численности. Поэтому необходимо включать уловы рыболовов-любителей в промысловую статистику, что позволит повысить эффективность управления рыбным хозяйством.

RESUME

In 2018, the West Kazakhstan branch of the Kazakh Research Institute of Fisheries LLP conducted the first annual stage of research on the impact of recreational fishing on the fish stocks of the r. Zhaiyk (Ural) within the boundaries of the West Kazakhstan region. The survey method established the average frequency of release of amateur anglers in the reservoir. Most often go fishing in the summer - up to 8 times. This is due to the fact that in the hot season fishing is often combined with outdoor recreation. So more than 50% of fishermen go out in the summer to the reservoir with their families. In the fall, the frequency of exits is reduced to 5, and in winter to 2 times. Thus, the average number of exits to the reservoir 15 times per year.

The density of amateur anglers on 1 km of river sites suitable for fishing is 11 people per 1 km of the channel. The total number of anglers lovers on the river. Zhaiyk (Ural) in the West Kazakhstan region is 3520. The average number of exits to the reservoir 15 times a year. The average amount of 1 kg of fish caught per 1 exit. Recreational fishing is the most common and affordable leisure for the population of the area. However, the catches of amateur anglers are not counted by statistics. Unaccounted catch by amateur anglers from the reservoir is about 52.8 tons annually. Moreover, this catch is not taken into account commercial statistics. However, a significant unrecorded removal of aquatic biological resources undermines the basics of fish stock management, leading to a decrease in their numbers. Therefore, it is necessary to include the catches of amateur anglers in the fishery statistics, which will improve the efficiency of fisheries management.

UDC 616.99:60

Nassipkaliyeva A.[1]**,** Postgraduate
Halilova Z.[1]**,** Postgraduate
Kakishev M.G.[1]**,** PhD
Radojicic B.[2], Doctor of Veterinary Science, Professor
[1]NPJSC «Zhangir khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University», Uralsk, Republic of Kazakhstan
[2]Belgrade University, Belgrade, Republic of Serbia

ISOLATION OF OPISTHORCHIS FELINEUS METACERCARIAE BY EXPERIMENTAL INFECTION OF THE GOLDEN HAMSTER MESOCRICETUS AURATUS IN THE LABORATORY

Abstract

Today, there are natural foci of many dangerous parasitic diseases on the territory of Kazakhstan, which requires the veterinary service to take effective measures to prevent, monitor, diagnose and treat, as well as to prevent the spread of these diseases to other regions of our country.

Currently, the proportion of fish and fish products in the human diet has increased, which increased the risk of people becoming infected with dangerous invasive diseases, among which opisthorchosis is of the greatest importance in human pathology. The difficult epizootic situation and the insufficient information content of the methods used to identify the causative agent of this disease led to the conduct of scientific research.

According to the statistics of the authorized body in the field of epidemiological surveillance of the Republic of Kazakhstan, up to 1,500 cases of opisthorchiasis are recorded annually in the republic. This circumstance is directly related to food security, because The source of the invasion is river fish, which is widely represented in the diet of the local population. The incidence rate of the population in opisthorchosis in the West Kazakhstan region is 3 times higher than the republican figure and is 21.7 per 100 thousand population. The source of opisthorchiasis invasion for humans, domestic and wild carnivores is the fish of the carp family (Cyprinidae), which are widely distributed in the region's water bodies and has an important epidemiological and epizootological significance.

At the present stage of laboratory diagnostics for the detection of fish opisthorchiasis, muscle samples with subcutaneous tissue are examined by a compression method, which in turn is subjective, and the parasite's identification fully depends on the experience and competence of the researcher, interpretation of the result is completely subject to the human factor.

In order to obtain the mature form of O.felineus, a bioassay on a golden hamster was carried out, since this laboratory animal is susceptible to various diseases, including opisthorchiasis.

Keywords*: Mesocricetus auratus, opisthorchosis, Opisthorchis felineus, Cyprinidae, diagnostics, experimental infection.*

Introduction. Opisthorchiasis is an invasive disease of dogs, cats, foxes, Arctic foxes, sables, martens and other carnivores, as well as pigs and humans, caused by the trematode Opisthorchis felineus, parasitic in the bile ducts of the liver, pancreas and gall bladder.

According to Bronstein A.trematodes of the liver belonging to the family Opisthorchiidae affected about 17 million people, and about 350 million people living in 13 countries of the world are at risk of infection.

Fish of the carp family are additional hosts and the main source of infection of humans and animals by opisthorchiasis. The final hosts of opisthorchis, in whose bodies mature forms of helminth develop, are domestic and wild carnivores, as well as humans [1, 2].

Thus, helminths develop with the participation of an intermediate host - freshwater mollusk (bitiny), an additional - freshwater fish of the carp family (ide, dace, redfin, bream, crucian carp, tench, minnow, roach, etc.) and definitive - domestic and wild carnivores (mostly dogs and cats) and humans [3].

